

ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ 2020



МАЗМҰНЫ



КІРІСПЕ

2

Бас директордың алғысөзі	3
Есеп туралы	4
Маңызды тақырыптар және стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу	6
Өндіріс және кен орнын игеру жобалары	10

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

30

Ұйым құрылымы және басқару тәсілдері	31
Бизнес-этикасы	36

КПО САН ЖҮЗІНДЕ


20

Біздің тұрақты даму қағидаттарымыз	21
КПО тұрақты даму көрсеткіштері	22

ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР

38

Денсаулық сақтау	39
Қауіпсіздік техникасы	46
Апаттық әрекет ету жүйесі	57
Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету	59
Қауіпсіздік	62
Қызметкерлер және кәсіби дайындық	64
Жергілікті халықпен қарым-қатынас	72



ЕСЕП ТУРАЛЫ

Бұл есеп – «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының тұрақты даму туралы он үшінші есебі. Қалыптасқан дәстүрге сай, бұл құжатта біз 2020 жыл бойынша нәтижелерімізді әлеуметтік, экологиялық және экономикалық сияқты тұрақты дамудың үш бағытын ашып көрсетеміз. Сонымен қатар, есеп мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылатын басқару тәсілдерімізді, әлеуметтік серіктестіктерімізді, экологиялық бастамаларымызды және жобаларымызды ұсынады.

КПО компаниясы тұрақты «бүгінгі қажеттіліктерді болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне еш қауіп төндірмей орындайтын» деп кең мойындалған тұрақты даму анықтамасына толықтай жауап беретін даму кодексінде айқындалған қағидаттарды сақтауға тырысады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

76

Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары.....	77
Санитарлық қорғау аймағы.....	80
Қоршаған орта мониторингі.....	82
Атмосфераға тасталатын шығарындылар.....	86
Энергия тиімділігі.....	91
Су қорларын тұтыну және су тарту.....	95
Қалдықтарды басқару.....	98
Биотүрлілікті сақтау.....	102

ҚОСЫМШАЛАР

110

GRI мазмұн көрсеткіштері.....	111
Тәуелсіз растау туралы есеп.....	120
Глоссарий.....	122
Кері байланыс.....	125

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

104

Жеткізілімдерді ұйымдастыру.....	105
Жергілікті қамтуды дамыту.....	106
Әлеуметтік инфрақұрылымға үлес.....	108



ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ



КІРІСПЕ

Бас директордың алғысөзі3

Есеп туралы.....4

Маңызды тақырыптар және
стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу6

Өндіріс және кен орнын игеру жобалары10

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ GRI 102-14



Құрметті оқырмандар,

2020 жылғы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстандық филиалының тұрақты даму туралы есебін назарларыңызға ұсыну мен үшін үлкен құрмет.

Мен КПО-ға жақында қосылғанымға қарамастан, Компанияның көптеген жылдар бойы жүргізіліп келе жатқан тұрақты даму саласындағы қызметі маған үлкен әсер тигізді. COVID-19 пандемиясына байланысты 2020 жыл барлығымыз үшін күтпеген тәжірибе болды, өйткені ол жалпы қоғамға, салаға және Компаниямызға үлкен өзгерістер тудырды. КПО компаниясы дағдарысты меңгеріп, оны ерте кезеңдерде жеңе алды, сонымен қатар тұрақты даму саласындағы жетістіктерді қоса алғанда, өндірістік көрсеткіштерін де жоғары деңгейде сақтай алғанын мақтанышпен айта алмын.

2020 жылғы жетістіктердің ішінде Компанияның көптеген салаларда, соның ішінде қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, жергілікті халықпен қызмет жасау және медициналық қолдау көрсету тұрақты түрде жетілдірілгеніне ерекше көңіл аударғым келеді. Сондай-ақ, жергілікті қызметкерлер мен тауарлардың, жұмыс және қызмет көрсету пайызын арттыру, әсіресе өндіріс пен жобаларды даму салаларында, атап айтсақ, Газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы, 4-ші газды кері айдау компрессоры жобасы және Қарашығанақты кеңейту жобасы-1 тәрізді жобаларын дамытуда оң динамиканы атап кеткен жөн. Технологиялық қауіпсіздік саласына, оның ішінде, өндірістік нысандарда көбінесе ГҚДҚ 3-те жабдықтары тұтастығының жаңғыр-

туына бірнеше маңызды жақсартулар енгізілді. Сонымен қатар, жеке және жол қауіпсіздігі деңгейі де айтарлықтай өсті.

Алау шығарындылары туралы айтатын болсақ, КПО әрдайым әлемдік деңгейде өндірістік көрсеткіштерін көрсетті, алайда ұлттық заңнамадағы соңғы өзгерістер мен қоғамның үміттерін ескере отырып, одан да әрі ілгерілік енгізілуге қажет болатыны күмәнсіз.

Біз үшін мұнай және газ саласында қол жеткізген көрсеткіштерге қанағаттана отырып, босаңсуға болмайды, сол себептен көшбасшылық, инновациялар және ынтымақтастық арқылы жер мен болашақ ұрпақ үшін тұрақты мұра қалдыруға тырысуымыз қажет.

Мен КПО-ның тұрақты даму практикасын жалғастыру мен кеңейтуді және тәжірибемізді барлық мүдделі тараптармен ашық және айқын түрде бөлісу мүмкіндігін асыға күтемін.

Сіздерді шын жүректен қошеметтеп, КПО-ның тұрақты даму туралы есебінің 13-шығарылымын назарларыңызға ұсынуға рұқсат етіңіз. Сіз бұл ақпаратты бүгінгі Қарашығанақ жобасын түсінуге өте мазмұнды әрі пайдалы табасыз деп үміттенемін.

Құрметпен,

Джанкарло Рую
КПО бас директоры

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Компанияның негізгі міндеттері

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (бұдан әрі – КПО) негізгі міндеті – Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнын табиғатқа қамқорлық және экономикалық тиімділік қағидаттары негізінде және жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы және өркендеуі үшін мүмкіндіктер жасай отырып игеру.

Бұл мақсатқа жету жолында КПО өз қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізуді жалғастырып келеді және келесі шарттарды орындауда өз үлесін қосады:

- Компанияның шарушылық қызметімен байланысты ықтимал теріс әсерді азайту және мүмкіндіктерді барынша арттыру;
- Қарашығанақ кен орнын игеру барысында қабылданатын өз шешімдерінің ұзақ мерзімді салдарларын ескеру;
- Мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;
- Өндірісті ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу және ашықтықты қамтамасыз ету.

Есепті қолдану аясы мен шегі

GRI 103-1, 102-1, 102-50, 102-51, 102-52

КПО тұрақты даму туралы есебінің шегі компанияның Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны мен Қарашығанақ-Орынбор (ҚОТЖ), Қарашығанақ-Атырау (ҚАТЖ) экспорттық құбыр жүйелері аумағындағы барлық қызметіне қатысты.

Осы есеп КПО компаниясының 2020 жылғы қызметін қамтиды. Құжатта біздің 2020 жылғы нәтижелеріміз де, 2021 жылға жасаған жоспарларымыз да берілген. Қызметіміздің тұрақтылығын көрсету мақсатында маңызды тақырыптар бойынша көрсеткіштеріміз алдыңғы бірнеше жылмен салыстыра жарияланған. Өзіміз айқындаған маңызды аспектілеріміз есептің мазмұнында да, бір аттас тарауда да берілген. Қалыптасқан тәртіпке сай біз қол жеткізген жетістіктерімізді де, тап болған қиындықтарымызды да сипаттаймыз. 2020 жыл бойынша есеп КПО директорлар комитетімен мақұлданды, және акционер компаниялардың тұрақты даму бойынша қосалқы комитет мүшелерімен келісілді.

Тұрақты даму бойынша 2019 жылғы, яғни былтырғы есеп 2020 жылдың қыркүйек айында жарияланды. Барлық есептердің мұрағаты КПО веб-парақшасындағы «Тұрақты даму» бөлімінен табуға болады. Сонымен қатар, біздің есеп GRI ұйымының сайтында www.globalreporting.org және корпоративтік жауапкершілік туралы есеп берудің әлемдегі ең үлкен электронды анықтамасы болып табылатын Corporate Register анықтамасының деректер қорында жарияланған (www.corporateregister.com).

КПО компаниясы – Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнының акционерлер атынан әрекет ететін оператор және 1998 жылы Нидерланд елінде тіркелген оператор. Бүгінгі таңда КПО халықаралық консорциум құрамына «Шелл» (29,25%), «Эни» (29,25%), «Шеврон» (18%), «ЛУКОЙЛ» (13,5%) және «ҚазМұнайГаз» (10%) ҰК компаниялары кіреді. КПО өз қызметін акционерлер мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім (бұдан әрі – ӨБТК) шарттарына сәйкес жүзеге асырады. **GRI 102-5**

Филиалды акционерлер қаржыландырады және, ӨБТК-ге сәйкес акционерлердің бекітілген құқығын ескере отыра, КПО салған немесе сатып алған барлық негізгі мүлік есептен шығарылмайды, сарқылмайды және амортизацияланбайды. ӨБТК қарыз немесе капитал бойынша капиталдандыруды қарастырмайды. Осылайша, КПО қаржылық есеп беруі сату көлемдерін және қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелерін қамтымайды. КПО қызметінің нәтижелері Қазақстан Республикасының Үкіметі мен акционерлер арасында бөлініп, олар, өз бетінше, қаржылық қызметтері туралы мәліметтерді, соның ішінде кіріс, таза сатылым, капиталдандыру және басқа да ақпаратты өз қаржылық есептерінде жариялайды. **GRI 102-7**

Тұрақты даму саласында қолданылатын есеп беру бойынша стандарттар **GRI 102-54**

GRI стандарттары талап ететін ақпараттың ашықтығы мен дұрыстығын қажетті деңгейде қамтамасыз етуді жалғастыру маңызды.

Осы есеп КПО үшін едәуір елеулі тақырыптар бойынша бірқатар көрсеткіштерді анықтаумен GRI стандарттарының «негізгі» нұсқасы талаптарына сәйкес дайындалды. Сонымен қатар біз GRI G4 нұсқаулығынан мұнай-газ бойынша бірнеше индикаторларды да ашып баяндадық.

КПО 2008 жылдан бері тұрақты даму есептерін жариялап келеді. Одан бұрынғы есептер GRI G3 үшінші нұсқаулығы бойынша дайындалған болатын. 2013 жыл мен 2016 жыл аралығында шығарылған КПО есептері GRI G4 есеп беру бойынша жаһандық бастаманың төртінші нұсқаулығына

сәйкес дайындалды және КПО Қазақстан аумағында осы GRI G4 нұсқаулығының талаптарын қолданған алғашқы компаниялардың бірі болды. 2017, 2018 және 2019 жылдар басылымдары GRI стандарттары талаптарына сай жасалды.

Ақпараттың тәуелсіз расталуы **GRI 102-56**

Бұл есепте GRI стандарттарының «негізгі» нұсқасы талаптары аясында жарияланатын 10 іріктемелі көрсеткіштерді тәуелсіз растау үшін КПО Компаниясы EY (Ernst & Young) Компаниясының көмегіне жүгінді. EY Компаниясының ішінара көрсеткіштерді тәуелсіз растау туралы есебі 120-121 беттерінде берілген.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ЖӘНЕ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР **GRI 102-44, 102-46, 103-1**

КПО Компаниясының тұрақты даму туралы есебі – стейкхолдерлермен тиімді диалог құрудың маңызды құралдарының бірі. Бұл құжат КПО-ға да, стейкхолдерлерге де әсер ететін аса маңызды мәселелерді шешу жолдарын мүдделі тараптарға жеткізуді көздейді. Мұндай шешімдер өзара әрекеттесу барысында пайда болады.

2008 жылдан бері біз мүдделі тараптарымызға тұрақты даму саласындағы жұмысымыз туралы жыл сайын есеп беріп келеміз. Есепті дайындауда біз құрушы компаниялардың тәжірибесін негізге ала отырып, қаржылық емес есептілік саласындағы көпшілікке танылған халықаралық практиканың талаптарын ұстанамыз.

Тұрақты даму туралы есепті дайындау үрдісі ақпарат алмасу, деректерді жинау және компаниядағы салааралық ішкі және сыртқы қатынасыды қамтиды.

Есепті дайындаумен байланысты бірнеше жылғы жұмысымыз барысында біз өзімізге маңызды болып табылатын тақырыптардың бірқатарын айқындап, олардың даму қарқынын жариялап келеміз. Осы есепте бұрын қозғалған тақырыптардың барлығы 2020 жылы да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұлар 1-суретте көрсетілген.

Маңызды тақырыптар аясын анықтаудың қосымша құралы ретінде біз Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (GRI) стандарттарын басшылыққа аламыз. Қызмет тиімділігі бойынша есепте берілген негізгі көрсеткіштер Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP) көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде жарияланады. Қолданылатын GRI стандарттарын біз Компанияның басқару саласындағы әдістерін және оның қызметтік көрсеткіштерін ескере отырып ашамыз. Сонымен қатар, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер бағаланып, алға қойылған мақсаттар алдыңғы кезеңдердің жетістіктерімен сандық түрде салыстырылады.

Стандарттардың талаптарына қарамастан біз Компанияның жұмысы туралы мен тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптары жөнінде барынша толық ақпарат беруге тырысамыз. Сондықтан ұсынылған ақпарат GRI көрсеткіштері шегінен айтарлықтай асып түседі.

Есепте талқыланатын маңызды тақырыптар жалпы КПО қызметінен және жеке өндірістік операцияларынан болатын Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ықпалына қатысты мәселелерді қамтиды. Өзара әрекеттесу ішкі және сыртқы мүдделі тараптармен де жүзеге асырылады. Осы есепте сипатталатын тақырыптардың өзектілік деңгейін 2-суретте байқауға болады.

Есеп беру жылы ішінде кезеңінде қамтылған тақырыптар құрушы компанияларымызбен, өкілетті орган «PSA» ЖШС-мен, әртүрлі бақылаушы органдармен, бизнес серіктестерімізбен, мердігерлерімізбен, қызметкерлерімізбен, кәсіподақтармен, жергілікті қауыммен және бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) өкілдерімен көп тарапты әрекеттестік барысында қадағаланып отырады. Мүдделі тараптар өздерін толғандыратын мәселелерді жергілікті тұрғындармен өткізілетін консультативтік кеңестер, форумдар, конференциялар, қоғамдық тыңдаулар, ашық есік күндері сияқты түрлі жиналыстарда, әлеуметтік сауалнамалар мен тексерулер жүргізу кезінде, сондай-ақ Компаниямен тікелей байланысу арқылы көтереді. **GRI 102-43**

Есепті дайындау барысында осы құжатта жарияланатын маңызды тақырыптар туралы қызметкерлеріміздің және басқа да мүдделі тараптардың хабардарлығын үнемі арттыруға тырысамыз. Соңғы үш жылғы есептеріміздің қағазға басып шығарылған нұсқаларында оқырмандар толтыратын кері байланыс нысаны бар, ал веб-сайтымызда кері байланыстың онлайн формасы бар.

1-сурет. КПО тұрақты дамуының маңызды тақырыптары GRI 102-47, 102-44, 102-46

Әлеуметтік-экологиялық тақырыптар

- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы
- Қызметкерлеріміздің денсаулығын сақтау
- Өндіріс тұтастығы мен технологиялық қауіпсіздік
- Төтенше жағдайларға қарсы әрекет етуге дайындық
- Жергілікті тұрғындардың шағымдары мен өтініштерін қабылдау
- Жергілікті халықпен қарым-қатынас: Компания қызметінен келетін әсерді бағалау тәсілдері мен оларды азайту бойынша іс-шаралар

Экологиялық тақырыптар

- Зиянды заттардың төгілуі
- Ауа тазалығын қадағалау
- Парниктік газдар мен ластағыш заттар шығарылу көлемін азайту
- Су қорларын сақтау
- Қалдықтарды және ағын суларды өңдеуді басқару
- Биологиялық әртүрлілік және экожүйелерді сақтау
- Қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөнінде шағымдарды және жолдауларды қабылдау

Әлеуметтік тақырыптар

- Қызметкерлерді кәсіби дамыту және оқыту
- Әлеуметтік, мәдени және жыныстық әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
- Өндірістік қатынастар (жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы өзара қарым-қатынас пен мердігерлерді қоса алғанда)
- Еңбек дауларын шешу
- Кәсіби одақтарға мүшелік және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
- Жеке және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- Адам құқықтарының қауіпсіздікті сақтау қызметімен сақталуы

Әлеуметтік-экономикалық тақырыптар

- Жергілікті қызметкерлер санын ұлғайту
- Жұмысқа орналастыру және өтемақы
- Әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар және қайырымдылық
- Электр қуатын жергілікті желілерге жеткізу
- Импортты алмастыру және тауар, жұмыс, қызмет сатып алудағы жергілікті үлесті арттыру
- Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- COVID-19 және оның Компанияға әсері



Экологиялық-экономикалық тақырыптар

- Энергия тиімділігі
- Экологиялық талаптарды ұстану
- Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қаражат бөлу
- ISO 14001, 45001, 50001, 9001 (мердігерлер) бойынша куәландыру сертификаттары

Экономикалық тақырыптар

- Басшылық ету және басқару ұстанымы
- Технологиялар мен инновациялар
- Есептелген расталған қорлар мен өндіріс мөлшері
- Сатып алу тәжірибелері мен жеткізілімдер тізбегі
- Мемлекетке жасалатын төлемдердің жариялылығы (EITI)

2-сурет. КПО стейкхолдерлері және олармен 2020 жылы әрекеттесудің негізгі жолдары GRI 102-40, 102-42, 102-43, 102-44

Маңызды тақырып	Құрушы компаниялар	«PSA» ЖШС	Қызметкерлер	Жергілікті билік органдары	ҚР минис-тірліктері/ агенттіктері	Бақылаушы органдар	Контрагенттер	Бизнес серіктестер	БАҚ	Жергілікті халық	Үкіметтік емес ұйымдар	Кәсіподақтар	Барлығы
COVID-19 және оның Компания қызметіне әсері	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	12
Корпоративтік басқару және менеджмент саласындағы әдістер	✓	✓	✓										3
Қызметкерлердің еңбегін қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндіріс тұтастығы	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓				✓	9
Технологиялар мен инновациялар	✓	✓			✓		✓	✓					5
Басқару жүйелері (ISO 14001, 45001, 50001, 9001 (мердігерлер) талаптарына сәйкес)	✓		✓			✓	✓				✓		5
Төтенше жағдайларға қарсы әрекет етуге дайындық	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓		✓	10
Қызметкерлеріміздің денсаулығын сақтау	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓					✓	8
Жұмысқа орналастыру және өтемақы	✓		✓	✓	✓	✓				✓		✓	7
Қызметкерлерді кәсіби дамыту және оқыту	✓	✓	✓			✓						✓	5
Әлеуметтік, мәдени және жыныстық әртүрлілік, тең мүмкіндіктер	✓		✓				✓			✓		✓	5
Өндірістік қатынастар (жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы өзара қарым-қатынас, мердігерлерді қоса алғанда)	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	11
Кәсіби одақтарға мүшелік және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі	✓		✓									✓	3
Жеке және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	✓		✓			✓	✓		✓			✓	6
Адам құқықтарының қауіпсіздікті сақтау қызметімен сақталуы	✓		✓				✓						3
Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	✓		✓		✓		✓	✓	✓		✓		7
Қоршаған ортаны қорғау	✓		✓	✓	✓		✓		✓	✓	✓		8
Экологиялық талаптарды ұстану	✓	✓	✓	✓	✓	✓			✓	✓	✓		9
Жергілікті халықпен қарым-қатынас: Компания қызметінен келетін әсерді бағалау тәсілдері мен оларды азайту бойынша іс-шаралар	✓			✓					✓	✓			4
Шағымдар мен өтінімдерді қабылдау (жергілікті халыққа тиетін әсер, еңбек қатынастары, экологиялық аспектілер)	✓		✓	✓						✓	✓	✓	6
Сатып алу тәжірибелері мен жеткізілімдерді ұйымдастыру	✓	✓					✓	✓					4
Жергілікті қызметкерлер санын ұлғайту	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓			✓			8
Импортты алмастыру және тауар, жұмыс, қызмет сатып алуғағы жергілікті үлесті арттыру	✓	✓		✓	✓		✓		✓				6
Әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар және қайырымдылық	✓	✓	✓	✓	✓				✓	✓			7
Электр қуатын жергілікті желілерге жеткізу	✓	✓	✓	✓	✓				✓	✓			6
Мемлекетке жасалған төлемдердің жариялылығы (өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы)	✓	✓		✓	✓	✓			✓		✓		7

ҚҰРУШЫ КОМПАНИЯЛАР

(«Эни», «Шелл», «Шеврон», «Лукойл», «ҚазМұнайГаз»)

- Директорлар кеңесінің жиналыстары
- Мердігер комитетінің жиналыстары
- Оператор комитетінің жиналыстары
- Мердігер комитетінің қосалқы комитеттерінің жиналыстары
- Оператор комитетінің қосалқы комитеттерінің жиналыстары

ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫ

- Жұмыс кездесулері
- Форумдар, конференциялар
- ББК отырыстары
- Қоғамдық іс-шаралар

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ

(Ақсай қаласы және оның маңындағы елді мекендер тұрғындары)

- Консультативтік кеңестер, кездесулер, өтініштер, өтініштерді беру және қарау тәртібі
- Онлайн форматтағы қоғамдық тыңдаулар
- Қоғамдық-ағартушылық іс-шаралар

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР

(коммерциялық емес ұйымдар, бастамашыл топтар, қоғамдық қорлар)

- Қоғамдық тыңдаулар
- Қоғамдық жұмыс
- Жергілікті тұрғындардың өтініштері
- Тікелей сұраулар

ҚР МИНИСТРЛІКТЕРІ/ АГЕНТТІКТЕРІ

- Жұмыс жиналыстары мен сапарлары
- Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырыстары
- Жұмыс топтарының отырыстары

ҚР БАҚЫЛАУШЫ ОРГАНДАРЫ

- Тексерулер, инспекциялар, аудиттер,
- Ақпараттандыру, кездесулер
- Апаттық әрекет ету бойынша кешенді оқу-жаттығулар
- Сот қуынымдары

КӘСІПОДАҚТАР

- Қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша жүгіну механизмі
- Ұжымдық шартты талқылаулар
- Спорттық және мәдени іс шаралар

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

- Жиналыстар/ кездесулер, хат жолдаулар
- Корпоративтік шаралар, сайыстар, марапаттау рәсімдері
- Бизнес қағидалары мен Тәртіп кодексі туралы ақпараттандыру және оқыту
- Қызметкерлердің өндірістік және әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша шағым-пікірлерін еңбек ресурстары бөліміне «Жедел желі» қызметі арқылы жолдауы
- КПО және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерін ҚТ, ЕҚ және ҚОҚ саласындағы жетістіктері үшін әр тоқсан сайын және әр жыл сайын марапаттау
- ҚТ сақтау бойынша жоспардан тыс жиналыстар өткізу
- ҚТ, апаттық әрекет, денсаулықты қорғау, қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс тақырыптары бойынша онлайн оқыту
- Қызметкерлердің ішкі қолдау қызметтері пікірлеріне электронды сауалнама
- Кәсіби мерекелерді атап өту
- Корпоративтік журнал, интранет-портал, электрондық дисплейлер, тақырыптық брошюралар / буклеттер арқылы ақпараттандыру

БАҚ

(республикалық, өңірлік, жергілікті)

- Хат алмасу, баспасөз релиздері, мақалалар, кездесулер, әлеуметтік іс-шаралар, VIP сапарлар форматындағы тұрақты өзара әрекеттесу
- Әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру: LinkedIn, Facebook, YouTube, Instagram, Вконтакте, корпоративтік вебсайт, публикациялар, сұхбаттар, БАҚ-тағы видеолар, корпоративтік бейнебаяндар, корпоративтік журнал

Бизнес серіктестер

(мұнай-газ компаниялары, бизнес-қауымдастықтар)

- Конференциялар, форумдар, кездесулер
- ҚР мемлекеттік органдарымен және жұмыс топтарындағы бірлескен жиналыстар

«PSA» ЖШС ӨКІЛЕТТІ ОРГАНЫ

- Бюджет және өндірістік сұрақтар бойынша техникалық жиналыстар
- Басқару бойынша бірлескен комитет (ББК) жиналыстары
- Сатып алу бойынша бірлескен комитет (СБК) жиналыстары
- Өнімді өткізу бойынша бірлескен комитет (ӨБК) жиналыстары
- Жергілікті қамту бойынша қосалқы комитет жиналыстары

КОНТРАГЕНТТЕР

(жеткізушілер/мердігерлер, тапсырыс берушілер, банктер)

- Онлайн форумдар, конференциялар
- Жұмыс жиналыстары, таныстырма кездесулер
- Жеткізушілерге арналған оқытулар

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ GRI 102-42, 102-43

Бизнес өкілдері пен мүдделі тараптар арасындағы диалог тиімді болған сайын, тұрақты даму саласындағы табысқа жету соғұрлым жоғары болмақ. Біз мүдделі тараптарымызбен тығыз байланыс орнаттық, олардың пікірлері біз үшін маңызды.

Коронавирус пандемиясы қатынасу қарқыны тұрғысынан мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу процесіне де, сәйкесінше алынған кері байланыстың көлеміне де айтарлықтай әсер етті. Коронавирус инфекциясынан туындаған шектеулерге байланысты көптеген мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуіміз онлайн форматта жалғасты. Жоспарланған кейбір іс-шараларымызды іске асырудың сәті түспеді. Жалпы алғанда, Компания барлық өндірістік жоспарларды, соның ішінде кеңейту жобаларын іске асыруды сәтті аяқтады.

КПО қызметінің ауқымына орай оның стейкхолдерлер құрамын көптеген топтар мен ұйымдар құрайды. Біз үшін маңызды стейкхолдерлер топтары және олармен өзара әрекеттесу жолдары 2-суретте көрсетілген. Көп-

теген мүдделі тараптардың қызығушылығын тудырған тақырыптар: COVID-19 және оның Компания қызметіне әсері, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, төтенше жағдайларға әрекет етуге дайындық, қызметкерлермен қатынас, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық талаптарды сақтау.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу – Компания қызметінің ажырамас бөлігі; ол заңнама шеңберінде және компанияның ішкі процедураларына сәйкес жоспарланады, құжатталады және іске асырылады. КПО бөлімдері өздерінің мүдделі тараптарын өз бетімен анықтап, олармен әрекеттесу тәжірибесі туралы осы есепте бөліседі.

Тұрақты даму бойынша жарияланған есептерге қатысты кері байланысты телефон және Sustainability@kpo.kz электрондық поштасы, сондай-ақ www.kpo.kz КПО ресми веб-сайты арқылы жіберуге болады. Келіп түскен ескертулер мен ұсыныстар келесі есепті дайындаған кезде назарға алынатын болады.

ӨНДІРІС ЖӘНЕ КЕН ОРНЫН ИГЕРУ ЖОБАЛАРЫ

ШОЛУ GRI 102-3, 102-4, 103-1, 06-1

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстан филиалы (бұдан әрі – КПО) Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысы аймағында өндірістік және геологиялық барлау қызметін жүргізетін халықаралық мұнай және газ компаниясы. «Шелл», «Эни», «Шеврон», «Лукойл» және «ҚазМұнайГаз» АҚ құрылтайшы компаниялары атынан КПО компаниясы Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ, конденсат кен орындарының бірі болып табылатын Қарашығанақ кен орнының операторы болып табылады.

Қарашығанақ мұнай, газ конденсатты кен орны Қазақстанның күрт континенталды климаты бар аймақта орналасып, 280 км²-ден астам аумақты алып жатыр. ҚМГКК – пайдалануға аса күрделі шарттарымен сипатталатын бірегей орын. Үстіңгі қабаты 3 500 м тереңдікте орналасқан, ал өнімді қабатының қалыңдығы шамамен 1 600 метрді құрайды. Көмірсутектердің құрамында 4,5%-ға дейін улылығы жоғары және коррозиялық күкіртті сутек (H₂S) және белгілі бір жағдайларда коррозиясы жоғары болуы мүмкін көмірқышқыл газы (CO₂) бар.

Қазақстан Республикасы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның 17.11.2017 күнгі отырысында қабылданған Қарашығанақ кен орнындағы мұнай, газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорын қайта есептеу туралы соңғы КПО есебінің мәліметі бойынша Қарашығанақта 13,6 млрд баррель сұйық көмірсутек пен 59,4 трлн текше фут газ бар, және сұйық көмірсутектерінің 13,6%-ы және газдың 12,9%-ға жуығы бүгінгі күнге дейін өндірілген. 06-1

Жыл сайын КПО Компаниясы экономикалық кірісті тұрақты көбейтуге және қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға бағытталған алдыңғы қатарлы технологияларды қолдануға жұмсап келеді. 1997 жылы Өнімді түпкілікті бөлу туралы келісімге қол қойылғаннан бері 31.12.2020 жылғы жағдай бойынша Қарашығанақ кен орнын игеруге жұмсалған жалпы инвестиция саны 27 млрд АҚШ долларынан асты. 2020 жылдың соңында КПО-ның көп ұлтты ұжымында 4 368 адам еңбек етуде. GRI 102-7

КПО ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫ GRI 102-7, 102-4


Көмірсутекті шикізатты өндіру, дайындау және өңдеу жұмыстары келесі үш негізгі, өзара байланысқан қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), Газды кешенді дайындау қондырғысы № 2 (ГКДҚ-2) және № 3 (ГКДҚ-3). Негізгі өндірістік нысандарды өзара байланыстыратын және шикізатты ұңғымалардан және нысандар арасында таситын ішкі кәсіптік құбырлар желісі ұзындығы шамамен 2 000 км құрайды. Бұл нысандарға сондай-ақ Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен Экоорталық жатады. Қарашығанақ кен орнының жалпы көрінісі 3-суретте берілген.

Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектердің негізгі экспорттық бағыты – «Қарашығанақ – Атырау» тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ) – оған кіретін екі сорғы станциясы, біреуі ҚӨК, ал екіншісі Үлкен Шаған ауылында, сондай-ақ КПО-ның Атырау терминалында өнімді қабылдау және


сақтауға арналған нысандары – КПО-да қолданылатын тасымалдау жүйесіне кіреді. Екінші экспорттық бағыт – бұл көмірсутекті өнімдерді Ресей Федерациясында орналасқан Орынбор газ өңдеу зауытына экспорттау үшін КПО қолданатын «Қарашығанақ-Орынбор» тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ).

2020 жылдың аяғында Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 467 ұңғыманы құрап, оның ішінде 114 өндіру ұңғымасы мен тазартылмаған газды кері айдайтын 19 ұңғыма жұмыс істейді. 2020 жылы КПО жалпы ұңғымалар қоры алдыңғы жылмен салыстырғанда бір жаңа жазық ұңғымаға артты (466 ұңғыма 2019 жылы). COVID-19 пандемиясы бұрғылаудың уақытша тоқтауына және 2020 жылы ұңғымалар қорының баяу өсуіне әкелді.

3-сурет. Қарашығанақ кен орны нысандары мен өнімдері



4-сурет. КПО экспорттық бағыттары GRI 103-1



БІЗДІҢ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР GRI 102-2, 102-6

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған газды және жанармай газын өндіреді және өңдейді. Алынған көмірсутек өнімдерінің басым көпшілігі сатудан түсетін кірісті көбейту мақсатында экспортталады.

2020 жылы өндірілген сұйық өнімнің 99,8% жуық көлемі тұрақтандырылған мұнай күйінде батыс нарықтарына келесі жолдар арқылы сатылды:

- Каспий құбыр консорциумы (КҚК)
- Атырау-Самара құбыр желісі және одан әрі «Транс-мұнай» құбыр жүйесі арқылы.

КҚК құбыр желісі арқылы КПО мұнайы Новоросийсктің Қара теңіз портына (Южная Озереевка ауылы) жеткізіледі, ал Атырау-Самара құбыр желісі мұнайды Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына жеткізуге пайдаланылады (4-сурет). Таза бағасы ең жоғары құбыр желісі болып табылатын КҚК желісі – мұнай сатудың негізгі экспорттау бағыты Атырау – Самара бағыты қосалқы тармақ ретінде қолданылады.

2020 жылы КПО компаниясы тұрақты мұнайдың 10,86 млн тоннаны құрайтын рекордтық көлемін экспорттарды, оның ішінде мұнай көлемінің 10,51 млн тоннасы Компания үшін табыстығы жоғары КҚК құбыр желісі

арқылы экспортқа жіберілді. Табысты барынша ұлғайту мақсатында Атырау-Самара құбыры арқылы 0,34 млн тонна экспортталып, оның ішінде 0,19 млн тонна таза бағасы жоғарырақ бағамен сату мақсатында КҚК құбырына бағытталды. КӨҚ ребойлерін жуған кезде, сұйық көмірсутектер «Конденсат» АҚ-ның мұнай өңдеу зауытына жеткізіледі.

Кен орнында алынған газ:

- қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қайтадан қабатқа айдалады,
- «КазРосГаз» ЖШС-мен жасалынған Газды сату бойынша ұзақ мерзімді келісім бойынша тазартылмаған газ күйінде сатылады,
- КПО нысандарының қажеттіліктері және жергілікті электр қуатын таратушы компаниялар үшін электр энергиясын өндіру мақсатында күкіртті сутектен (H_2S) тазартылады.

2020 КПО компаниясы шикі газдың 8,9 млрд м³ «Каз-РосГаз» ЖШС Орынбор ГӨЗ-на өңдеу үшін сатты. 2020 жылдың желтоқсан айында ҚӨК нысанынан ГҚДҚ-3 нысанына дейін орнатылған 26-дюймді газ құбырын пайдалануға берген соң, Қарашығанақ кен орынан Орынбор ГӨЗ дейін тазартылмаған газ құбырларының максималды өткізу қабілетін анықтау үшін қысқы сынақ өткізілді.

Газды өңдеу қызметінің тұрақтандырылмаған конденсат жеткізілімдеріне тәуелділігін жою жобасының аяқталуымен, 2018 жылғы 17 қыркүйектен бастап, КПО тұрақтандырылмаған конденсатты Орынбор бағытында

жіберуді тоқтатты. Осылайша, компания сұйық көмірсутектер ағынын Орынбор бағытынан КҚК құбыр желісіне және «Конденсат» АҚ-ның мұнай өңдеу зауытына жіберу арқылы табысты ұлғайтуға мүмкіндік алды.

2020 ЖЫЛДАҒЫ ӨНДІРІС ЖӘНЕ САТЫЛЫМДАР GRI 102-2, 102-7

2020 жылы КПО компаниясы тұрақты және тұрақсыз сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 143,9 млн баррель мұнай эквивалентінде (БНЭ) өнім өндірді. 2020 ж. газды жеткізу көлемі ~20,2 млрд текше метрге жетті. Қабаттық

қысымды ұстап тұру мақсатында 2020 жыл бойы КПО компаниясымен қабатқа кері ~ 10,4 млрд м³ газ айдалды, бұл өндірген жалпы газ көлемінің ~51,3%-на тең.

1-кесте. 2020 жылғы өндіріс көлемі

Түсіндірмесі	Өлшем бірлігі	2020	2019*	2018
Жалпы өндіріс көлемі (жалпы көлемге қабатқа кері айдалған газ көлемі кірмейді)	мұнай эквивалентіндегі млн баррель	143,9	137,9	147,5
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың тонна	10 941	10 147	10 953
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн м ³	20 214	18 614	18 913
Газды қабатқа кері айдау	млн м ³	10 362	8 710	8 589
Тазартылған газ, кен орны қажеттіліктеріне пайдаланылған	млн м ³	761	685,4	723,6

* Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу жылы

2-кесте. 2020 жылғы сатылымдар

Түсіндірмесі	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018
Сатылымның жалпы көлемі	мұнай эквивалентіндегі млн баррель	139,4	134,7	143,5
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер КҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың тонна	10 857	10 160	10 365
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер Орынбор ГӨЗ және «Конденсат» АҚ-ның мұнай өңдеу зауытына жеткізілетін тұрақтандырылмаған конденсат*	мың тонна	24	9,9	615
Тазартылмаған газ Орынбор ГӨЗ-на	млн м ³	8 986	9 113	9 493
Отын газы Электр қуаты ретінде БҚО халқына жеткізіледі	млн м ³	90	89	95

* 2018 ж. қыркүйегінен бастап конденсаттың Орынборға жеткізілуі тоқтатылды. Конденсат «Конденсат» АҚ-ның мұнай өңдеу зауытына ғана жеткізілді.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ӨНДІРУ

КПО Қарашығанақ кен орнының өндірістік қажеттіліктеріне электр қуатын өзінің газотурбиналы электр станциясы арқылы (бұдан әрі – ГТЭС) өндіреді. Бұл электр энергиясының көлемі компания нысандарына: ҚӨК, ГКДҚ-2, ГКДҚ-3, өнімді жинақтау жүйесі, Экоорталық, Пилот қалашығы, Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесі, оның ішінде Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы мен СЗА 1-26 желілік тораптарына жіберіледі.

КПО газтурбиналық электр станциясында (ГТЭС) төрт турбина орнатылған және жұмыс істеуде. Олардың үшеуі – қосотынды. Сонымен қатар, КПО БҚО тұрғындарына қажетті электр қуатын өндіріп және қысқы кезеңде 42 МВт-қа дейін, ал жаз уақытында 27-ден 42 МВт-қа дейін жеткізіп келеді.

2020 жылы ГТЭС нысанында № 2 және № 4 генераторларында шағын тексеріс жүргізілді және турбинаның жану камералары тексеріліп, жөндеуден өтті. № 4 генератордың жоспарланбаған жөндеуі 2020 жылдың қазан айынан бастап 2021 жылдың мамыр айына дейін жоспарланған тексеру кезінде анықталған ақаулыққа байланысты болды және статор орамаларының толық оралуына әкелді. Жұмыстың ұзақтығы COVID-19 панде-

миясының жұмыс барысы мен бөлшектерді жеткізудегі кідірістерге әсер етуіне байланысты өсті.

Электр қуатын Батыс Қазақстан облысына жеткізу GRI 203-1

Өнімді бөлісу туралы түпкілікті келісім аясында (I бап, 1.1 бөлім), КПО компаниясы электр қуатын өндіріп, Батыс Қазақстан облысына жеткізеді.

Компания электрмен жабдықтауды «Ақсайэнерго» ЖШС мен «Батыс Энергоресурсы» ЖШС-не ал олар өз кезегінде Батыс Қазақстан облысының соңғы тұтынушыларына жеткізеді.

2020 жыл ішінде КПО аймақтық жүйеге 26-дан 41 МВт-қа дейін электр қуатын жеткізді, ал БҚО үшін электрмен жабдықтаудың жалпы көлемі ~297 млн кВт/сағ немесе 39%-ды құрады. ГТГ-4 генераторын жоспардан тыс жөндеуге байланысты 2019 жылмен салыстырғанда электрмен жабдықтау 10%-ға төмендеді. 2018–2020 жж. кезеңінде электр қуатын және отын газын жеткізу әрекеті 3-кестеде берілген.

3-кесте. 2018–2020 жж. КПО электр энергиясын және отын газын жеткізу

Түсіндірмесі	Өлшем бірлігі	2020 ж.	2019 ж.	2018 ж.
БҚО-на жеткізілген электр энергиясы, соның ішінде	млн кВт/сағ	296,93	330,26	305,06
■ «Ақсайэнерго» ЖШС-не	млн кВт/сағ	26,35	26,28	29,90
■ «Батыс Энергоресуртары» ЖШС-не	млн кВт/сағ	270,58	303,98	275,16
БҚО үшін электр энергиясын өндіру үшін отынды газды пайдалану, оның ішінде:	млн м ³	99,35	112,06	101,82
■ БҚО үшін электр энергиясын өндіруге арналған КПО-ның жеке газ сатылымы	млн м ³	89,95	88,98	94,91
■ БҚО үшін электр энергиясын өндіру үшін бөгде жеткізушіден жеткізілген газ көлемі	млн м ³	9,40	23,08	6,91

2020 жылы электр энергиясы негізінен ішкі газ есебінен өндірілді. Өңірдің қажеттілігі үшін электр энергиясын өндіруге арналған үшінші тарап жеткізушісінен газ сатып алу ГТЭС-тегі жалпы тұтынудың шамамен 10,4%-ды құрады және бұл негізінен ҚӨК 5-339 учаскесіндегі отын газын өндіру қондырғысы 2020 жылдың ақпан және нау-

рыз айларында тұрақсыз жұмыс істеген кезеңде орын алды.

Есеп беру жылы Компания өндіріс бойынша бөгде электр желілерінің әсерінен туындайтын жоғалтуларға тап болған жоқ.

ЖОСПАРЛЫ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

КПО-ның жоспарлы жөндеу бойынша стратегиясы қауіпсіз үздіксіз өндірісті және заң нормаларына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, техникалық қызмет көрсету арасындағы аралықты арттырып, оларды іс жүзінде жүргізу уақытын азайту есебінен өнім алуды оңтайландыруға және шығындарды төмендетуге бағытталған.

2020 жылы жоспарлы жөндеу жұмыстары (ЖЖЖ) ГҚДҚ-3 өндірістік нысанында ғана жүргізілді. COVID-19 пандемиясы барысында жұмыс нысандарындағы қызметкерлердің санын азайту мақсатында ГҚДҚ-2 нысанындағы газды құрғату және сығу жүйесіне техникалық қызмет көрсету мерзімі 2021 жылдың сәуір айына ауыстырылды.

ГҚДҚ-3 нысанында ЖЖЖ дейін және барысында жүргізілген күнделікті ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бақылау жұмыстары мен COVID індетін алдын алу бойынша стандарт шаралардан басқа, КПО компаниясы жұмыстарды уақытында аяқтауға кедергі келтіруі ықтимал ауру жайылуының пайда болу мүмкіндігін төмендетуге және жұмыс алаңдарындағы қызметкерлердің денсаулығына төнетін қауіп-қатерлерді азайтуға бағытталған пандемияның салдарын жұмсарту бойынша бір қатар қосымша шара қабылдады. Осы шараларды атап өтсек:

- Жұмысқа тартылған қызметкерлердің санын азайту мақсатында жұмыс көлемін қысқарту;

- ЖЖЖ кезінде көптеген бетпе-бет жиналыстарды өткізу барысында әлеуметтік қашықтықты арттыру мақсатында қосымша және кең кеңселермен қамтамасыз ету;
- Мердігерлеріміз өз қызметкерлер тұратын көп орынды бөлмелер санын қысқартты;
- КПО компаниясы қызметкерлер жұмыс ауысымына келген соң 7-ші күні қосымша ПТР талдамасынан өтуді барлық қызметкерлерден талап етті. Бұл шара ГҚДҚ-3 нысанындағы қызметкерлердің арасында COVID-19 белгілері жоқ, алайда індет тасымалдаушылары болып табылатын қызметкерлерді жедел түрде табу қажеттілігімен негізделді.

Осы шараның нәтижесінде ГҚДҚ-3 нысанында COVID-19 ауруын жұқтырған бір де бір жағдай тіркелген жоқ.

ЖЖЖ барысында атқарылған барлық сағат саны 185 мың адам/сағ құрады, бұл кезде тіркелген оқиғалардың нөлдік көрсеткішіне қол жеткізілді. Қауіпсіздік техникасы бойынша тағы бір негізгі көрсеткіштердің бірі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жүргізілетін 3-деңгей тексерісі – ЖЖЖ уақытында 723 тексеріс өткізіліп, 178 сәйкессіздік айқындалды.

Жалпы, ЖЖЖ көзделген мерзімнен бұрын аяқталды, ал жоспарланған жұмыс көлемі 99% іске асырылды.

СУ ҚОРЛАРЫН БАСҚАРУ

Қарашығанақ кен орнындағы ең маңызды мәселелердің бірі – өндіріс барысында пайда болған суды және ағын суды кәдеге жарату.

КПО компаниясының су қорларын басқару стратегиясы қабаттағы суды пайдалануға қатысты өндірістік шектеулерді алып тастауды көздейтін өзара байланысты бір қатар жобаларды іске асырудан және қызметкерлердің қауіпсіздігін, жабдықтардың тұтастығын және экологиялық талаптарды орындауды қамтамасыз етуден тұрады.

2020 жылы жоспарланған төрт жобаның екеуі толықтай іске асырылды. 2021 жылы жобаларды пысықтау және іске асыру соның ішінде жаңа жетілдірілген Пайдаланылған каустикті бейтараптандыру қодарғысының базалық жобалауын дайындау бойынша жұмыстар жалғасатын болады. COVID-19 пандемиясының осы

жобаға тигізетін ықпалына байланысты, жаңа пайдаланылған каустикті бейтараптандыру қодарғысын іске қосу 2022 жылдан 2023 жылға ауыстырылды.

Өнеркәсіптік ағындыларды мұнайдан тазарту үшін қажет газарындық флотациялық қондырғы мен еңіс иілімді сепараторлардың ыдыстарын ауыстыру жобасын іске асыру мерзімі 2022 жылдың соңына жоспарланып отыр. Осы есепті дайындау сәтінде пандемияның осы жобаға әсері болмашы болды: жұмыстар кестеге сай жұмыс жоспардан ауытқу жағдайында жеткілікті икемділікпен жүріп жатыр. Ыдыстарды ауыстыру – ең алдымен нысанның тұтастығын қамтамасыз етуге қосар үлес, сонымен қатар жаңа қондырғылардың жоғары өткізгіштік қабілеті болатын болады, бұл өз алдына КПО су қорларын басқару стратегиясын іске асырудың маңызды бір бөлігі.

4-кесте. 2020 жылы іске асырылатын су қорларын басқару саласындағы жобалар GRI 303-2

Жоба	Іскерлік фактор	Орындалуы	Ескертулер
Ағынды суларды кері айдауға арналған жаңа 10-дюймдік құбырдың салынуы	<ul style="list-style-type: none"> Өндірістік шектеулерді алып тастау, Өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету. 	Сәтті іске асырылды	Толық ақпаратты Тәжірибе үлгісінен таба аласыз
ГКДҚ-3 нысанында өнеркәсіптік ағындыларды күкірттісутектен тазарту	Экологиялық талаптарды сақтау	Сәтті іске асырылды	Күкірттісутектен тазарту технологиясымен жабдықталған ГКДҚ-3тен КӨҚ нысанына өнеркәсіптік ағындыларды жөнелту желісі пайдалануға берілді
Газолиннің демеркаптан-низациясының мификацияланған қондырғысы	Өндіріс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету	Ішінара іске асырылды	2020 жылы өршіген коронавирус індеті кесірінен, жобаның іске асырылу мерзімі 2021 бірінші жартысына ауыстырылды
Екі айдау ұңғымасын күрделі жөндеу	Өндіру деңгейін ұстап тұру	Ішінара іске асырылды	Екі сіңіруші ұңғыманы күрделі жөндеуді бір уақытта емес, кезекпен жүргізу туралы шешім қабылданды. Осылайша бірінші ұңғымада жұмыстарды жүргізу барысында алынған ақпарат пен тәжірибе екінші ұңғыманы күрделі жөндеуде тиімді әдістемені қолдану бойынша шешім қабылдауға негіз болады. Екінші ұңғыманы күрделі жөндеу 2021 жылдың ортасына жоспарланып отыр

ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 1

АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ КЕРІ АЙДАУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ҚҰБЫР ЖЕЛІСІН САЛУ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

Осыған дейін пайдалануда болған ағынды суларды кері айдауға арналған 6-дюймдік желі өндірісті кеңейту тұрғысынан “тар” болды. Өнеркәсіптік ағындыларды Полигон 2 жерасты қабатқа айдауға бағытталатын жалғыз ғана құбыр желісі бола тұра, бұл желі поршеньдеу мүмкіндігін қарастырмады, сонымен қатар желіде нүктелі жемірлеудің орындары болды. Осының барлығы өндірістің үздіксіздігіне қауіп-қатер тудырып, су қорларын басқару бойынша басқа да жобалардың оң әсерін төмендетті.

Мақсаты:

Ілеспе қабатты сулардың болжанған шыңдық көлемін ескере отырып, өндірістік шектеулерді алып тастауға бағытталған жобалардың толық әлеуетін жүзеге асыру және жалпы КПО Компаниясы жүйесінің сенімділігін арттыру.

Жағдайдың шешімі/ қолданылған әрекеттер:

Компания қоймасындағы материалдарды (желілік құбырларды) пайдалана отырып өнеркәсіптік ағындыларды айдауға арналған жаңа 10-дюймдік желіні салу.

Нәтижесі:

Жобаның іске асырылуы келесілерді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді:

- Өнеркәсіптік ағындыларды кері айдаудың қолданыстағы желісінің өндірістік қуатын кеңейтуге бағытталған қысқа мерзімді шаралардың әлеуетін толықтай ашу.
- Нысандардағы суды тазартудың жалпы қуатылығын арттыру (2019 жылмен салыстырғанда осы уақытта 30%-ға, ал “тар” жерлерді жою бойынша қалған жобаларды іске асырған соң 50%-ға артатын болады) және су тазартумен байланысты сұйық көмірсутектерді өндірудегі шектеулерді алып тастау.
- Қолданыстағы 6-дюймдік суды кері айдау желісімен байланысты нысанның тұтастығына төнетін ықтимал қауіп-қатерлерді азайту.

Нәтижесінде, 2027 жылы ескі 6-дюймдік қайта айдау желісінің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, өнеркәсіптік ағындыларды қайта айдаудың жаңа құбыр желісі өндірістік үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз етуді көздейді.

БҰРҒЫЛАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

2020 жылы КПО компаниясы ұңғымаларды бұрғылау мен оларға қызмет көрсету үдерістерінің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін барынша азайтуға бағытталған жұмыстарды жалғастыруда. Өткен жылдардағыдай, біз парниктік газдар шығарындыларын және су мен ресурстарды тұтынуды азайту бойынша шаралардың көмегімен нөлдік эмиссия мақсатына жеткізетін жолымызды жалғастырдық:

- Судың орнына көмірсутек негізіндегі игеру және қарқындауға арналған ығыстырушы сұйықтықты пайдалану.
- Ұңғыма жабдығын (шарлар мен қондырмалы орындарды) ластауыш сұйықтықтың пайда болуын және жануын болдырмауға мүмкіндік беретін арқанды техника мен ажырату муфталарының қалпын ауыстыру мен бұрғылауға арналған электр қондырғыларын бұрғылау. Осыған дейін бұрғылау иілгіш құбыр қондырғысымен және ұңғыма түбіндегі турбиналық қозғалтқышпен іске асырылатын.
- Алауда жағуға мәжбүр болған кезде экологиялық тиімділігі жоғары шөгінділердің қалуын төмендететін оттықтарды пайдалану.
- Ұңғыманы тазарту және ағынды белсендірген кезде, HGVF сорғысын өндірілген көмірсутекті алауда жағу-

дың орнына жоғары қысымды өндіріс желісіне кері айдау үшін пайдалану.

- Өндірілген суды буландыру.

КПО компаниясы бұрғылау жұмыстарын жетілдіруге бағытталған ұңғымалық операциялар саласындағы технологиялар мен инновацияларды дамыту бойынша үздіксіз жұмыс жасап келеді. Осы тұрғыда 2020 жылы келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- Ұңғыманың айдау жылдамдығы күніне 6 млн станд. м³ құрайтын жаңа газ айдау көлденең ұңғымасы жұмысқа берілді;
- Өндірісті арттыру үшін бір жаңа мұнай өндіруші ұңғыма салынды;
- Кен орнында бұрғылау жұмыстарының жалпы көрсеткіштері мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін RFID активті айналым клапаны сияқты бұрғылаудың жаңа технологиялары алғаш рет қолданылды.
- Аймақтық оқшаулаудың жоғары сапасына қол жеткізу үшін КПО инженерлері мен цементтеу қызметін көрсетуші мердігеріміз ұңғымаларды салу уақыты мен құнын едәуір төмендетуге мүмкіндік беретін 2019 жылы ойлап тапқан цемент ертіндісін дайындаудың оңай әдісін қолданды.

КЕН ОРНЫН ИГЕРУ ЖОБАЛАРЫ

Қазақстан Республикасының мердігері ретінде КПО компаниясының мұнай кен орындарын пайдаланудың оңтайлы тәжірибесіне сәйкес, Қарашығанақ кен орнын дамытуға қажетті барлық операцияларды іске асыру мен келісілген аумақта мұнай өндіру бойынша міндеттемесі бар¹.

Қарашығанақты игерудің II кезеңінің бастапқы бағдарламасын 2003 жылы аяқтаған соң, КПО өндірістік қызмет бағдарламасының II сатысын қаржыландырып және жүзеге асырып келеді. Бұл саты Қарашығанақ кен орынын одан әрі дамытуды, оның ішінде жаңа пайдалану ұңғымаларын бұрғылауды, бұрыннан бар ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізуді, өндірістік нысандарды жетілдіруді, өндірістің жоғары деңгейін сақтауға Қазақстан Республикасының игілігі үшін қажетті басқа да жобаларды қамтиды.

Газ факторының артуы қолданыстағы нысандарда газ дайындау бойынша шектеулерге алып келуі мүмкін, сондықтан КПО компаниясы газ факторының артуын

болдырмау мақсатында 2014 жылы КПО компаниясы өндіріс деңгейін арттыру жобаларының бағдарламасын дайындап шығарды. Өндіріс деңгейін арттыру жобаларының қатарына келесі жобалар кіреді:

- Қарашығанақ өңдеу кешені газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы, бұл жоба тиісті қондырғылардың өнімділігін арттырудың арқасында газ дайындау қуатын жетілдіруді көздейді.
- 4-ші газды кері айдау компрессоры, оның мақсаты – қабатқа айдалатын газдың жылдық орташа тәуліктік көлемінің деңгейін арттыру және қабат қысымын ұстап тұру тиімділігін арттыру.
- 5-ші ішкі құбыр желісі және газды кері айдау ұңғымалары жобасы жаңа ішкі құбыр желісінің, бұрғылау мен жаңа кері айдау ұңғымалардың аяқтаудың көмегімен ГҚДҚ-2 ағынынан төмен кері айдау жүйесінің өнімділігін жетілдіруге бағытталған.

¹ Мұнайды пайдалану бойынша әлімдік оңтайлы тәжірибе дегеніміз – халықаралық мұнай өнеркәсібінде шығындарды азайту, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мақсатында саналы операторлар әдетте қорларды түпкілікті игеру кезінде экономикалық тиімділікті арттыру үшін тиісті әдістер мен үдерістерді пайдалануға байланыста апектілерге қатысты қолданылатын алдыңғы қатарлы, қауіпсіз және тиімді өндірістік қызмет пен рәсімді білдіреді. Бұл анықтама «Agencia Nacional de Hidrocarburos, Барлауға және көмірсутектерді өндіруге келісімшарт атты 2008 жылғы № 09 басылымында берілген, la Cuerva»

Өндіріс көлемін арттыру жобаларының портфолиосы бірнеше жылдар бойын дайындалып, жетілдірілді. 2019 жылдың желтоқсан айында 5-ші ішкі құбыр желісі және газды кері айдау ұңғымалары жобасы пайдалануға беріліп, үш кері айдау ұңғымалардың біріншісі іске қосылды.

2020 жылы КПО кен орнын игеру жобаларын COVID-19 пандемиясынан туындаған күрделі әлемдегі күрделі жағдайларға және соған байланысты бизнестің шектеулеріне, соның ішінде сатып алулардың кешіктірілуіне, кейбір жеткізушілер жариялаған форс-мажорлық жағдайларға, КПО жобасын басқаратын топ жұмысшыларының сапар шегу шектеулеріне жұмыс орындарындағы қызметкерлер санын азайту талабына, жұмыскерлер арасындағы пандемия ошақтарының туындауына және басқа факторларға қарамастан жалғастырды.

Қарашығанақ өңдеу кешені газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасының құрылыс-монтаждау бойынша ауқымды жұмыс көлемі аяқталды – Drizo мен құрғату қондырғыларын, қосалқы станция және құбырлық эстакадаларды қондырумен байланысты жұмыстар аяқталды. 2020 жылғы қыркүйек айында құбыр желісі мен қосылу 108 пайдалануға берілді, осының арқасында ГКДҚ-3 нысанында болған ЖЖЖ барысында өндіріс жоғалтулары көлемі кеміді. 2021 жылдың наурыз айында жоба сәтті аяқталып, пайдалануға беру бойынша жұмыстар жүргізілуде, ал 2021 жылдың 3-ші тоқсанында Өндіріс директорына тапсыру жоспарланып отыр.

Өткен жылы 4-ші газды кері айдау компрессоры жобасын іске асыруда елеулі табысқа қол жеткізілді. Компрессорлы қондырғы іргетасқа тұрғызылды, қазіргі уақытта компрессордың ғимаратын салу аяқталып жатыр. Ұзындығы 8,5 км құрайтын ГКДҚ-2 нысанына ҚОТЖ дейін құбыр желісінің құрылысы аяқталды. Құбырлы қосылуларды, электр жабдықтарды монтаждау мен БӨҚА бойынша жұмыстар жылдам қарқынмен іске асырылуда. 2021 жылы құрылыс-монтаждау жұмыстарының аяқталуы, ал 2021 жылдың 4-ші тоқсанына қарай іске қосу-реттеу мен пайдалануға беру жұмыстары орын алатыны күтілуде.

Қарашығанақ кеңейту жобасы

Қарашығанақ кеңейту жобасының (ҚКЖ-1) 1-сатысы шеңберінде КПО Компаниясы Қарашығанақ жобасын кезеңдік игеруін жалғастыруда. ҚКЖ-1 кен орнында өсіп келе жатқан газ факторын реттеуді көздейтін қосымша ұңғымаларды, технологиялық нысандар мен газды керу айдауды ескере отырып, тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін ұстап тұрудың арқасын-

да Қарашығанақ жобасының құрылтайшы компаниялары мен Қазақстан Республикасы үшін қосымша пайда алып келеді.

2020 жылдың желтоқсан айында Қарашығанақ жобасының құрылтайшы компаниялары ҚКЖ-1 санкциялау туралы келісімге қол қойды. Бұл келісім ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау бойынша және 4-ші газды кері айдау компрессоры жобаларын ескере отырып, Қарашығанақ кен орнын игеруді жалғастыруда жаңа белесті белгілеген тағы бір маңызды жайт болды. Жергілікті мердігер ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру мақсатында жергілікті қамту үлесін барынша арттыру – ҚКЖ-1 іске асырудағы КПО басымдылықтарының бірі. Одан басқа, жоба аясында қазақстандықтар үшін жаңа жұмыс орындары ашылатын болады.

ҚКЖ-1 жұмыс көлемінің бірінші кезеңі ҚКЖ-1А 5-ші газды кері айдау компрессоры жобасы 5-газды кері айдау компрессоры мен басқа да ілеспе нысандарды қамтиды. Жоба қосымша ақпаратты пайдалануға бағытталған газды кері айдау әлеуетін арттыру үшін, инженерлік желілер мен өндірістік нысандардың жұмыс көлемдерін біріктіре отырып, Қарашығанақ өңдеу кешенінде газ бойынша шектеулерді алып тастау жобасы шеңберінде орнатылатын құрғату бойынша қуаттылықтарды жұмысқа қосу жоспарланып отыр. Бұндай әдістеме біріктіру себебінен синергиялық нәтиже мен капиталды шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. 2021 жылы жоба аясында дайындау мерзімі ұзақ материалдарды сатып алу және жобалау, сатып алу және құрылыс бойынша мердігерді жұмысқа жұмылдыруды дайындық жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Коллектордың техникалық сараптамасы нәтижесінде 2020 жылдың наурыз айында ҚКЖ-1 бағдарламасынан бөліп алынған 6-шы магистралды құбыр желісі мен 3 кері айдау ұңғымасы жобасының мақсаты – кен орынындағы кері айдаудың алаңын кеңейту арқасында сұйық көмірсутектерді өндірісін барынша арттыру. Жобаны іске асыру нәтижесінде газ факторы төмен жақын маңдағы ұңғымалардағы қысымды ұстап тұру және коллекторды басқаруды жетілдіру мақсатында кен орнының оңтүстік-батыс алаңындағы газды кері айдауды қайта бөлінетін болады.

2020 жылдың қараша айында 6-шы магистралды құбыр желісі жобасы тиімділікті бағалаудың 3-ші кезеңінен сәтті өтті, ал 2021 жылдың 1-тоқсанында шлейф пен ішкі құбыр желісінің жұмыс көлемі бойынша жобалау мен сатып алу жұмыстары басталып кетті.

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ БАҒДАРЛАМАСЫ

КПО цифрлық трансформацияны бизнесті ұйымдастыру мен процестерді жеңілдетудің және жақсартудың басты тетігі ретінде қарастырады.

“Цифрлық Қазақстан” бағдарламасы аясында КПО өз технологиялық жаңғырту және цифрландыру жоспарын әзірледі. Компанияның цифрлық жол картасы басында 30-ға жуық түрлі цифрландыру жобасын қамтыған қажетті макро салалар бойынша әртүрлі 11 тақырыпты қарастырған болатын. Аталмыш цифрлық жол картасы Компанияға қағазды басып шығарумен байланысты процестерді барынша азайтуға және цифрлық жұмыс процестерін арттыруға мүмкіндік береді. Цифрландыру жүзеге асырылғаннан кейін жобаларды кейінгі дамыту жалғасады деп күтілуде.

2020 жылы КПО назарында келесі жобалар болды:

- Жаппай цифрлық қолтаңбаны енгізумен құжаттаманы оңтайландыру. Компания бизнес процестерін, соның ішінде қашықтан жұмысты жеңілдету үшін КПО басшылары мен қызметкерлеріне 1200 астам ЭЦҚ берілді.
- Өндіруді оңтайландыру жобалары, соның ішінде нысандардағы KPI мониторингі жүйесін енгізу, DINO бағдарламалық жасақтамасын жаңарту, ерекше жағдай қағидаты бойынша ұңғымаларды басқарудың пилоттық жобасын орындау және ұңғымалар телеметриясы жобасын іске қосу. Бұл жобалардың

мақсаты жүйе өнімділігін арттыру және жабдық қуатын максималды пайдалану арқылы көмірсутектерді өндіру деңгейін арттыру болып табылады.

- Пайдалануға дайындық деңгейін арттыру, сондай-ақ оның бағасын түсіру және техникалық қызмет көрсету мерзімін азайту үшін өнімділік негізіндегі айналмалы жабдықтың жай-күйін жетілдірілген бақылауды енгізу арқылы критикалық маңызды жабдық мониторингін жүргізу, бұл тек қажетті араласуды орындауға мүмкіндік береді.
- Штрих кодтау жүйесін енгізу және EWM бағдарламалық жасақтамасын жаңарту арқылы қоймаларды басқару. Жобаның мақсаты қойманы басқару тиімділігін арттыру және сақталатын қорларды азайту.
- PSA өкілетті орган қолдауымен Қазақстандағы ірі мұнайгаз компаниялары үшін ортақ электрондық сатып алулар платформасын анықтау, орнату және енгізу арқылы электрондық сатып алу жүргізу. Аталмыш жоба мақсаты ашық процесі бар және авторландыру процесі қатысушыларымен деректерді тез алмасуды қамтамасыз ететін тиімдірек платформаны құру.

Оған қоса KAZENERGY қауымдастығымен бірге КПО Қазақстанның ірі университеттерінің студенттері қатысқан Student Digital Fest байқауын қолдады. Байқаудың соңғы кезеңі 2020 жылғы ақпанда аяқталады.



Қарашығанақ өңдеу кешенінде



КПО САН ЖҮЗІНДЕ

Біздің тұрақты даму қағидаттарымыз21

КПО тұрақты даму көрсеткіштері.....22

БІЗДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫМЫЗ

Компания өз бизнесін жүргізу үшін тұрақты дамудың кодексінде айқындалған 10 қағидатын басшылыққа алады. Бұл қағидаттар өз кезегінде Біріккен ұлттар ұйымының тұрақты дамудың 12 (17-нің ішіндегі) мақсатына сәйкес келеді.

5-сурет. Тұрақты даму мақсаттарына КПО тұрақты даму кодексінде айқындалған қағидалар арқылы жету

1	Компания қызметінен туындайтын оң әсерді ӨБТК бүкіл мерзімі бойына және оның аяқталуынан кейін де сақтауға тырысу	8	ИЫҚАТЫ ЖИЫАЖИЖЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БҮТ	9	ИЫҚАТЫ ИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ
2	Қажет болған жағдайда жобаның қоғам әл-ауқатына жағымды әсер ету әлеуетін нығайту	3	ЖАҚСЫ ДЕРІСАУДЫҢ ЖИЖЕ БІ-АЖАҚ	7	ҚИЫМЕТ ЕМЕД ЖИЖЕ АЖАЖИЖЕ
3	Жергілікті, өңірлік және ұлттық басымдылықтарды халықаралық қағидаттар мен кеңестерді ескере отырып түсінуді ұштастыру	12	ИЫҚАТЫ ТҰТҚАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ		
4	Жергілікті мүдделі тараптармен олардың қажеттіліктерін ескеру және жергілікті жағдайларды жақсырақ түсіну үшін әрекеттесу	17	ТҰРАҚТЫ ДАМУ ШИИ СЕРІКТЕСІК		
5	Компания қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға және халықты әлеуметтік әл-ауқатына әсер етудің географиялық және уақыт бойынша көлемін түсіну	12	ИЫҚАТЫ ТҰТҚАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ		
6	Шешім қабылдау үдерісіне кешенді әдіс қолдану	16	БЕЯҚАТЫШЫҚ ҚИЫМДЫК ЖИЖЕ ТИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ		
7	Экологиялық ресурстарды қорғаудың және/ немесе нығайтудың қажеттілігін ескеру	6	САДА СУ ЖИЖЕ САЛЫҚАЖИЖЕ	13	КЛИМАТЫҒА БІТЕРІМДІК КҮРІС
				15	ҚИЫМДЫК ИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ
8	Гендерлік және этникалық аспектілерді ескеру	5	БЕЯҚАТЫШЫҚ ИЫАЖИЖЕ	10	ТЕНІСҚИЫМДЫК ИЫАЖИЖЕ
9	Сенімді басқару мен айқындықты қамтамасыз ету және үшінші жақпен қолданылатын басқару әдістерін сапалық жетілдіруге атсалысу	16	БЕЯҚАТЫШЫҚ ҚИЫМДЫК ЖИЖЕ ТИЫАЖИЖЕ ИЫАЖИЖЕ		
10	Тұрақты даму бойынша жыл сайынғы есеп арқылы сыртқы мүдделі тараптарға жасалған жұмыс туралы толық және расталған ақпаратпен есеп беру	17	ТҰРАҚТЫ ДАМУ ШИИ СЕРІКТЕСІК		

КПО ТҰРАҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Параметрлері	GRI стандарты	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018	2017	2016
Түптұлға компаниялардың акциялары	Қолданылмайды						
Эни		%	29,25	29,25	29,25	29,25	29,25
Шелл		%	29,25	29,25	29,25	29,25	29,25
Шеврон		%	18	18	18	18	18
ЛУКОЙЛ		%	13,5	13,5	13,5	13,5	13,5
КазМұнайГаз ҰК		%	10	10	10	10	10
Жыл соңындағы бас компаниялардың инвестициялары	201-1	млрд АҚШ доллары	27	26	24,4	23,2	21,9
Салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер (өндіруші салалардың ашықтығын қамтамасыз ету бастамасы)		млрд АҚШ доллары	0,971	1,6	1,9	0,746	0,369
БҚО әлеуметтік инфрақұрылымына тартылған инвестицияның жиынтық көлемі		млн АҚШ доллары	427	400	368	343	311
Тауар, жұмыс, қызмет сатып алуға жергілікті қамтудың жиынтық үлесі		млрд АҚШ доллары	8,29	7,7	7	6,5	6,1
ӨНДІРІС	102-2						
ҚМГКК-ғы көмірсутектер қоры	OG-1						
Сұйық көмірсутектер		млрд баррельдер	13,6	13,6	13,3	13,3	13
Газ		трлн куб.фут	59,4	59,4	60,23	60,23	57
Өндірілді		%	13	13	12	12	12
Өндіріс	102-2, 102-7						
Жалпы өндіріс көлемі		мұнай эквивалентіндегі млн баррель	143,9	137,9	147,5	145,8	139,7
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі		мың тонна	10 941	10 147	10 953	11 247	10 466
Газ өндірісінің жалпы көлемі		млн м³	20 214	18 614	18 913	18 924	17 659
Газды қабатқа кері айдау		млн м³	10 362	8 710	8 589	9 289	8 040
Ішкі қажеттіліктері үшін пайдаланатын тазартылған газ		млн м³	761	685,4	723,6	739,5	605,4
БҚО-на жеткізілетін электр энергиясы	203-1	кВт/сағ	296,93	330,26	305,06	307,64	294,1
Сатылымдар	102-2, 102-7						
Сатылымның жалпы көлемі		мұнай эквивалентіндегі млн баррель	139,4	134,7	143,5	142,3	137
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер		мың тонна	10 857	10 160	10 365	10 715	9 697

Параметрлері	GRI стандарты	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018	2017	2016
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер (2019 жылдан бастап тек "Конденсат" АҚ МӨЗ-на жеткізіледі)		мың тонна	24	9,9	615	657	898
Орынбор ГӨЗ-на жіберілетін тазартылмаған газ		млн м ³	8 986	9 113	9 493	8 782	8 934
Электр қуаты ретінде БҚО халқына жеткізілетін отын газы		млн м ³	90	89	95	97,7	50,8
Бұрғылау	102-7						
Ұнғымалар қоры		саны	467	466	462	441	412
Өндіруші ұнғымалар		саны	114	110	114	115	119
Кері айдау ұнғымалары		саны	19	18	17	17	17
Іске қосылған ұнғымалар		саны	4	4	5	5	7
Пайдаланудағы бұрғылау станоктары		саны	1	1	2	2	3
Жоспарлы жөндеу жұмыстары							
ҚӨК		көлемі	ішінара	толық	ішінара	ішінара	толық
ГКДҚ-2		көлемі	ішінара	толық	ішінара	ішінара	толық
ГКДҚ-3		көлемі	толық	толық	толық	толық	толық
«Қарашығынық-Орынбор» тасымалдау жүйесі		көлемі	ішінара	толық	ішінара	ішінара	толық
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ	403-9						
Қауіпсіздік техникасы							
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақат		жиілігі	0,06	0,06	0,29	0,08	0,17
Жол-көлік оқиғалары (ЖКО)		жиілігі	0	0,02	0,03	0,05	0,02
Тіркелуі тиіс оқиғалар (ТТО)		жиілігі	0,18	0,28	0,5	0,11	0,24
Адам қазасымен аяқталған жарақат		жиілігі	0	0	0,04	0	0
Еңбекті қорғау	403-10						
Қызметкерлердің жұмыс орнында болмауының көрсеткіштері		жиілігі	736	691	718	713	605
Кәсіби аурулар		жиілігі	0	0	0	0	0
Жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы	OG-13, 403-2						
1-деңгей		саны	0	0	1	2	0
2-деңгей		саны	1	1	0	1	2
3-деңгей		саны	17	14	15	8	18
Елеулі төгінділер	306-3	саны	0	0	0	1	0
Бақылау түрі бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарын талдау	102-11, 103-3, 403-2, 403-4						
Қауіпті фактор		саны	10 856	13 782	12 387	10 777	6 892

Параметрлері	GRI стандарты	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018	2017	2016
Тәлімді тәжірибе		саны	10 357	9 793	10 804	6 698	4 434
Ұсыныс		саны	1 806	2 242	2 108	1 263	610
Қауіпті іс-әрекет		саны	2 559	3 525	3 376	2 634	1 669
Ықтимал қауіпті жағдай		саны	27	61	27	23	22
Апаттық әрекет ету	103-3						
Апаттық әрекет ету бойынша кешенді оқу-жаттығулар (I,II,III деңгейлер)		саны	2	2	3	6	1
Апаттық әрекет ету бойынша оқу-жаттығулар (III деңгей)		саны	2	0	0	0	0
Апаттық әрекет ету бойынша оқу-жаттығулар (II деңгей)		саны	1	5	5	2	2
Апаттық әрекет ету бойынша оқу-жаттығулар (I деңгей)		саны	80	129	126	126	125
Қауіпсіздік	103-2, 103-3						
Құбыр желісіне заңсыз қосылу		саны	0	0	0	0	0
Мердігерлік ұйымдардың және Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерін қауіпсіздіктің және адам құқықтарының ерікті қағидаларына оқыту	410-1	%	100	100	100	100	100
НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІК ЖӘНЕ ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ ӘДІСІ							
Тәртіп кодексі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралары бойынша оқыту	205-2	%	99	99	95	89	77,4
Қызметкерлердің шағымдары мен өтініштері	102-17, 103-2, 103-3	саны	102	99	37	27	35
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР							
Қызметкерлердің географиялық орналасуы	102-8, 103-1						
Ақсай		%	93,9	93,4	94	94,2	94,8
Орал		%	4	4,5	4	3,8	2,8
Нұр-Сұлтан		%	0,6	0,6	0,8	0,8	0,9
Үлкен Шаған		%	0,9	0,9	0,6	0,6	0,9
Атырау		%	0,6	0,6	0,6	0,6	0,6
Қызметкерлердің саны	102-7, 102-8	саны	4 368	4 532	4 493	4 421	4 339
Жергілікті қызметкерлер		саны	4 133	4 202	4 140	4 056	4 039
Шетелдік қызметкерлер		саны	235	330	353	365	300
Қызметкерлермен жасасқан еңбек шарттардың түрлері	102-8						
Тікелей еңбек шартын жасасқан қызметкелер		саны	3 063	3 137	3 130	3 134	3 156

Параметрлері	GRI стандарты	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018	2017	2016
Қазақстандық кадр агенттіктері арқылы жұмысқа алынған қызметкерлер		саны	1 070	1 065	1 010	922	883
Құрушы компаниялардың қызметкерлері		саны	232	325	345	344	255
Шетелдік агенттіктері арқылы жұмысқа алынған қызметкерлер		саны	3	5	8	21	45
Жынысы бойынша қызметкерлердің саны	102-8						
Ер адамдар		саны	3 148	3 277	3 261	3 222	3 131
Әйел адамдар		саны	1 220	1 255	1 232	1 199	1 208
Жасы бойынша қызметкерлердің саны	401-1						
20-30 арасында		саны	431	437	458	486	793
30-40 арасында		саны	1 627	1 573	1 553	1 534	1 360
40-50 арасында		саны	1 153	1 099	1 074	1 040	1 055
50-60 арасында		саны	1 007	964	938	890	789
60 -тан асқан		саны	179	129	60	106	42
Жергілікті қызметкерлер тұрақтамауы динамикасы	401-1	%	1,1	1,7	1,8	2,7	1,9
Жұмыстан шығып кеткен қызметкерлер		саны	167	179	135	148	165
Жанадан жұмысқа орналасқан қызметкерлер		саны	97	244	221	166	118
Уақытша жұмыс істейтін қызметкерлер	102-8	саны	120	138	125	91	84
Еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзу		саны	43	42	24	45	18
Жергілікті қызметкерлер	202-2, 103-3						
Басшылық құрам		%	83	79	77	76	80
Білікті мамандар мен супервайзерлер		%	97	96	95	95	96
Халықаралық сертификатталған бағдарламалары бойынша оқытылған қызметкерлер	404-2						
CIPS институтының сатып алу саласындағы халықаралық сертификаты		саны	10	15	11	16	51
OPITO стандарты бойынша апаттық жағдайда әрекет ету бойынша MEMIR оқыту курсы		саны	0	19	43	43	47
Ұңғыманы басқару IWCF		саны	13	59	39	44	32
Бұзбай бақылау бойынша сертификаттау (NDT)		саны	3	33	30	9	25

Параметрлері	GRI стандарты	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018	2017	2016
Денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы NEBOSH халықаралық сертификаты		саны	12	11	0	12	0
ОРИТО сарапшысының бағасы		саны	0	15	0	0	0
Дипломды ішкі аудитор (CIA)		саны	3	2	0	0	0
Халықаралық қаржылық есептілік бойынша ACCA сертификациясы (ACCA)		саны	3	0	0	0	0
Американдық мұнай институты Техникалық стандарттар бойынша сертификаттау (API)		саны	6	0	0	0	0
Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA)		саны	1	0	0	0	0
Тағайындалған қызметкерлердің бір курс бойынша оқыған сағаттарының орташа саны	404-1	сағаттардың орташа саны					
Кәсіби курстар		сағаттардың орташа саны	59,32	42,96	33,64	37,4	43,8
Тіл үйрету курстары		сағаттардың орташа саны	42,89	55,49	62,62	62,9	40
Сертификатталған бағдарламалар		сағаттардың орташа саны	412,99	43,49	32,09	27,9	27,2
Техникалық курстар және ҚТ бойынша курстар		сағаттардың орташа саны	12,99	12,79	6,62	6,7	6,7
КПО стипендиялық бағдарламасы	404-2	АҚШ доллары	37 639	82 332	97 969	104 000	74 346
Қызметкерлер		саны	9	19	20	20	15
Қызметкерлердің балдары		саны	20	39	37	40	31
Барлығы		саны	29	58	57	60	46
Тағылымгерлер	102-44						
Студенттік практика бағдарламасы		саны	106	313	299	363	485
Жастар практикасы бағдарламасы		саны	1	33	20	10	10
Жұмысқа қабылданған		саны	2	6	10	0	0
ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ							
ҚОҚ шаралар жоспарын жүзеге асыруға жұмсалған шығын	103-2, 102-44	мың теңге	11 580 444	9 677 175	7 604 066	9 418 997	6 294 270
ҚМГКК		млрд теңге	11,06	9,64	7,6	9,39	6,26
ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық құбыр желісіне (БҚО)		млн теңге	362,5	11,12	9,3	13,4	9,5
ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық құбыр желісіне (БҚО)		млн теңге	157,5	22,4	26,25	20,59	26,7
Газды кәдеге жарату	OG-6	%	99,92	99,91	99,94	99,92	99,84
Орынбор ГӨЗ-на жеткізілген		%	44,45	49,19	50,19	46,41	50,59
Газды қабатқа кері айдау		%	51,26	47,02	45,41	49,09	45,53

Параметрлері	GRI стандарты	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018	2017	2016
Отын газы		%	4,21	3,70	4,33	4,42	3,71
Алауда жағылған		%	0,08	0,09	0,06	0,08	0,16
Жағылған ілеспе газ көлемі		млн м ³	15,27	16,76	11,95	15,61	28,63
Атмосфераға тасталатын шығарындылар	305-7						
ЛЗ эмиссияларына рұқсат бойынша		тонна	17 527	18 544	19 986	26 538	21 876
Нақты		тонна	7 591	7 597	7 759	8 569	11 421
Өндірісі бірлігіне шаққандағы шығарындылар көрсеткіші		мың тоннаға тоннадан	0,26	0,29	0,28	0,31	0,44
ПГ жалпы шығарындылары	305-1	мың тонна CO ₂ – эквиваленті	1 821 604	1 870 324	1 893 447	1 928 700	1 870 041
ПГ меншікті шығарындылар (CO ₂ +CH ₄ +N ₂ O(CO ₂ e))	305-4	өндірілген көмірсутектердің 1 мың тоннасына шаққандағы тонна	62	64	69	69	72
ПГ (CO ₂) меншікті шығарындылары – IOGP деректері (халықаралық көрсеткіштер)		өндірілген көмірсутектердің 1 мың тоннасына шаққандағы тонна	123	130	130	133	129
ПГ (CO ₂) меншікті шығарындылар – IOGP деректері (еуропалық көрсеткіштер)		өндірілген көмірсутектердің 1 мың тоннасына шаққандағы тонна	88	84	83	83	88
ПГ (CO₂) шығарындыларын азайту	305-5	мың тонна CO ₂	251	464	307	447	337
Жоғары қысымды сепараторды пайдалану арқылы ПГ шығарындыларын азайту		мың тонна CO ₂	10	367	236	364	278
Энергияны тұтыну	302-1	шартты отын тоннасы (ш.о.т.)	1 067 135	1 021 946	1 040 603	1 051 285	971 700
Отын газы		(ш.о.т.)	1 063 251	1 018 625	1 037 274	1 048 142	967 129
Электр энергия		(ш.о.т.)	767	891	825	848	1 333
Дизель жанармайы		(ш.о.т.)	1 498	932	1 058	911	1 811
Бензин		(ш.о.т.)	220	249	271	316	291
Жылу		(ш.о.т.)	1 399	1 249	1 175	1 068	1 136
Су тұтыну	303-3	м ³	470 601	527 853	515 141	538 464	468 939
Техникалық су		м ³	388 172	434 397	420 777	447 774	378 854
Ауыз су		м ³	82 429	93 456	94 364	90 690	90 085
Сарқынды сулар							
Тазартылған сарқынды суларды төгу	303-2	м ³	761 119	701 128	735 152	649 197	481 709
Тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану	303-3 2016	м ³	18 313	38 545	18 241	50 476	48 023

Параметрлері	GRI стандарты	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018	2017	2016
Сарқынды сулармен төгілген ластаушы заттар	303-4						
Ластаушы заттар тастандыларына шектеу		тонна	54 244	66 653	76 802	57 281	57 279
Төгілген сарқынды сулардың нақты көлемі		тонна	46 006	39 683	42 280	32 933	17 097
РЕШТ нормативтері шегінде		тонна	45 961	35 732	39 695	28 791	16 940
Нормативтерден тыс төгілген сарқынды сулар		тонна	45	3 951	585	4 142	157
Түзілген қалдықтар	306-3						
Қауіпсіз қалдықтар		тонна	2 717	2 955	5 064	1 597	840
Қауіпті қалдықтар		тонна	29 378	53 482	44 916	52 293	31 944
Түзілген, өңделген, орналастырылған және қайта өңделген қалдықтар	306-3, 306-5						
Жағылған қалдықтар		тонна	772	955	737	930	722
Өңделген қалдықтар		тонна	18 247	31 610	27 218	26 225	32 949
Қайта пайдаланылған және өндіріске қайтарылған қалдықтар		тонна	2 762	6 256	5 979	6 411	4 558
Кәсіпорынның қалдықтарды орналастыру нысандарында орналастырылған және көмілген		тонна	12 665	27 843	22 547	25 349	55 252
Кейінгі қайта өңдеу, пайдалану, жағу және көму үшін үшінші тарапқа берілген қалдықтар		тонна	5 500	6 929	6 591	4 681	4 520
Компания жинаған қалдықтар		тонна	341 419	340 781	323 328	309 676	291 459
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕСІМІЗ							
Жергілікті қоғамдастықтармен қарым-қатынас	103-2						
Қоғамдық тыңдаулар		саны	4	10	10	9	7
Кенттік консультативтік кеңесшілерімен кездесулер		саны	10	6	13	3	18
Жергілікті тұрғындардың шағымдары мен өтініштері			214	235	309	410	102
Газ иісіне қатысты шағымдар	103-2	саны	7	17	42	11	31
Березовка мен Бестаудың қоныс аудару нәтижелері бойынша жергілікті тұрғындардың шағымдары			198	218	267	396	66
Әлеуметтік инфрақұрылым			9	0	0	3	5
Жергілікті халықты дамыту бағдарламаларына инвестициялар	413-1						
Денсаулық саласы		АҚШ доллары	28 090	42 319	49 199	–	50 000

Параметрлері	GRI стандарты	Өлшем бірлігі	2020	2019	2018	2017	2016
Білім беру саласы		АҚШ доллары	3 536	–	–	–	45 000
Қайырымдылық		млн теңге	15	0,389	25	0,15	–
Демеушілік		млн теңге	–	98	40	35	45
Өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымына инвестициялар	203-1						
Әлеуметтік инфрақұрылымға (БҚО/Орал қ.) инвестициялар		млн теңге	10 458	3 030	13 561	2 778	5 995
БҚО/Орал қаласында аяқталған әлеуметтік жобалар		саны	6	3	26	11	11
Әлеуметтік инфрақұрылымға (Берлі ауданы/Ақсай қ.) инвестициялар		млн теңге	0	-	2 338	1 729	3 704
Берлі ауданы/Ақсай қаласында аяқталған әлеуметтік жобалар		саны	-	-	5	5	6
ТЖҚ сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі	204-1						
ТЖҚ жалпы сатып алу көлемі		млн АҚШ доллары	586,7	683,5	474	738	1 027
Сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі		%	59,3	57	59,6	54,14	51,6
ТЖҚ жалпы көлеміндегі қазақстандық қамту тауарларының үлесі		%	33	30	35	25	15
Қазақстандық тендерлер		саны	35	32	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
Оқудан өткен қазақстандық компаниялардың саны		саны	165	7	22	16	Қолданылмайды
Қазақстанда шығару бойынша жол картасы		саны	4	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды	Қолданылмайды
Жеткізілімдерді ұйымдастыру	102-9						
КПО-ның жеткізушілер дерекқорында тіркеуде тұрған компаниялар		саны	439	434	405	434	400
Келісімшарттар мен қосымша келісімдер жасасқан жеткізушілер		саны	500	580	564	562	599
Қазақстандық өндірушілер		саны / %	410 / 80%	418	389	364	360
Шетелдік жеткізушілер		саны / %	117 / 20%	162	175	198	239
Тауарларды жеткізуге арналған келісімшарттар		саны	800	1 037	982	753	890
Тауарларды жеткізуге арналған келісімшарттардың құны		млн АҚШ доллары	180	254,1	120,1	222	152
Қызмет көрсету келісімшарттары		саны	700	658	604	224	240
Қызмет көрсету келісімшарттардың құны		млн АҚШ доллары	880	889,9	1095,6	893	955

The background features a stylized illustration of a forest. The trees are represented by vertical, light blue lines. Various animals are depicted in a simplified, graphic style: a white horse, a blue ram, a green camel, and a brown bull with a rider holding a flag. The overall color palette is soft, with light blues, yellows, and greens.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Ұйым құрылымы және басқару тәсілдері.....31

Бизнес-этикасы.....36

ҰЙЫМ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ GRI 102-18, 102-44

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының қазақстандық филиалы 1997 жылы «Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (бұдан әрі – ӨБТК)» талаптарына сәйкес Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын (бұдан әрі – Қарашығанақ кен орны немесе ҚМГКК) пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыру үшін бірлескен кәсіпорын ретінде құрылды. GRI 102-5

КПО өз бойына бес халықаралық мұнай-газ компаниясының озық тәжірибесін жинақтайды (бұдан әрі – мердігер немесе құрушы компаниялар, 2016 жылы «Шелл» компаниясын «Биджи» компаниясы алмастырды):



Компанияда қауіп-қатерлерді басқаруды, ішкі бақылауды және нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етуді қамтитын кешенді және ұйымдастырылған басқару үдерістері қолданылады. Бұл кәсіпорынның табысты да сәтті де дамуының кепілі. Кешенді басқару тәсілінің негізгі міндеті жоғары басшылық бекіткен стратегияларды және алға қойған міндеттер мен нұсқауларды жүйелі және тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін сауатты шешімдер қабылдау және бақылау тетіктерін енгізу болып табылады.

ҚҰРЫЛЫМ

КПО компаниясының ұйымдық құрылымы сыртқы экономикалық жағдайларға тұрақты бейімделуді ескере отырып, алға қойылған бизнес-міндеттерге қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының «PSA» ЖШС Өкілетті органының және біздің құрушы компанияларымыздың игілігі үшін әзірленді.

КПО компаниясының екі негізгі басқару органы: басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) және өнімді өткізу жөніндегі бірлескен комитет (ӨБК) ӨБТК талаптарына сәйкес бес құрушы компанияның әрқайсысының және өкілетті органның өкілдерінен құрылады. ББК отырыстарында өкілетті органның бір дауысы бар және құрушы компаниялар, тұтастай алғанда, бір дауысқа ие. Шешім қабылдау үшін барлық тараптардың оң дауысы қажет етіледі. Өнімді өткізу жөніндегі бірлескен комитетте де басқару жөніндегі бірлескен комитеттегідей дауыс беру жүйесі қолданылады.


Компанияда аталмыш комитеттерден басқа шағын комитеттер құрылған. Басқарудың толық құрылымы графикалық түрде б-суретте көрсетілген. Комитеттер мен шағын комитеттердің қызметтері 2018 жылғы «Тұрақты даму туралы есепте» жете айтылған (33-34 бет).



КПО кеңсесі, Орал қ.

6-сурет. Қарашығанақ жобасын басқарудың жоғары буындары (01.04.2021 ж. жағдай бойынша)

GRI 102-18, 102-44



Ескерту: Қазақстан Республикасының өкілетті органы қызметін «PSA» ЖШС атқарады

КПО БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ GRI 103-2

ӨБТК-ге сәйкес КПО өз қызметінің барлық аспектілері бойынша жұмысты халықаралық стандарттарды басшылыққа ала отырып жүргізеді. Стандарттар КПО басқару жүйесінің негізін құрайтын бірқатар ережелер, процедуралар және тиісті ұтымды тәжірибелерге сүйеніп енгізіледі.

Тұрақты дамумен байланысты КПО менеджмент жүйелері келесі кестеде келтірілген:

5-кесте. Тұрақты даму мәселелері бойынша басқару жүйелері GRI 103-2

Тұрақты даму	Корпоративтік басқару	Өндірістік мәселелер	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік тұтастық	Әлеуметтік салаға үлес қосу	Құқықтық және этикалық нормалардың сақталуы
<ul style="list-style-type: none"> Тұрақты даму кодексі 	<ul style="list-style-type: none"> КПО корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; Корпоративтік басқару мәселелері бойынша менеджмент жүйесі. 	<ul style="list-style-type: none"> Өндірісті басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; Маркетинг директорын басқару жүйесі; Қаржы директорын басқару жүйесі; Біліктілікті басқару жүйесі бойынша саясат. 	<ul style="list-style-type: none"> ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясат ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту бойынша жыл сайынғы жоспар; Еңбекті қорғау және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша саясат; Энергия саясаты және энергия менеджменті жүйесі бойынша нұсқаулық; Қауіпсіздікті басқару жүйесі бойынша нұсқаулық. 	<ul style="list-style-type: none"> Жергілікті қамту саясаты; Нұр-Сұлтандағы кеңсені және ББК хатшылығын басқару жүйесі; КПО әлеуметтік қызметі саласындағы ереже мен стандарттар; Демеушілік және қайырымдылық саласындағы саясат; Еңбек ресурстарын басқару бойынша ереже; Әлеуметтік жобалар бөлімінің басқару жүйесі. 	<ul style="list-style-type: none"> КПО тәртіп кодексі; Мүдделер қақтығысы саясаты; Сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты.

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ БІРІКТІРІЛГЕН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ GRI 103-1, 103-2, 403-1, 403-7, 403-8

КПО компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жүйесін ISO 14001:2015 (Экологиялық басқару жүйесі), ISO 45001:2018 (Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік) және ISO 50001:2018 (Энергияны тұтынуды басқару) халықаралық стандарттарына сәйкес сертификатталған аттас біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде басқарады.

2020 жылы КПО сертификаттаудан қайта өтіп, ISO халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігін растайтын сертификаттарды алды. Бұл мақсатқа жету сертификаттау процесі мен компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ қатысты міндеттемелерінің орындалуына COVID-19 індеті еш әсер етпегенін көрсетеді.

Бұл процесті қолдау мақсатында КПО мен мердігер ұйымдардың қызметкерлері үлкен жұмыс атқаруда. Қоршаған ортаға барынша аз әсер етіп, қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үздіксіз жетілу мен адал қызмет Компания үшін айрықша маңызға ие.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы КПО талаптары кеңінен қолданылады және Компания жасасатын барлық келісімшарттарға арнайы қосымшада берілген. Әлеуетті қауіп-қатерді төмендету және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін КПО-да тиісті процедуралар енгізілген.

Жыл сайын КПО-да ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін арттыру мақсатында бірқатар бағдарламалар, оқытулар, бастамалар мен науқандар өткізіледі. Мұндай бастамалар кіріспе нұсқамаларды, мамандандырылған кәсіптік оқытуларды, сондай-ақ «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көшбасшылық және мәдениет бағдарламасы», «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы», «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ын-таландыру бағдарламасы», «Денсаулық үшін қауіптерді бағалау», «Экологиялық мәдениетті дамыту және хабардарлықты арттыру бағдарламасы» секілді және басқа да бағдарламаларды қамтиды, дегенмен олармен шектелмейді. 2020 жылы КПО 6 ішкі аудит және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 22 аудит өткізді.

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ **GRI 102-15**

Мұнай-газ операцияларын ұйымдастыру және жүргізу жұмыстары қызметкерлердің денсаулығына, қоршаған ортаға және өндірістік активтерге ықтимал әсер етуін ескере отырып, мұқият қарауды талап етеді. Адал жер қойнауын пайдаланушы ретінде КПО компаниясы кәсіптік қауіпсіздік және атмосфераға тасталатын шығарындылар, су және топырақ ресурстарының ластануы, қалдықтардың пайда болуы сияқты технологиялық қауіпсіздікке қатысты қызметтегі қауіп-қатерлерді басқаруға ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар негізгі қауіп-қатерлер келесіні қамтиды, дегенмен олармен шектелмейді:

- өндірістігі персоналдың қауіпсіздігі: күкіртсутегі шығарындыларының қауіпі;
- жол-көлік оқиғалары: көлік құралын басқара алмай қалу;
- өндіріс тұтастығына қатысты қауіп-қатер;
- қоршаған ортаның ластану қауіпі: әлеуетті төгінділер, қалдықтардың пайда болуы және атмосфераға шығарындылар, шығарындыларға рұқсаттың қайтарылуы;
- нақты ұзақ мерзімді стратегияның жоқтығы;
- саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың жоғалу қауіпі;
- мұнай-газ өнімдерін өткізу мүмкіндігінің жоғалу қауіпі;
- біздің қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің және қосалқы мердігерлердің этикалық нормаларды сақтамау қауіпі;
- білікті жергілікті кадрларды тартумен және ұстап қалумен байланысты қиындықтар.
- құрушы компаниялардың шығындарының өтелмеу қауіпі;
- кибер-шабуылдарға қатысты ауыр оқиғаларға бейімділік.

КПО-да мақсаты Компания жұмысы барысында орын алатын қызметтегі қауіп-қатерлер, сонымен қатар қауіпсіздік бойынша қауіп-қатерлерді анықтау және тиімді басқару болып табылатын қауіп-қатерлерді басқару үдерісі ресми түрде қолданылады.

Қауіп-қатерлерді басқару процедурасы мен жүйесі бұл үдерісті анықтайды және сипаттайды, сонымен қатар бүкіл компания бойынша функциялар мен міндеттердің бөлінуін реттейді. Корпоративті басқару мәселелері жөніндегі директорат қауіп-қатерлерді басқару жүйесіне және қауіп-қатерлердің корпоративтік тізілімін жүргізуге жауап береді. Осы тізілім әлеуетті қауіп-қатерлер тізбесін және оларды азайтуға бағытталған тиісті іс-шаралар жоспарларын қамтиды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша негізгі қауіп-қатерлер «Тосқауылдар моделі» бағдарламасының көмегімен тізілімге енгізілген, бұл бағдарламада аталған қауіп-қатерлердің толық сипаттамасы берілген. Бұл қауіп-қатерлер еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндіріс тұтастығы директоратымен бақыланады және қауіп-қатерлерді басқару жүйесімен реттеледі.

2020 жылы КПО біріктіруді көздеп қауіп-қатерлерді басқару саласында ұстанатын тәсілдемеге өзгерістер енгізуге бастау берді. Бұл тәсілдеменің мақсаты – Компанияның барлық деңгейлерінде оның бизнес-мақсаттары мен міндеттерінің қызметтегі қауіп-қатерлермен үндестірілуі.

Барлық қызметтегі қауіп-қатерлер қауіп-қатерлердің корпоративтік тізілімі түрінде КПО жоғары басшылығының қатысуымен өткізілетін қауіп-қатерлерді басқару жөніндегі комитетімен қарастырылуға ұсынылады. Осы комитеттің әрбір отырысынан кейін корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі директор құрушы компаниялар комитетіне Компанияның аса маңызды қауіп-қатерлері туралы толық ақпаратты көрсете отырып, қауіп-қатерлер тізілімін ұсынады. **GRI 102-33**

Маңызды әлеуметтік, экологиялық және экономикалық тақырыптар бойынша негізгі тәуекелдерді азайту шаралары толығырақ тиісті тақырыптар бойынша тарауларда сипатталған.

БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ GRI 103-3

КПО компаниясы аудитті өз қызметінің тиісті талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету құралдарының бірі ретінде пайдаланады. КПО ішкі корпоративтік аудит бөлімі КПО қызметінің тиімділігін арттыру және жүйелі де жан-жақты тәсілдемеге сүйеніп, қойылған өндірістік міндеттерге қол жеткізу мақсатында ішкі де, тәуелсіз де тексерулерді қамтамасыз етеді. Мұндай тәсілдеме қауіп-қатерлерді басқару, бақылау және басқару процестерінің тиімділігін бағалауға және арттыруға көмектеседі.

КПО қызметтің барлық аспектілері бойынша жылдық жоспар әзірлейді, бұл жоспар бизнес-процестердің және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы басқару жүйесінің тиімділігі, заңнаманы және ішкі регламенттерді сақтау, қаржылық және басқару есептілігінің нақтылығы, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді түзету бойынша кезекті іс-әрекеттер сияқты тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар, КПО-ның құрушы компаниялары қауіп-қатерлерді бақылау және басқару саласында қосымша сапа дәрежесін қамтамасыз ету үшін жыл сайын аудит жүргізеді. Аудит нәтижелері КПО жоғары басшылығына және аудит жөніндегі шағын комитет шеңберінде құрушы компанияларға хабарланады.

Компанияда қолданылатын құралдың тағы біреуі – жобалардың тиімділігін бағалау механизмі. Бұл әдіс барлық кеңейту жобалары үшін қолданылады және жобаға жауапты адамдарға инвестициядан барынша қайтарымды алуға жәрдемдесуге арналған жобаның күрделілігіне байланысты оңай бейімделетін механизм болып табылады. Бұған қоса, шығындардың тиімділігін бағалау, сондай-ақ функционалдық техникалық тексерулер, сараптамалық көмек және семинарлар әр кезеңде, яғни көп сатылы тексеру аясында – жобаны сәйкестендіру кезеңінен бастап жобаны пайдалануға беру кезеңіне дейін, жүргізіледі. Құрушы компаниялар өкілдері ірі күрделі жобалардың тиімділігін бағалау үдерісіне қатысады, ал шағын жобалар бойынша осындай жұмыстар тікелей КПО-да өткізіледі.

Бұған қоса, Компанияның бақылау жүйесінің тиімділігі, сондай-ақ ҚР заңдарының сақталуы, ISO 14001:2015 (Экологиялық басқару жүйесі), ISO 45001:2018 (Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік) және ISO 50001:2018 (Энергияны тұтынуды басқару) шолу аудиттерін қоса алғанда, ISO стандарттары бойынша сертификаттауға сәйкестік жұмысымен қамтамасыз етіледі.

ӨНДІРУШІ САЛАЛАРДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ БАСТАМАСЫ GRI 102-13

КПО Қазақстан Республикасы табиғи ресурстарын басқарудағы табыстардың және құн жасаудың толық тізбегінің айқындығын қамтамасыз етуге бағытталған «Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын (ӨСАБ)» қолдайды.

2020 жылы Компания салық және төлемдер түрінде ҚР бюджетіне 971 млн АҚШ долларын төлеген (SAP ішкі бухгалтерлік есеп жүйесінің бағамы бойынша). Бұл деректер

«Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы» бойынша 2020 жылғы 16-ұлттық есебінде көрсетілген.

КПО өз салық міндеттемелері бойынша «ӨСАБ» есептерін ҚР құзиретті органдарына 2014 жылдан бері өздігінен ұсынып келеді.

6-кестеде КПО-ның 2014 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде төлемдері туралы деректер берілген.

6-кесте. КПО төлеген салықтар мен міндетті төлемдер, 2014–2020 жж. (АҚШ долл.)

2014	2015	2016	2017*	2018	2019	2020**
2,1 млрд	1,2 млрд	0,369 млрд	0,746 млрд	1,9 млрд	1,6 млрд	0,971 млрд

Ескерту:

* 2017 жылғы Тұрақты даму туралы есепте жарияланған 897 млн сомдағы алшақтық төлеуші мен алушының деректерін салыстырып тексеруден кейінгі кезеңде қайтару сомасының көрсетілуімен түсіндіріледі.

** 2020 жылдан бастап қазақстандық теңгеден АҚШ долларына айырбастау кезінде, КПО есепті кезең соңындағы ҚР ҰБ бағамы бойынша емес, SAP бухгалтерлік есептің ішкі жүйесіне сәйкес төлем сәтіндегі бағам бойынша есептеуді орындайды.

КПО компаниясының ҚР мемлекеттік бюджетіне төлеген салықтары жөніндегі мәліметтер <http://egsu.energo.gov.kz> сілтемесі бойынша «ҚР мұнай-газ және тау-кен өндіру секторларының төлеушілердің салықтық және салықсыз төлемдер/түсулер бойынша қорытынды есептеме» бөлімінде баршаға қолжетімді етіліп жарияланған.

БИЗНЕС ЭТИКАСЫ GRI 102-16

КПО БИЗНЕС ҚАҒИДАЛАРЫ

КПО өз қызметін 2019 жылы қолданысқа енгізілген «КПО бизнес қағидаларына» сәйкес жүзеге асырады.

«КПО бизнес қағидалары» қызмет жүргізу барысында Компания басшылыққа алатын жолдарды айқындап, жұмыс тиімділігінің және этикалық тәртіптің жоғары стандарттарын белгілейді. Мүдделі тараптарымыз, соның ішінде мердігерлер мен жеткізушілеріміз, осы қағидаларды құрметтейді және орындайды деп күтеміз.

«КПО бизнес қағидалары» құжатының толық нұсқасымен және таныстырма бейнебаянымен КПО сайтында осы сілтеме арқылы таныса аласыздар.

ТӘРТІП КОДЕКСІ GRI 103-2

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. «Тәртіп кодексі» – осы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі негізгі құжат. Бұл құжат этикалық қағидаларды, құндылықтарды және Компанияның ішкі және сыртқы әрекеттері кезіндегі, соның ішінде жеткізушілермен, өндірушілермен және басқа да серіктестермен қатынасудағы этикалық қағидаларды, тәртіп ережелері мен құндылықтарын анықтайды.

«Тәртіп кодексі» біздің қызметкерлербен сақталуы талап етілетін «Бизнес қағидаларымызды», тиімділік стандарттары мен этикалық тәртіп нормаларын қолдану жолдары бойынша КПО қызметкерлеріне толық нұсқаулықты ұсынады. Тәртіп кодексі сыртқы сауда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, ақпараттандыру, сыйлықтар мен қонақжайлылық білдіру белгілері сияқты сұрақтарды айқындайды. «КПО тәртіп кодексі» құжатының толық нұсқасы КПО сайтында осы сілтеме бойынша орналасқан.

7-сурет. КПО бизнес қағидалары

«КПО БИЗНЕС ҚАҒИДАЛАРЫ» НЕГІЗГІ ЖЕТІ КАТЕГОРИЯНЫ ҚАМТИДЫ:



1 Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау



2 Іскерлік этиканың нормаларын сақтау



3 Экономика



4 Қызметкерлер



5 Жергілікті қауымдастықтар



6 Ақпараттандыру және өзара әрекеттесу



7 Құқықтық нормалардың сақталуы

Тәртіп кодексі және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту **GRI 205-2**

Компания барлық қарым-қатынастар «КПО тәртіп кодексінде» келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидаларға негізделген әділ және таза бизнес ортасын құруға бар күшін салып келеді.

КПО-ның жаңадан қабылданған қызметкерлерінің барлығы «КПО тәртіп кодексіне» кіріспе курсынан өтеді. Бұған қоса, КПО барлық қызметкерлері оның талаптарымен танысқандығын осы салаға қатысты ұсынылған жеке міндеттемелермен келісу арқылы жыл сайын растау қажет. «КПО тәртіп кодексі» және басқа да этикалық сәйкестік саясаттары, сондай-ақ практикалық тестілер әрбір қызметкерлердің онлайн тәртіпте танысуы және өтуі үшін КПО-ның интранет желісіне жүктелген.

Коронавируспен байланысты жағдайға орай, 2020 жылы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері бетпе-бет оқытуларды онлайн форматқа көшірді. Осылайша, офлайн оқудан өтуге тиісті барлық КПО қызметкерлері үшін қашықтықтан оқытудың бірнеше сессиялары сәтті ұйымдастырылды.



Қарашығанақ өңдеу кешеніндегі әкімшілік ғимарат жанында

Сәйкестікті сақтау бойынша жедел желі қызметі және басқа да шаралар **GRI 102-17, 103-3**

Компанияның нормативтік құқықтық сәйкестік бағдарламасын іске асыру мақсатында, 2012 жылдан бері КПО-ның тегін, анонимдік және құпия жедел желісі жұмыс істеп келеді.

Жедел желі КПО қызметкерлері, жеткізушілері және мүдделі тараптары үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын құрудағы маңызды құрал болып табылады. Жедел желі арқылы хабарланатын тақырыптарға ықтимал құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылық, соның ішінде дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық кіреді. Қызметтік бұзушылық туралы мәлімдемені телефонмен немесе онлайн нысанды толтыру арқылы жолдауға болады. Бұдан соң, бұл мәлімдеме нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөліміне қарау және тиісті шараларды қабылдау үшін жіберіледі. Кей жағдайларда қызметкерлерге заң директорына тікелей жолығуға болады.

2020 жылы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бөлімімен 102 мәлімдеме қабылданды. Келіп түскен барлық мәлімдемелер нормативтік-құқықтық сәйкестік бұзушылықтарын тергеу тобымен тергеледі және, қажет болғанда, салдарларды жою бойынша тиісті шаралар қолданылды. Қазіргі уақытта алынған мәлімдемелер мен салдарларды жою шараларын тиімдірек басқару мақсатында тергеудің жаңа процедурасын Компания енгізуде.

ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР

Денсаулық сақтау	39
Қауіпсіздік техникасы	46
Апаттық әрекет ету жүйесі	57
Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету	59
Қауіпсіздік	62
Қызметкерлер және кәсіби дайындық	64
Жергілікті халықпен қарым-қатынас	72

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

КПО өз қызметкерлерінің денсаулығын зиянды факторлардан қорғау және Компанияда салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру бойынша жұмысын жалғастыруда. COVID-19 пандемиясы, бағдарламалар мен іс-шараларды енгізу бойынша жоспарларымызды өзгертті. **GRI 103-1**



7-кесте. Денсаулық сақтау саласындағы міндеттеріміз **GRI 103-2**

2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
Төмендегі бағдарламаларды қамтитын қызметкерлердің психологиялық салауаттылығы мен денсаулығын сақтау жүйесін іске асыруды жалғастыру: <ul style="list-style-type: none"> «Күйзелуге қарсы тұру» бағдарламасы; Психологиялық қолдау бағдарламасы; «Маған бірдеңе болды» бағдарламасы. 	Жартылай орындалды	«Күйзелуге қарсы тұру» бағдарламасы: Пандемия басталғанға дейін бірнеше «оффлайн» оқыту мен жаттығулар өткізілді. Әзірше, бағдарлама тоқтатылды, дегенмен де кейбір нұсқаушылар онлайн жаттығулар өткізді Қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету бағдарламасы бойынша дайындық жұмысы жүргізілді: тендер өткізіліп қызмет көрсету бойынша келісімшарт жасалды COVID-19 пандемиясы кезіндегі жұмыс көптігіне байланысты «Маған бірдеңе болды» бағдарламасы 2021 жылға қалдырылды	Төмендегі бағдарламаларды қамтитын қызметкерлердің психологиялық салауаттылығы мен денсаулығын сақтау жүйесін іске асыруды жалғастыру: <ul style="list-style-type: none"> COVID-19 шектеулері алынып тасталған жағдайда, «Күйзеліске қарсы тұру» бағдарламасы толықтай жалғасады. «Онлайн» оқыту мен жаттығуларды неғұрлым белсенді түрде өткізу. Психологиялық қолдау бағдарламасы; «Маған бірдеңе болды» бағдарламасы.
Компанияның басқа бөлімшелерінде «Адамдарға қамқорлық» бағдарламасының комитеттерін құру бойынша жұмысты жалғастыру	Орындалмады, қайта қаралды	COVID-19 пандемиясына байланысты бұл жұмыс тоқтатылды. Бұл бағдарлама аясында мердігерлердің нысандарындағы санитарлық-тұрмыстық жағдайлары тұрақты түрде тексеріліп тұрды	Мердігерлердің нысандарындағы санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жоспарлы және жоспардан тыс тексеруді жалғастыру
Пилоттық жобаның нәтижелері бойынша компанияның басқа бөлімшелерінде шаршау қаупін бақылау бағдарламасын енгізу	2021 жылға қалдырылды	COVID-19 пандемиясына байланысты 2020 ж. қойылған мақсаттарды толықтай орындауға мүмкіншілік болған жоқ. Пандемия мен карантин жағдайында бейімделу барысында қызметкерлердің шаршау қаупін азайту бойынша жұмыс жүргізілді	Шаршау қаупін басқаруға арналған бағдарламаны Компанияның басқа бөлімшелерінде енгізу
<ul style="list-style-type: none"> Global Challenge бағдарламасын жүзеге асыру; Мамандармен бірігіп Денсаулық сақтау күндерін өткізу. 	Орындалмады	Коронавирус пандемиясына байланысты, бұл бағдарламалар бойынша жоспарланған іс-шаралар іске асырылмады.	Шектеу шараларын ескере отырып бағдарламаның тұжырымдамасын өзгерту мүмкіндігін қарастыру
Автоматты сыртқы дефибрилляторларды (АСД) орнату бағдарламасын аяқтау	75%-ы орындалды	<ul style="list-style-type: none"> Алғашқы көмек көрсетуі бойынша дайындықтан өткен қызметкерлер АСД-ны қолдануға да үйретілді. Алғашқы төрт АСД, КПО медициналық орталықтарынан ең қашық және қызметкер саны ең көп болып табылған нысандар мен ғимараттарда орнатылды. Қосымша он дефибрилляторға тапсырыс берілді, олар 2021 ж. жеткізіледі деп күтілуде. 	Қалған 10 АСД орнату
Ауысым алдындағы медициналық тексерудің электрондық жүйесін (АМТЭЖ) енгізу	Жаңа мақсат; 25%-ы орындалды	<ul style="list-style-type: none"> ҚӨК және Пилот қалашығындағы медициналық орталықтарында екі АМТЭЖ аппараттық және бағдарламалық жасақтамасын орнату бойынша пилоттық жоба аяқталды. АМТЭЖ бағдарламалық жасақтаманың тестілеуі басталды. 	Бес АМТЭЖ құрылғысын сатып алуы 2021 жылға жоспарланды, олар Компанияның барлық медициналық орталықтарында орнатылатын болады

2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
Халықаралық өнеркәсіптік гигиена стандарттарын енгізуге көмектесетін сарапшыны жалдау мәселесін қарастыру	Орындалмады	COVID-19 пандемиясына байланысты іске-асырылмады. Бұл іс-шара әрі қарай қарастырылмайтындай болып шешілді	
Легионеллез қаупін азайту бойынша жоспардың орындалуын тексеру (аудит).	Жартылай орындалды	Жоспарланған аудит COVID-19 шектеу шараларына байланысты жүргізілмейтіндей болып шешілді	Эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып аудит жүргізуін қарастыру

ӨНДІРІСТЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ GRI 403-3

КПО денсаулық сақтау қызметінде өнеркәсіптік гигиена және санитария бөлімі жұмыс жасайды. Ол бөлімнің құрамына кәсіби профпатолог пен фельдшер және аттестатталған санитарлық зертхана кіреді. Бөлімнің міндеттеріне келесіде белгіленген, бірақ олармен шектелмеген:

- Қызметкерлердің денсаулығына төніп тұрған қауіп-қатерлерді бағалау
- Өнеркәсіптік факторлардың гигиеналық мониторингін жүргізу,
- Асханалар мен ауыз судың тазалығын және қауіпсіздігін бақылау,
- Қызметкердің жұмыс жасауға жарамдылығын тексеру,

- Қызметкердің денсаулығын диспансерлік түрде бақылау,
- Салауатты өмір салтын насихаттау (салауатты өмірге тәрбиелеу).

Бөлімнің қызметі бірқатар процедуралармен реттеліп отырады, ал бөлім мамандары біліктілігін арттыруға арналған оқытуға (соның ішінде халықаралық стандарттарға сәйкес оқыту) үнемі қатысады. Бөлімнің жұмысының сапасы, серіктес компаниялар өткізетін мерзімді аудиттер мен ISO 45001 сертификаттау аудиттері барысында тексеріледі.



КПО денсаулық сақтау бөлімінің қызметкерлері

ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ САПАСЫН ЖАҚСARTУ GRI 103-3, 403-3

2020 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жоспарына, медициналық эвакуациялау мүмкіндіктерін жақсарту (Medevac) шаралары енгізілді. 2020 жылдың қыркүйегін-

де, КПО мен мердігер «Astana Business Aviation Company», тікұшақ арқылы медициналық эвакуациялау жасау бойынша біріккен іс шара қолдану жоспарына қол қойды.

8-сурет. Медициналық көмек көрсету көрсеткіштері, 2020 ж.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ
КӨРСЕТКІШТЕРІ**



1 249

Медициналық орталықтардың көмегіне жүгінген қызметкерлердің саны



57

Медициналық мекемелерге жеткізілген науқастардың саны



272

Өткізілген практикалық сабақтар мен жаттығулардың саны



98

Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша дайындықтан өткен қызметкерлердің саны

**АУЫСЫМ АЛДЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ТЕКСЕРУ (ЖҮРГІЗУШІЛЕР/ ОПЕРАТОРЛАР/
ЭЛЕКТРИКТЕР)**



88 872

Өткізілген тексерудің саны



8

Еңбекке жарамсыз болып анықталған жағдайлар саны



897

Ішінара алкогольдік тексеру



0

Ішінара алкогольдік тексерудің оң нәтижелері

КВИ пандемиясы кезіндегі денсаулық сақтау бөлімінің атқарған жұмысы GRI 403-2, 403-3, 403-6

2020 жылы Денсаулық сақтау қызметінің мамандары барлық күш-жігерін коронавирус індетінің таралуын болдырмауға, қызметкерлердің жаппай ауруына жол бермеуге және өндіріс жұмысының тоқтатылмауының қамтамасыз етуге бағыттады. Жұмыс екі бағытта жүргізілді: Біріншіден Компанияда, екіншіден жалпы өңірде әлеуметтік көмек көрсету.

Қызметкерлердің жаппай ауруын болдырмау үшін келесі шаралар қабылданды:

1. Жұмыс орындағы қызметкерлер санын барынша азайту үшін қашықтан жұмыс істеу тәртібін енгізу;

2. КПО-ның барлық нысандарында әлеуметтік арақашықтық ережелері мен міндетті маска тағу тәртібін енгізу;
3. Барлық қызметкерлерді жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету (бір реттік маскалар мен қолғаптар, қол гигиенасына арналған заттар);
4. Қызметкерлерді және олармен қатынасқан тұлғаларды дереу оқшаулауды қамтитын жаппай ПТР талдамасын тұрақты түрде өткізуге арналған бағдарламаны енгізу. 2020 жылдың шілде-желтоқсан айлары аралығында 28 000-ға жуық ПТР талдамасы ұйымдастырылды, Компанияның 1 329 қызметкері және індетке шалынған қызметкермен қатынаста болған 2 874 адамның бақылауы жүргізілді.

5. Индет өршіген кезде, КПО нысандарының негізгі диспетчерлік қызметінің құрамы арасынан «Арнайы жедел топ» құрылды. Олар үшін, басқа қызметкерлерден және отбасыларынан тыс орналасқан жалға алынған арнайы тұрғын блокта жұмыс жасайтындай ерекше жұмыс тәртібі құрылды.
6. Чех қалашығындағы тұрғын блоктардың бірінде, Компанияның шетелдік қызметкерлері міндетті 14 күндік карантиннан өту үшін арнайы карантин секциясы ұйымдастырылды. Бұл шара шетелдік қызметкерлердің жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз етуге көмектесті. Кейін, бұл секция, ауруға шалдыққан КПО қызметкерлеріне қажетті медициналық көмек көрсету мен Бөрлі ауданындағы мемлекеттік медициналық мекемелерге жүктелген ауыртпалықты азайту үшін стационар болып жасақталды. Стационарда 50 бір-орындық бөлме және 5 реанимациялық орын бар. Стационар барлық қажетті медициналық жабдықтармен және мамандармен толық жабдықталған. 2020 жылы ол жерден КПО-ның 20 қызметкері сәтті емделіп шықты.
7. Сервистік қызметкерлер, күзетшілер мен жүргізушілер үшін КВИ пандемиясы кезіндегі қауіпсіздік және санитарлық-эпидемиялық шараларды сақтау бойынша оқыту жүргізілді.
8. КПО санитарлық зертханасының мамандары корона-вирус алдын алу шаралары бойынша жұмыс орындарын дезинфекциялауды, санитарлық ағарту жұмыстарын ұйымдастырды, КПО мен мердігерлердің жұмыс орындарында санитарлық-дезинфекциялық шаралардың орындалуы бойынша оқыту, аудит және тексерулер жүргізді. Санитарлық дәрігерлер сервистік қызмет көрсету бөлімімен бірге, COVID-19-ке қарсы қойылған негізгі қорғаныс шараларының (маска кию, әлеуметтік арақашықтықты сақтау, қолды дезинфекциялау және т.б.) тамақтану орындарында, кеңселерде, көлікте және өндірісте орындалуын үнемі қадағалап отырды.
9. КВИ алдын алуға бағытталған іс-шаралар шеңберінде индетке шалдыққан қызметкерлерге және олармен қатынаста болған адамадарға COVID-19 туралы анықтама беру үшін арнайы қонырау шалу орталығы құрылды. Топ құрамына денсаулық сақтау бөлімінің мамандары мен қатысуға ниет білдірген басқа бөлімшелердің қызметкерлері кірді.
10. 2020 жылдың жазынан бастап кез-келген қызметкер КВИ туралы сұрағын қоя алатын № 2525 ішкі сенім қоңырау шалу желісі іске қосылды. Бұл топтың мүшелері күнделікті түрде науқастармен байланысып, олардың денсаулығын қадағалап отырды. Сонымен қатар, мамандар, Компания қызметкерлерінің және

мердігерлердің ПТР талдамасын ұйымдастыру, статистикалық ақпарат базасын жүргізу, науқастардың санын талдау бойынша жұмыстар жүргізді.

11. КПО Интранет порталында КВИ мәселелеріне арналған арнайы бет ашылды. Онда Компанияда, Қазақстанда және әлемде КВИ жұқтырған аурулар саны туралы жаңартылған ақпарат және индеттің алдын алу шаралары көрсетіліп, COVID-19-туралы жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар берілген.

КВИ пандемиясы кезінде жергілікті қауымдастықтарға көмек көрсету GRI 102-44

Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесін қолдау бойынша Компания айтарлықтай күш жұмсады.

Бөрлі ауданының орталық ауруханасына жоғары технологиялық Drager желдеткіштері, «Lada Largus»-те жасақталған екі жедел жәрдем көлігі, екі ПТР зертханасы және оларға арналған шығын материалдары, обаға қарсы бір реттік 5000 костюм, дәрі-дәрмектер сатып алынды. КПО Сервистік қызмет көрсету бөлімі, жергілікті тұрғындар арасындағы индетке шалынған науқастарды емдеуге арналған екі қабатты ғимаратты жалға алды. Бұл ғимарат, барлық қажетті медициналық талаптарға сай жұқпалы ауруларды емдеуге арналған стационарға айналдырылды. Ғимаратта, барлық қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген жайлы екі орынды бөлмелер бар. Барлық науқастар мен медициналық қызметкерлерге Компания есебінен күніне үш рет ыстық тамақ ұйымдастырылады. Сонымен қатар, КПО, Ресей Федерациясымен шекарадан өткен Қазақстан Республикасының азаматтарына карантиндік стационарды ұйымдастыру үшін бір қабатты ғимаратты пайдалануға берді. Компания жоғарыда аталған ғимараттарда қызмет көрсету бойынша көптеген жағымды пікірлер алды.

Бөрлі ауданының әкімдігі Компанияның аймақта COVID-19 өршіген кезінде жан-жақты және уақтылы көрсеткен көмегін жоғары бағалады.

Сонымен қатар, Орал қаласындағы медициналық мекемелерге жалпы алғанда, 29 желдеткіш, 20 оттегі концентраторы, 10 төсек жанындағы бақылау құралы, 20 инфузиялық сорғы, ПТР талдауына арналған 20000 реактив сатып алынды.

Ақсай қаласындағы аурухананың жедел медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту жөніндегі әлеуметтік жоба GRI 102-44, 203-1

2019 жылдың аяғынан бастап, КПО «Ақсай ауруханасының жедел медициналық көмек көрсету қызметінің сапасын арттыру» атты бес жылдық жобасын жүзеге асырып келеді. Бұл әлеуметтік жобаның басты мақсаты – Ақсай ауруханасының жедел, шұғыл, хирургиялық және жан сақтау қызметтерінің мүмкіндіктерін халықаралық стандарттар деңгейіне сәйкес келтіру. Жоба аяқталғаннан кейін аудандық аурухана халықаралық аккредиттеуге өтінім бере алады.

Жоба екі кезеңнен тұрады:

1. Қазіргі таңдағы аурухананың бөлімдерін (науқастарды қабылдау бөлімі, жан сақтау бөлімі, хирургиялық бөлімі) жаңғырту. Науқастарды қабылдау бөлімін кеңейту, ескірген жабдықты толықтай заманауи жабдығына ауыстыру, сондай-ақ жедел жәрдем-реанимобиль сатып алу жоспарлануда.

2. Жедел медициналық көмек пен хирургиялық көмек көрсету бойынша халықаралық тәжірибемен бөлісіп жергілікті мамандарды оқыту үшін Қазақстан Республикасында медициналық аккредитациясы бар шетелдік дәрігерлерді тарту.

2020 жылдың соңында бұл жобаның денсаулық сақтау саласына айтарлықтай әсері тигені байқалды, мысалы, хирургиялық өлім деңгейі 2019 жылғы 34% -дан 2020 жылы 14% -ға дейін азайды. Наркоздың жаңа әдістері енгізілді, бұл отадан кейінгі науқастың жан сақтау бөлімінде болатын уақытын 8 сағаттан 2 сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл ем алу құнына айтарлықтай әсер етті.

Әлеуметтік желілері арқылы Компания аурухананың қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардан көптеген жағымды пікірлер алды. Жоба бойынша жұмыс Ақсай қаласының ауруханасында жалғасуда.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ АУРУҒА ШАЛДЫҒУ ҚАУПІН БАСҚАРУ GRI 403-3, 403-6

Компания қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының аумағында жарамды болып табылатын ерікті медициналық сақтандыру пакетін ұсынады. Медициналық сақтандыру пакеті амбулаториялық-емханалық көмектен бастап, стационарлық көмекке және дәрі-дәрмектер мен стоматологиялық ем алуды өтеуге дейінгі бірқатар қызмет түрлерін қамтиды.

2019 жылдан бастап сақтандырылған қызметкерлер медициналық қызмет көрсетушісін өздері таңдай алады,

ал пайдаланылмаған сақтандыру қаражаттарын отбасы мүшелері арасында бөле алады.

Денсаулықтарына байланысты қызметкерлердің жұмыс орнында болмауын бақылау GRI 403-3, 403-10

2020 жылы коронавирустық пандемияға байланысты КПО қызметкерлерінің денсаулығына байланысты олардың жұмыс орнында болмауы бойынша көрсеткіштер өткен жылдармен салыстырғанда біршама өсті.

1-сызба. КПО жұмыс орнында болмау көрсеткіштері, 2014–2020 жж.



Ескерту: КПО жұмыс орнында болмау көрсеткішін есептеу үшін келесі әдіс қолданылады:

- Жұмыс орнында болмау көрсеткіші = жұмыс орнында болмау салдарынан (ауруға шалдығу) жоғалған күндердің нақты саны x 100 / қызметкерлердің жалпы саны. Басқа себептер бойынша жұмыс орнында болмаған күндер туралы ақпарат жоқ.
- КПО-да жұмыс орнында болмау көрсеткіші қызметкерлердің саны негізінде (адам-сағат емес) есептеу әдістемесі қабылданған, өйткені бұл әдістеме реттеуші органдардың талабы болып табылады.

Кәсіби аурулар GRI 403-2, 403-3, 403-10

КПО, мұнай-газ өнеркәсібі күкіртті сутегі, химиялық реактивтер, шу мен діріл, климаттық, биологиялық және психоәлеуметтік әсер тигізетін зиянды факторлармен байланысты қауіпті өндіріс екенін біледі.

Компания осы зиянды факторларды анықтауға, олардың қызметкерлерге әсер ету қаупін бағалауға және ол қауіпті азайтуға ерекше назар аударады. Бұған келесі жүргізілген іс-шара дәлел: қызметкерлердің денсаулығына төнуі мүмкін қауіптерді бағалау, өндірістік нысандарды еңбек қорғау талаптарына сәйкес сертификаттау және өндірісті бақылау бағдарламасы.

2017 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде КПО-да еш кәсіби ауру жағдайы анықталған жоқ.

2020 жылы денсаулыққа қауіп-қатерді бағалау жұмыстары көбіне сұраныс бойынша жүргізілді және жұмыс орнының эргономикасын бағалауды қамтыды.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН НАСИХАТТАУ GRI 103-2, 403-6

2018–2019 жж. КПО, қызметкердің өмір сапасы мен жұмыс сапасын жақсартуға көмектесетін бірнеше психоденсаулықты сақтау бағдарламаларын жүргізді. Компанияда 2019 жылы енгізілген «Стрестті басқару» бағдарламасы топтың кураторы мен оның мүшелері арасындағы тікелей өзара әрекеттесуді көздейді, сондықтан 2020 жылы бұл бағдарлама алғашқы COVID-19 карантині кезінде тоқтатылды. Алайда, кейбір қатысушылар жаттығуларды «онлайн» жалғастырудың мүмкіндігін тапты! Олардың тәжірибесі, пандемия жағдайына қарамастан, болашақта қолданылатыны сөзсіз.

2020 жылы, қызметкерлерге психологиялық қолдау көрсету бағдарламасын іске асыру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді. 2021 жылдың сәуір айында іске қосылған бұл бағдарлама «онлайн және оффлайн» түрде нұсқау беруді қамтиды.

COVID-19 пандемиясына байланысты, «Маған бірдеңе болды» атты бағдарламасы бойынша жұмыс 2020 жылдан 2021 жылға қалдырылды. Бұл бағдарлама бас операторлардың бірі – «Шелл» компаниясының үлгісіне негізделген.

Қызметкерлердің жұмысқа жарамдылығын тексеру GRI 403-2, 403-3, 403-6

Мұнай-газ саласы зиянды факторлармен байланысты болғандықтан, қызметкердің жұмыс жасауға жарамдылығын анықтау үшін медициналық тексеру өткізу қажет. КПО-да бұл қызметті тиісті рұқсаты бар мердігер атқарады.

2020 жылы сәуір айының басында қатан карантин шараларымен байланысты жоспарлы медициналық тексерулер тоқтатылған болатын. Жұмысқа қабылдау алдындағы медициналық тексеру, сақтық шараларын ескере отырып жүргізілді. 2020 жылдың қыркүйегінде, емханалардың жұмысына қойылған шектеулер алынған кезде, Компания қызметкерлерін мерзімді медициналық тексерулер қайта өткізіле бастады.

Компания кен орнында жұмыс істейтін кеңсе қызметкерлеріне міндетті медициналық тексеруден басқа, тегін профилактикалық тексеруді ұйымдастырады. Бұл скрининг адамның денсаулық жағдайын анықтауға және ауруды бастапқы кезеңде анықтауға көмектеседі. Бұл тексерудің нәтижелері жұмыс берушіге тапсырылмайды және де қызметкердің жұмысқа жарамдылығын анықтау үшін пайдаланылмайды.

«Адамдарға қамқорлық көрсету» бағдарламасы

Коронавирус пандемиясы «Адамдарға қамқорлық көрсету» бағдарламасын жүзеге асыру жоспарына да әсер етті. Оған қарамастан, Компанияның басқа бөлімдерінің мамандарының ат салысуымен мердігерлердің санитарлық-тұрмыстық жағдайы тұрақты түрде тексеріліп тұрды. Компанияда КВИ жұқтырған адам саны көбейіп бара жатырған жағдайда бұл, әрине өте маңызды шара болып табылды.

Шаршау қаупін басқару бағдарламасы

Әлемнің көптеген елдерінде қалыптасқан қатаң оқшаулау мен көші-қон шектеулеріне байланысты Компанияның көптеген қызметкерлері мен мердігерлері жұмыс кестерелерінде белгіленген уақыттан тыс жұмыс істеуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, ауысып жұмыс жасайтын көптеген қызметкерлердің жұмыс кестесі уақытша ұзартылды: 7/7 орнына 14/14 немесе 14/14 орнына 28/28 және т.б. Мұның бәрі қызметкерлердің шаршау қаупіне әсер етті. Оның салдарын барынша азайту үшін әр түрлі шаралар қолданылды, соның ішінде белгілі тәртіп бойынша демалыс алу, қашықтықтан жұмыс жасау, қысқартылған жұмыс күні және қосымша қызметкерледі жұмысқа тарту.

ӨНДІРІС НЫСАНДАРЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІПТІК БАҚЫЛАУ GRI 403-3

КПО өндірістік нысандардың санитарлық-гигиеналық жағдайын үнемі қадағалап отырады. 8-кестеде соңғы үш жылда өткізген бақылау нәтижелері көрсетілген.

8-кесте. Өнеркәсіптік факторларды бақылау, 2020 ж.

Өнеркәсіптік факторлар	2018		2019		2020	
	Зерттеулердің саны	Сәйкессіздіктердің саны	Зерттеулердің саны	Сәйкессіздіктердің саны	Зерттеулердің саны	Сәйкессіздіктердің саны
Шу	400	93	440	114	398	110
Тербеліс	69	14	78	25	63	15
Электромагниттік өрістер	3 888	44	4 164	36	3 500	35
Электрстатикалық өрістер	2 129	0	2 322	0	1 737	0
Жарық	2 879	815	3 085	703	2 861	660
Микроклимат	6 522	336	6 630	502	5 670	430
Жұмыс аймағының ауасы	14 595	0	15 471	0	11 607	0
Барлығы	30 482	1 302	32 190	1 380	25 836	1 250

Шудың рұқсат етілген деңгейлерінен асып кетуі өндірістік ғимараттарында байқалады, мұнда шу көзі жұмыс істеп тұрған компрессорлар, генераторлар, көтеріп-тасымалдау құрылғылары, қосалқы жабдықтар (желдету қондырғылары, кондиционерлер) және т.б. Ол ғимараттардың барлығында тек мерзімдік жұмыс ғана жүргізіледі, ол өлшеу құралының көрсеткіштерін тексеріп жазып алу және жабдыққа техникалық қызмет көрсету.

Шудың әсерін азайту және қызметкерлердің есту органдарын қорғау үшін 2012 жылдан бастап КПО-да есту қабілетін қорғау бағдарламасы жұмыс істейді, ол персоналды шу деңгейі жоғары учаскелер туралы хабардар етуді, жеке қорғаныс құралдарын ұсынуды, «уақытпен қорғануды» немесе осы учаскелерде үзіліспен болудың белгіленген ең аз мүмкін болатын уақытын, жабдыққа уақтылы техникалық қызмет көрсетуді қамтиды. Шуды тудыратын жабдықтар орнатылған барлық өндірістік

алаңдар ескерту белгілерімен белгіленеді, ал есту мүшелері үшін міндетті түрде ЖҚҚ қолданыла отырып жұмыстар орындалады.

КПО өз нысандарындағы жарықтандыру жүйелерін үнемі жаңартып отырады. Сол бағытта, 2020 жылы люминесцентті шамдарды тиімділігі жоғары жарықдиодты шамдарға ауыстыру жұмысы жалғасты.

Өндірістік нысандарды аттестату

Келесі өндірістік нысандарда еңбек қорғау талаптарына сай аттестату жұмысы жүргізілді: өндірістік зертхана, ұңғыманы пайдалану және өндіру бөлімі, бұрғылау қондырғылары. Барлығы 67 жұмыс орны тексерілді. Аттестаттау жұмысының нәтижесі бойынша түзету іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, әрі-қарай іске-асырылуы үшін жауапты тұлғаларға жіберілді.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ GRI 102-15

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен нысан тұтас-тығын қамтамасыз ету – кез келген мұнайгаз конденсат кен орнын игеру мен пайдаланудағы табыстың негізгі факторлары. Элеуметтік жауапты компания ретінде КПО еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғаудың тиімді мәдениетін қолдауға толықтай міндеттенеді. Әрбір қызметкер үйіне аман-есен оралып, өндірісте ешқандай ағып кетулер болмауы тиіс. GRI 103-1

2020 жылы басталған коронавирус инфекциясының таралуын болдырмау бойынша үздіксіз ақпараттық

жұмыс биыл да жалғасын тапты. COVID-19-ға қарсы іс-қимылдың коммуникациялық стратегиясын жүзеге асыру үшін барлық бөлімдер мен ықпал ету құралдары – постерлер, аудио хабарламалар, ақпараттық белгілер, қалқыма хабарламалар, интранет порталдағы жеке бет, Instagram-дағы посттар, электронды оқулар, сондай-ақ Компанияның ішкі ресурстарына және YouTube каналына жүктелген бейнематериалдар іске қосылды. Сондай-ақ мұндай ақпарат Қарашығанақ кен орны жолдары бойын-да орнатылған ірі жарнамалық қалқандарда да болды.

9-кесте. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы міндеттеріміз GRI 103-2



2020 жылғы міндеттеріміз	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді жүзеге асыру үшін қабылданған іс-әрекеттер	2021 жылғы міндеттер
Қауіпсіздік техникасы мәдениетін арттыру және көшбасшылық жоспарын жүзеге асыру	Жаңа міндет – 91%-ға орындалды	Жоспарды жүзеге асыру «Алтын» және «Өмірлік маңызды ережелер» туралы хабардарлықты арттыруды, сондай-ақ салдарларды басқару, көшбасшылық және тәлімгерлік, марапаттау механизмі, жұмыс учаскелерінде басшылықтың болуы сияқты тақырыптарды қамтиды	Қауіпсіздік техникасы мәдениетін арттыру жоспарын жүзеге асыруды жалғастыру
КПО өндірістік директоры төменгі буын басшыларының еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы біліктілігіне 100%-дық бағалау жүргізу	83,5%-ы орындалды	Пандемияға және қызметкерлердің жұмыс орындарында аз болуына байланысты төменгі буын басшыларының еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы біліктілігін 10 элемент бойынша бағалау 83,5%-ға орындалды	ҚӨК төменгі буын басшыларының еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы біліктілігін 10 элемент бойынша бағалауды аяқтау
Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы коммуникациялар жоспарын әзірлеу және енгізу	Жаңа міндет – орындалды	Жоспар әзірленді. Жыл ішінде оны жүзеге асыру бойынша жиналыстар өткізілді. Жоспар бойынша шаралар коронавирус-шектелулері ескеріліп орындалды	2021 жылға еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы коммуникациялар жоспарын орындау
2020 жылғы жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын жүзеге асыру бойынша шараларды орындау	Орындалды	Жол қауіпсіздігін жақсарту бойынша жоспардың қысқа мерзімді шаралары 98%-ға (18-дің 14-і) орындалды. Нақты деректер «Жол қауіпсіздігі» бөлімінде келтірілген	Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын жүзеге асыру бойынша шараларды орындау
Мердігер ұйымдардың еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін басқару стратегиясын жаңарту және оқыту семинарлар өткізу	Орындалды	Мердігер ұйымдардың еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау көрсеткіштерін басқару стратегиясы қайта қаралып, жаңартылды. Келісімшарттармен жұмыс жасайтын жетекші қызметкерлерге жаңартылған стратегия бойынша оқыту семинарлары өткізілді	

ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БОЙЫНША КӨРСЕТКІШТЕР GRI 103-3, 403-2, 403-9

Біз қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау саласындағы қызметімізді ілгерілік динамикасы мен әлемдегі оқиғаларды ескеріп жоспарлаймыз. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау саласындағы жетістіктерімізді адам-сағаты ескерілген белгілі бір жұмыс көлемінің орындалу кезінде орын алған оқиғалардың жиілігімен өлшейміз. Төменде 2020 жылғысы айрықша көрсетіліп, 2012–2020 жылдардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша көрсеткіштері берілген.


2-сызбада еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі² (ЕЖОЖ) және есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі³ (ЕТОЖ) көрсетілген.

2020 жылы КПО-да тіркелетін жарақаттардың шамалы төмендегені байқалды. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақат саны бұрынғы деңгейде қалды (2 жа-

рақат). 2020 жылы КПО-да ЕЖОЖ 0,06 (2019 жылғы 0,06-мен салыстырғанда өзгеріссіз) және ЕТОЖ – 0,18 (2019 жылғы 0,28-бен салыстырғанда) көрсетті. КПО оқиғалардың қайталануына жол бермеу үшін олардың барлығын тексереді. Бұдан басқа, біз өзіміздің мердігер ұйымдармен және басқа да мүдделі тараптармен оқиғалардан алынған сабақтар бойынша ақпаратпен алмасамыз, сондай-ақ, қауіпсіздік техникасын жақсарту мақсатында басқа компаниялардың тәжірибесін де қарастырамыз. GRI 403-9

10-кестеде КПО мен мердігер ұйымдардың соңғы үш жылдық ЕЖОЖ жиіліктері салыстырылып берілген. КПО мен мердігер ұйымдардың мәліметтері жеке-жеке берілген. Жиынтық көрсеткішті алу үшін мәліметтерді жинақтаудың орнына, есептеу формуласын қолдану қажет.

2-сызба. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2012–2020 жж. GRI 403-9



10-кесте. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2018–2020 жж. GRI 403-9

Тиімділік көрсеткіштері	2018	2019	2020
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (КПО)	0,53	0,13	0,00
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,20	0,04	0,07

11-кестеде КПО мен мердігер ұйымдардың тіркелетін оқиғалар жиіліктері салыстырылып берілген.

11-кесте. Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2018–2020 жж. GRI 403-9

Көрсеткіштер	2018	2019	2020
Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (КПО)	0,66	0,13	0,00
Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,44	0,33	0,22

Ескерту: Алғашқы медициналық көмек көрсетілген оқиғалар өндірістік жарақат есебіне қосылмайды.

КПО қауіпсіз жұмыс ортасын құруға ұмтылады. Алайда 2020 жылы Компанияда мердігер ұйымдар қызметкерлерінің әртүрлі жарақат алуына әкелген 6 оқиға орын алды.

12-кесте. 2020 жылы орын алған оқиғалар (мердігер ұйымдар) GRI 403-9

Жарақат түрі	Сипаты	Саны
2 еңбек ету қабілетін уақытша жоғалту жағдайы	Қолды қысып алу нәтижесінде алған жарақат	1
	Көзге бөгде заттың түсуінен болған көз жарақаты	1
Тіркелетін 4 жарақат жағдайы, қызметкерлер жарақаттан кейін медициналық ем алып, жұмыстарын жалғастыра алды (1) немесе жеңіл жұмысқа ауыстырылды (3).	Қалдықтарды сұрыптау кезінде метал жаңқаларынан қолдың жарақаттануы (кесілу)	1
	Құлаған құбыр салдарынан болған табан жарақаты	1
	Ыстық жылу тасымалдағыштың төгілуінен болған саусақтардың жарақаты (күйіп кету)	1
	Аяқтың қайырылып қалуынан табан жарақаты (созылу)	1
БАРЛЫҒЫ		6

2020 жылы бір де бір айтарлықтай жол-көлік оқиғасы тіркелмеді. 2020 жылғы жол-көлік оқиғаларының жиілігі (ЖКОЖ) 1 млн шақырым жүріп өткен жолға шаққанда 2019 жылғы 0,02 көрсеткішімен салыстырғанда 0-ді көрсетті. Жол-көлік оқиғаларының нөлдік көрсеткіші 2020 жылғы жол қауіпсіздігін жақсарту жоспарының аясында орындалған бірқатар іс-шаралармен байланысты болды (іс-шаралар «Жол қауіпсіздігі» бөлімінде сипатталған).

2019 жылғы 42,7 млн км салыстырғанда 2020 жылы КПО көлік құралдарының жүріп өткен жолы 37,9 млн км құрады. Көлік жүрісі азаю себептерінің бірі – КВИ байланысты қызметкерлерді шектеулі тасымалдау.

3-сызба. Ірі жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2018–2020 жж. GRI 403-9




КПО-да қолданылатын ЖКОЖ есептеу әдісі: жол-көлік оқиғаларының жиілігі = ірі жол-көлік оқиғаларының саны x 1 000 000 / км жүріп өткен жол.

13-кесте. Жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2018–2020 жж. GRI 403-9

Тиімділік көрсеткіші	2018	2019	2020
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00
Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,03	0,03	0,00

4-сызба. Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2018–2020 жж. GRI 403-9



Ескерту: КПО-да қолданылатын адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігін есептеу әдісі: адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі (жасалған бір миллион адам-сағатқа шаққанда) = адам қазасымен аяқталған оқиғалардың саны x 1 000 000 / жасалған адам-сағат. 2018 жылы КПО-да адам қазасымен аяқталған бір оқиға орын алды.

14-кесте. Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2018–2020 жж. GRI 403-9

Тиімділік көрсеткіші	2018	2019	2020
Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00
Адам қазасымен аяқталған оқиғалардың жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,05	0,00	0,00

2020 жылы КПО және мердігер ұйымдардың қызметкерлері 34 225 582 адам-сағат жұмыс жасады: олардың 21 %-ы (7 269 825 адам-сағат) КПО қызметкерлері, ал 79 %-ын (26 955 757 адам-сағат) мердігер ұйымдар қызметкерлері жасады.

15-кесте. Жұмыс жасалған адам-сағат саны: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2018–2020 жж. GRI 403-9

Көрсеткіштер	2018	2019	2020
Жұмыс жасалған адам-сағат (КПО)	7 561 991	7 829 313	7 269 825
Жұмыс жасалған адам-сағат (мердігер ұйымдар)	20 417 110	27 339 092	26 955 757
Барлығы	27 979 101	35 168 405	34 225 582

2020 жылы КПО-да екі ықтимал қауіпті оқиға тіркелді: бір ықтимал қауіпті жағдай және бір мүлікке зиян келтіру оқиғасы.

16-кесте. Ықтимал қауіпті оқиғалардың саны⁴: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2018–2020 жж. GRI 403-9

Көрсеткіштер	2018	2019	2020
Ықтимал қауіпті оқиғалар саны (КПО)	2	3	1
Ықтимал қауіпті оқиғалар саны (мердігер ұйымдар)	5	8	1
Барлығы	7	11	2

2020 жылы 73 ықтимал қауіпті жағдай тіркелді (бұдан әрі – ЫҚЖ): оның ішінде 46 жағдай (63%) оқиғаларды хабарлау процедурасы бойынша, 27 жағдай (37%) ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталарының көмегімен анықталды. КПО

әрбір ЫҚЖ және оқиғаға мұқият тергеу жүргізеді, тікелей және негізгі себептері анықталып, кемшіліктерді түзетуге және алдағы уақытта оқиғалардың қайталанбауына ұсыныстар жасалады.

17-кесте. Ықтимал қауіпті жағдайлар саны⁵: КПО және мердігер ұйымдардың салыстырмалы көрсеткіштері, 2018–2020 жж. GRI 403-9

Көрсеткіштер	2018	2019	2020
Ықтимал қауіпті жағдайлар саны (КПО)	31	47	27
Ықтимал қауіпті жағдайлар саны (мердігер ұйымдар)	41	64	46
Барлығы	72	111	73

⁴ Ықтимал қауіпті оқиға (ЫҚО) – бір немесе бірнеше адам өліміне әкелуі мүмкін оқиға немесе ықтимал қауіпті жағдай.


⁵ Ықтимал қауіпті жағдай (ЫҚЖ) – есепке алынуы тиіс жарақаттануға, мүлікке, қоршаған ортаға зиян келтіруге немесе технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғаға әкелуі мүмкін, алайда түрлі жағдайларға байланысты орын алмаған, кез келген жоспарланбаған және бақыланбайтын оқиға немесе оқиғалар тізбегі.

САЛАНЫҢ БАСҚА ҰЙЫМДАРЫМЕН САЛЫСТЫРУ GRI 103-3

КПО компанияның тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (ТНК) Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы (бұдан әрі IOGP) есебінде көрсетілген оператор компаниялардың көрсеткіштерімен салыстырады. IOGP қауымдастығы ЕҚ және ҚТ саласындағы тиімділік көрсеткіштерін жыл сайын www.iogp.org жариялайды.

2020 жылы КПО-да еңбек ету қабілетін жоғалту жарақаттар саны айтарлықтай азайды. Егер КПО-ның көрсеткіштерін 2020 жылғы саланың басқа компаниялардың көрсеткіштерімен салыстыратын болсақ, КПО-ның еңбек ету қабілетін жоғалту жарақаттар жиілігі IOGP жетекші 10 компаниясының көрсеткіштерінен және 2019 жылғы IOGP орташа статистикалық көрсеткіштерінен төмен (5-сызбаны қараңыз).

5-сызба. IOGP мен КПО салыстырмалы көрсеткіштері, 2007–2020 жж. GRI 103-3



2020 ЖЫЛҒЫ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ ЖАҚСARTУ ЖОСПАРЫ GRI 102-11, 103-3, 403-7

Компания ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында өз қызметінің қызметкерлер денсаулығына және қоршаған ортаға кері әсерін азайту, одан сақтану және алдын алу қағидасын ұстанады. КПО жыл сайынғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту жоспарын әзірлеу барысында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы күнделікті қызметке кірмейтін, кейінгі жетілдіруге бағытталған шараларды таңдап кіргізеді.

2020 жылғы аталмыш жоспарды әзірлеу барысында оның тиімділіктің негізгі көрсеткіштерімен сәйкесуі үшін, сонымен қатар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша біріктірілген жүйені жетілдіру бағытындағы алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін бұрынғы «тақырыптық» тәсіл қолданылды.

Жарақаттанудың нөлдік көрсеткішіне қол жеткізу үшін және өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету мақсатында жетілдіру бойынша басты тақырыптар «мақсаттық элементтердің» төрт тобына бөлінген:

- I. Көшбасшылық және қауіпсіздік мәдениеті;
- II. Қауіп-қатерлерді басқару және нысан тұтастығын қамтамасыз ету;

- III. Қоршаған ортаны қорғау және энергияны үнемдеу;
- IV. Жол қауіпсіздігі

2020 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту жоспары әр «мақсаттық элементтің» тақырыбын жүзеге асыруды қамтамасыз етуге әзірленген 58 негізгі іс-шарадан және жетілдіру ұсыныстарынан тұрады. Жоспар 80%-ға орындалды, қалған 20%-ы 2021 жылғы жоспар аясында жалғастырылатын болады. Жоспарды толықтай орындауға КВИ және сонымен байланысты шектеулер кедергі болды.

Келесі параграфтарда біз көшбасшылық және қауіпсіздік техникасы мәдениетін арттыру жоспарының, сонымен қатар жол қауіпсіздігінің шараларын сипаттаймыз. Қоршаған ортаны қорғау, энергияны үнемдеу және қауіп-қатерлерді басқару басқа бөлімдерде берілген.

КПО «Алтын ережелері» және «Өмірлік маңызды ережелері» GRI 103-3, 403-1, 403-7


КПО ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ саясаты шеңберінде қауіпсіздік мәдениетін арттыру және оқиғаларды азайту мақсатында КПО-да үш негізгі «Алтын ереже» (2017 ж. бастап) және 11 «Өмірлік маңызды ережелер» (2019 ж. бастап) белгіленген.

«Алтын ережелер» Компанияның қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау көзқарасын реттейді: заңнамалық нормаларды сақтауға, қауіп төнген жағдайда араласуға, өзара әрекеттесу кезінде әріптестерді құрметтеуге бағытталған.

«Өмірлік маңызды ережелер» Мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) қағидаларына негізделген және мұнай-газ өнеркәсібі ұйымдары арасындағы ЕҚ және ҚТ саласындағы әлемдік қағидаларды стандарттау шеңберінде, сондай-ақ білім, тәжірибе және алған сабақтармен алмасуды жақсарту мақсатында құрылған. Бұл ережелер қауіптілігі жоғары жұмыстардың 11 түрін қамтыған.

Бұл белгіленген ережелер КПО-ның барлық қызметкерлеріне, мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қатысты және Компания қызмет істейтін барлық активтер мен өндірістік нысандарда қолданылады.

9-сурет. Қауіптілігі жоғары жұмыстар түрі



Салдарларды басқару **GRI 103-3, 403-1**

КПО-да “ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тәртіптік жауапкершілік және салдарлады басқару моделі” жұмыс істейді, ол оң немесе теріс салдары болуы мүмкін, және сол салдарлардың оң немесе теріс болуына байланысты тиісті марапаттауды немесе жазаны анықтап беруге көмектесетін қызметкердің тәртібін жүйелі түрде зерттеуді қамтамасыз етеді.

2020 жылы осы модель бойынша КПО қызметкерлері мен мердігер ұйымдар үшін таныстыру сессиялары басталды. Сессиялар 2020 жылдың қаңтар және ақпан айларында өтті, бірақ КВИ шектеулеріне байланысты тоқтатылған болатын. Жұмысты үйден жасап жатқан қызметкерлердің басым бөлігінің хабардарлығын арттыру мақсатында ҚТ корпоративтік бөлімі “ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы тәртіптік жауапкершілік және салдарлады басқару моделі” бойынша электронды оқу құралын әзірлеп шығарды. 2021 жылы Компания мен мердігер ұйымдардың қызметкерлерін осы модельмен таныстыру жұмыстары жалғасатын болады.

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ мәселелері бойынша көшбасшылық және тәлімгерлік

ЕҚ және ҚТ мәдениетін арттыру үшін кәсіпорынның барлық бөлімшелері бірігіп жұмыс атқару қажет. Әдетте, тиімді басшылығы бар топтар жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Осыған орай, оператор компаниялардың қолдауымен КПО ЕҚ және ҚТ бойынша көшбасшылық және тәлімгерлік бағдарламасын әзірледі, ол жобаларды жүзеге асыру директорында алғаш рет енгізіліп, кейіннен өндірістік директоратта іске қосылды.

Жұмыс орындарында басшылықтың болуы

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жалпы көрсеткіштерін және олардың жұмыс орындарында қызметкерлермен қолданылуын қадағалау мақсатында КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер жүргізеді. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер екі деңгейде өткізіледі: орта буын басшылардың және КПО директорлары / басқарушылары мен мердігер ұйымдардың қатысуымен жоғары басшылық тексерулері.

2020 жылы жоғары басшылықтың қатысуымен 70 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тексеруі жүргізілді, жоспар бойынша оның саны 60 болған (жоспар 116%-ға орындалды).

Жол қауіпсіздігі **GRI 103-3, 403-9**

Жол қауіпсіздігінің тұрақты көрсеткіштерін қамтамасыз ету үшін КПО жол қауіпсіздігін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруды жалғастыруда. 2020 жылда Компания келесілерді қосқанда, осы жоспардың қысқа мерзімді іс-шараларының 98%-ын орындады:

- Жол қауіпсіздігі бойынша міндеттемелерді қабылдаумен Компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саясатын жаңарту;
- Көлік құралдарын пайдалануды оңтайландыру және көлік жүрісін азайту міндеттері шеңберінде Компанияның Ақсай қаласындағы кеңселері үшін «ортақ пайдалану» көлік жүйесін енгізу;
- Тоғыз негізгі мердігердің басшылығымен жол қауіпсіздігі туралы кезектен тыс жиналыс өткізу, онда жол қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау, ережелерді бұзуға жол бермеу, қажығандықтың алдын алу, көлік жүргізу кезінде сыртқы факторларды ескеру және т.б. мәселелер көтерілді;
- Компания және мердігер жүргізушілерімен қыс мезгілінде көлік жүргізу қаупі, оның ішінде жануарлармен соқтығысу қаупі туралы қыс мезгіліндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша кезектен тыс жиналыс өткізу;
- Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың барлық көлік құралдарына бейнетіркеуішті орнату талаптарының орындалуын қамтамасыз ету;
- Компанияның негізгі процедураларын жаңарту: жол қауіпсіздігі, көлік құралдарын бақылау жүйесін басқару, жүктерді қауіпсіз тасымалдау;
- Компанияның жол қауіпсіздігін басқару жүйесін ISO 39001 «Жол қауіпсіздігін басқару жүйесі» халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне салыстырмалы талдау жүргізу. Компания аталмыш стандарт бойынша 2022 жылы сертификаттаудан өтуді жоспарлап отыр.

ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 2

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ: БАСШЫЛЫҚ ТАРАПЫНАН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

КПО-да қауіпсіздік техникасының маңызы зор. Алайда КПО-да ұқсас себептермен оқиғалар орын алып, әлі де жалғасуда: бұл қауіп-қатерге үйреніп кету және жұмысқа араласудың болмауы. Сондай-ақ КПО-да Компанияның өндірістік нысандарында бұрын жұмыс жасамаған жаңа қызметкерлер жұмылдырылған ірі жобалар жүзеге асырылуда. Оларға тиісті қауіпсіздік стандарттарын үйрету өте маңызды іс.

Жұмыс орындарындағы қауіпсіздік супервайзерлер мен шеберлердің көшбасшылық қасиеттеріне және ЕҚ мен ҚТ мәселелеріндегі біліктілігіне байланысты. Супервайзерлер мен шеберлердің өздері жеке үлгі көрсетіп, қауіпсіздік мәдениетін белгілеп, нығайта алады.

Мақсаты:

Жұмыс орындарында қауіпсіздік мәдениетін арттыру үшін қауіпті факторларды анықтау, жұмысшыларды жұмылдыру және топтағы тәлімгерлік бойынша менеджерлердің біліктілігін арттыру.

Жағдайдың шешімі/ қолданылған әрекеттер:

2019 жылы «Коучинг, қатысу және араласу» семинары әзірленді, оған қауіп-қатер деңгейі жоғары жұмыстарды жүргізуге жауапты КПО мен мердігер ұйымдар супервайзерлері мен шеберлері шақырылды. Семинарлар теориялық бөлімнен, топтардағы практикалық сабақтардан, сонымен қатар жұмыс орындарындағы коучинг-әңгімелерден тұрды.

2020 жылы КПО басшылығы келесілер үшін ЕҚ мен ҚТ бойынша көшбасшылық және тәлімгерлік бағдарламасын жүзеге асыруды көздейді:

- жобаларды жүзеге асыру директорының, әсіресе 4-газды кері айдау компрессоры жобасының барлық жұмыс және топ жетекшілеріне;
- 2019 жылы «Коучинг, қатысу және араласу» семинарларына супервайзерлері мен топ жетекшілері қатысқан өндірістік директораттың басшыларына.



2019 ж. мұрағатынан алынған фото

Нәтижесі:

2019 және 2020 жылдары КПО және мердігерлік ұйымдардың 1200-ден астам супервайзері коучинг, қатысу және араласу бойынша өз білімдері мен дағдыларын жетілдірген семинарларға қатысты. Оқу материалы ретінде әдеттегі әдістерден басқа, бейнематериалдар, оқиғаларды тергеу нәтижелері, қалта нұсқаулықтары қолданылды.

Бағдарламаға қатысып, жұмыс орындарында алған білімдерін қолданған ең белсенді супервайзерлер ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ынталандыру жүйесі бойынша марапатталған болатын.

ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 3

ТИИМДІЛІКТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАУІПСІЗ ТӘРТІПКЕ ҢНТАЛАНДЫРУ

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

Қызметкерлердің жақсы және нашар тәртібі ұйымдағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетіне айтарлықтай әсер етеді.

Мақсаты:

Ережелерді жақсы түсіну және есте сақтау мақсатында Компания және мердігер ұйымдар қызметкерлеріне арналған 2020 жылы “Алтын ережелер” және “Өмірлік маңызды ережелер” бойынша кейінгі тест тапсырумен міндетті электрондық оқу іске қосылды.

Жағдайдың шешімі/ қолданылған әрекеттер:

ЕҚ және ҚТ көрсеткіштерін одан әрі жақсарту және мәдениетін арттыру, сондай-ақ қызметкерлердің электрондық курсты оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында Компания басшылығы электронды оқытуды сәтті аяқтау ТНК орындаудың бір критерийіне айналдыру және ЕҚ мен ҚТ саласындағы жыл сайынғы сыйлықақы беру туралы шешім қабылдады.

Екінші критерий ықтимал қауіпті жағдайлардың тіркелетін жарақаттың 12:1 қатынасына жету болды, яғни әрбір тіркелетін жарақатқа кем дегенде 12 ықтимал қауіпті оқиға тіркелуі тиіс. Екінші критерий қызметкерлерді барлық оқиғалар, тіпті кішігірім және салдары болмаған оқиғалар туралы хабарлауға ынталандыру болды, себебі оларды тергеп, Компания одан да ауыр оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік алады.

Нәтижесі:

2020 жылы Компанияда есепке алынуы тиіс 6 жарақатқа 73 ықтимал қауіпті жағдай тіркелді, яғни 1 жарақатқа 12 ықтимал қауіпті жағдайдың қатынасы бойынша белгіленген көрсеткішке қол жеткіздік. Жыл соңында ұзақ уақыттық демалыста болғандарды есептемегенде, КПОның барлық қызметкерлері осы оқу курсынан өтті. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштеріне қатысты қызметкерлерге сыйлықақы төленді.



Қызметкерлерді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы қосқан үлесі үшін марапаттау, ақпан 2020 ж.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ХАБАРДАРЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН ЖАҢА КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫ GRI 102-11, 403-5

Әлем бойынша таралған КВИ пандемиясы КПО компаниясына қызметкерлердің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы хабардарлығын және осы саладағы байланыс тиімділігін арттыру мақсатында жаңа ресурстар мен әдістерді іздеуге және қолдануға түрткі болды.

2020 жылы КПО ҚТ корпоративтік бөлімі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ең маңызды оқиғалар мен іс-шаралар туралы хабардар ететін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ электрондық журналы шығарып бастады. Бұл формат қашықтан жұмыс істейтіндерге оқиғалардан хабардар болуға, сондай-ақ өз ұсыныстарын ұсынып, тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік береді.

Бұрын электронды жүйеге кіру кезінде компьютер экранында қалқыма хаттар күніне бір рет шығатын, қазір олар кез келген форматтағы материалдарға сілтемесі бар күніне бес рет шығатын болды. Қызметкерлердің назарын аудару үшін хабарламалардың дизайны жақсартылды – әдемі суреттер, мәтіннің аздығы. Бұл өзекті ақпаратты тиімдірек жеткізуге мүмкіндік береді.

Көптеген сұраныстар бойынша біз апта сайынғы ҚТ бойынша қысқаша ақпаратты шығардық. Олар кез келген жұмыс жиналысының алдында немесе оның барысында талқылауға пайдалануға болатын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы өзекті мәселелерді қамтиды. Егер қызметкерге белгілі бір тақырып бойынша материалдар қажет болса, онда ол кітапханадағы барлық шығарылған басылымдарды интранеттегі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ парақшасынан таба алады.

Қысқы уақыттағы қауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыру науқаны шеңберінде, қысқы ауа-райына байланысты апаттардың алдын алу үшін презентация материалдары мен TikTok платформасы үлігіндегі бейнероликтер әзірленіп таратылды. Сонымен қатар КПО қызметкерлері мен мердігерлер арасында конкурс өткізілді, оған қатысу үшін келесі тақырыптар бойынша фотосуреттер немесе қысқа бейнематериалдар жіберу керек болды:

- Қысқа дайындық – жұмыс орнындағы қауіпсіздік;
- Қысқа дайындық – отбасына қамқорлық жасау;
- Қысқа дайындық – қауіпсіз көлік.

Конкурс қорытындысы бойынша ең креативті, практикалық әрі пайдалы кеңестердің 10 авторы марапатталды.

Компанияның қолданыстағы барлық құралдары анықтамалық HSEHelp@kpo.kz арқылы кері байланысты білдіреді. Әрбір электрондық хабарламаларда ҚТ бөлімі кез келген сұрақтарды, ұсыныстарды немесе ескертулерді

жіберуді сұрайды, сонымен қатар ең пайдалы идеяларды мадақтайды. 2020 жылы HSEHelp@kpo.kz арқылы келіп түскен 387 сұраныстың барлығы қаралды.

Мұнай оператор компанияларымен өзара әрекеттесу

2020 жылы КПО компаниясы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында «Тенгизшевройл» және «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» мұнай өндіруші оператор компанияларымен ынтымақтастық бастамасын сәтті жалғастырды, оның мақсаты саладағы қауіпсіз тәртіптің тұрақты мәдениетін бірлесіп қалыптастыру болды. Бұл орайда әріптес компаниялармен ақпаратпен, оқиғалардан алынған сабақтармен және озық тәжірибелермен алмасу жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, бұл бастама мұнай-газ индустриясындағы бірыңғай талаптар мен практикалық шешімдерді жеңілдетуге, стандарттауға және енгізуге бағытталған. Өткен жылы аталмыш ынтымақтастық онлайн форматта жүргізілді.

Кездесулерде КВИ пандемиясына байланысты жұмыстарды шектеулер жағдайында ұйымдастыру мәселелері талқыланды, сондай-ақ жол қауіпсіздігімен, оның ішінде жол-көлік оқиғаларын жіктеуге, көлік мониторингі жүйелері және бейне-камераларды жүргізу кезінде пайдалану, оқиғаларды тергеу процесіне қатысты және т. б. мәселелер бойынша сөз қозғалды.



ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 4 GRI 102-44

АҚСАЙ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ХАБАРДАРЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

Жыл сайын Компания Ақсай тұрғындарының қауіпсіздік техникасы мен жол қауіпсіздігі бойынша хабардарлығын арттыруға және осы мәселелерді насихаттауға зор көңіл бөліп келеді. КВИ пандемиясының шектеулеріне байланысты бірқатар жоспарланған іс-шаралар жаңа форматта өткізілді.

Жағдайдың шешімі/ қолданылған әрекеттер:

Жыл сайын КПО Ақсай қаласы балалары мен олардың ата-аналарына 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне орай жол қауіпсіздігі шарасын өткізетін еді. 2020 жылғы КВИ пандемиясы салдарынан шара басқа форматта өтті.

КВИ пандемиясының шектеуліктеріне қарамастан және «Радио-Ақсай» радиостанциясы әріптестерінің көмегімен ҚТ корпоративтік бөлімінің қызметкерлері Instagram арқылы онлайн байқау өткізіп, қала ата-аналарымен және балалармен сұхбаттасуға мүмкіндік алды.

Іс-шараға дейін бір апта бұрын бірнеше қысқа бейнероликтер дайындалып, «Радио-Ақсай» Instagram парақшасына жүктелген болатын. Оның мақсаты кең таралған қауіп-қатерлер мен қауіпсіздік ережелері, қауіпсіз мінез-құлық әдеттерін қалыптастыру және балалардың жарақаттануын болдырмау туралы ескерту болды. Сонымен қатар балалардың үйдегі, көшедегі, жолдағы және т.б. жерлердегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарымен бөлісу мақсатында Ақсай тұрғындарына өз фотосуреттерін және бейнероликтерін жіберуді ұсындық.

Үздік шығармашылық жұмыстар іріктеліп, Балаларды қорғау күні «Радио-Ақсай» тікелей эфирінде жарияланды.



Сондай-ақ 2020 жылы «Ақсай» радиостанциясы толқынында Компанияның түрлі тақырыптары, атап айтқанда күнделікті өмірдегі және көшедегі қауіпсіздік ережелері, өрттің алдын алу, қауіпсіз көлік жүргізу, балалар қауіпсіздігі, сонымен қатар қыс уақыты мен қараңғы уақыттағы қауіпсіздік тақырыптары бойынша аудиороликтерді ойнату жалғастырылды. Қауіпсіздік техникасы мен жол қауіпсіздігі бойынша өзекті тақырыптар бойынша аудиороликтер күніне бес рет ойнатылып, ай сайын жаңартылып тұрады.

Сондай-ақ, жергілікті жол полициясы мен аудандық білім беру бөлімі өкілдерімен бірлесіп, қаланың орта жалпы білім беру мектептерінің төменгі сынып оқушыларына жол қауіпсіздігі ережелерін насихаттау мақсатында ақпараттық іс-шаралар өткізілді. Осы іс-шаралар аясында балаларға естелік сыйлықтар және қараңғы уақытта қолданылатын 1 мыңнан астам жарық шағылыстырғыш фликер сыйға тартылды.

АПАТТЫҚ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

GRI 103-1, 103-2, 102-11, 102-44

Апаттық жағдайларға қарсы әрекет ету және дағдарыстық жағдайларды басқару КПО-дағы маңызды үдерістердің бірі болып табылады. Апаттық жағдайларға дайын болу және оларға қарсы әрекет ету апаттар мен күтпеген жағдайларды анықтау, сонымен қатар олардың пайда болуының алдын алу мен адамдарға, қоршаған ортаға, мүлікке және Компанияның беделіне әсерін ба-рынша азайтуды қамтиды.

Оқиға, апат немесе төтенше жағдай туындаған жағдайда КПО-да жедел іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ олардың ауқымын бағалау, оларды оқшаулау мен жою және салдарын жою жөніндегі жоспарды әзірлеу үшін қажетті сенімді үш деңгейлі әрекет ету жүйесі қолданылады. КПО үш деңгейлі әрекет ету жүйесі графикалық түрде 10-суретте көрсетілген.

10-сурет. КПО апаттық әрекет ету жүйесі GRI 103-2, 403-5



Адамдардың өмірі мен денсаулығы, қоршаған ортаның сақталуы, активтердің тұтастығы мен Компанияның беделінің сақталуы I, II және III деңгейлердегі апаттық-құтқару қызметтері мен құралымдарының тиімді даярлығы мен төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет етуіне байланысты болады. COVID-19 індетімен байланысты шектеулерге қарамастан, апаттық әрекет ету күштері мен құралдарын дайындау жөніндегі іс-шаралар әлеуметтік ара-қашықтықты сақтау мүмкіндігі болған жағдайда жеткілікті көлемде жүргізіліп тұрды.

Сондай-ақ, пандемия жағдайында КПО, II деңгейдегі апаттық басқару штабының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін іс-шаралар қабылдады, атап айтқанда:

- II деңгейдегі апаттық басқару тобы мүшелерінің физикалық қарым-қатынасын азайту;

- кен орны мен Ақсай қаласында бір кезекшілікте жұмыс жасайтын қызметкерлердің санын азайту үшін жұмыс топтарды біріктіру;
- теориялық сабақтар өткізу, сондай-ақ, аудио және бейне байланыс арқылы кезекшілікті тапсыру.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл шешімдер штаб жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, ал II деңгейдегі Апаттық басқарудың бірыңғай тобы желтоқсан айындағы нақты жұмылдыру кезінде топтың үйлесімді жұмысын көрсете отырып, өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Компанияның апаттық әрекет ету жүйесі жыл сайын, қызметкерлер мен жергілікті тұрғындарды және КПО апаттық әрекет ету және азаматтық қорғау құралымдарын даярлаудың жылдық жоспарына сәйкес әртүрлі оқу-жаттығуларда тексеруден өтеді.

2020 жылы КВИ пандемиясына байланысты Апаттық басқару тобының жаңа мүшелері үшін апаттық әрекет ету бойынша толыққанды жаттығулар мен оқытуды өткізу мүмкіндігі шектеулі болды. Соған қарамастан, II және III деңгейлердегі штаб мүшелері дайындық деңгейін сақтауға мүмкіндік берген келесі іс жүзіндегі жұмылдыру мен жаттығуларға қатысты: **GRI 103-3**

- 2020 жылғы ақпандағы "Астра" оқу – жаттығуы – II деңгейдегі Ақсай және кенорны апаттық басқару топтарының және III деңгейдегі дағдарыстық жағдайларды басқару тобының қатысуымен өткізілген апаттық әрекет етуді пысықтау жөніндегі кешенді оқу-жаттығу;
- "COVID-19" оқу-жаттығуы және 2020 жылғы наурыздағы "COVID-19" іс-жүзіндегі жұмылдыру-III деңгейдегі дағдарысты басқару тобы;
- 2020 жылғы желтоқсандағы іс-жүзіндегі жұмылдыру – Қауіпсіздік қызметінің #9841 ұңғымада күдікті затты анықтауымен байланысты II деңгейдегі бірлескен апаттық басқару тобы жұмылдырылып төтенше жағдайды жою бойынша жұмыс атқарды.

I деңгей шеңберінде Компанияның барлық қауіпті өндірістік нысандары ай сайын нысанның апаттық басқару штабының, апаттық-құтқару қызметтерінің және КПО мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерінің қатысуымен төтенше жағдайды жою бойынша оқу-жаттығулар өткізді.

2020 жылы барлық санитарлық нормалар мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, КПО-ның төменде көрсетілген апаттық-құтқару қызметтерінің қатысуымен апта сайын теориялық және практикалық оқу-жаттығулар өткізілді.

- өрт сөндіру қызметі;
- газдан құтқару қызметі;
- газдан құтқарудың ерікті жасақтары;
- медициналық қызметкерлері.

КВИ таралу қаупін азайту және енгізілген санитарлық-эпидемиологиялық шектеулерге байланысты кейбір теориялық оқыту мен практикалық жаттығулар, сондай-ақ апатқа қарсы жаттығулар карантиндік іс-шаралардың ең қарбалас кезінде тоқтатылғанын атап өткен жөн. Кейіннен оқу-жаттығулар жалғастырылды.

Сондай-ақ, 2020 жылы КПО ҚР Заңнамасы талаптарына сәйкес компания қызметкерлерін азаматтық қорғау бойынша электронды оқытуды жалғастырды.

Тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарына (ТОЖҚҚ), газоаналитикалық жабдыққа және өрт сөндіргіштерге техникалық қызмет көрсету жөніндегі өндірістік зертхана газ қауіпті және апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін КПО мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлерін осы жабдықпен үздіксіз қамтамасыз етіп тұрды. ТОЖҚҚ қолдану бойынша практикалық жаттығулар кезінде зарарсыздандыруға арналған қосымша құрал-жабдықтар ұйымдастырылды.

2020 жыл бойы КПО мен мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлерін және кен орнына келушілерді қорғау құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында филтрлі құтқарғыштар мен газ детекторларды беру орталығы жұмысын жалғастырды.

Төтенше жағдайлар мәселелері бойынша жергілікті халықпен қарым-қатынас жүргізу

GRI 102-11, 103-3, 102-44

КПО барлық жергілікті тұрғындардың ҚМГКК аумағында ықтимал төтенше жағдай орын алуы кезіндегі әрекет ету тәртібінен хабардар болуын қадағалап отырады. 2020 жылы бекітілген жоспарға сәйкес мемлекеттік органдармен және кен орнының периметрі бойынша орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен (жалпы саны 71 адам) өрт қауіпсіздігі, қауіп көзі болып саналатын қараусыз жүрген үй жануарлары, орталық мониторинг станциясы мен апаттық хабарлау станциясының рөлі және олардың жабдықтарын зерттеу тақырыптары бойынша жеті кездесу өткізілді.

Жергілікті елді мекендердегі тұрақты дайындықты сақтау мақсатында 2020 жылы КПО апаттық әрекет ету тобының халықты қорғау мамандары мердігерлік ұйымдар өкілдерімен бірге апаттық құлақтандырудың дабыл жүйесін ай сайын тестілеп отырды.

2020 жылы КПО Приуральный, Жарсуат, Қарашығанақ, Жаңаталап және Өспен ауылдарында жаңа дизель-генераторлық қондырғыларды (ДГҚ) және апаттық хабарлау станцияларының жағдайын бақылау жүйесін орнату бойынша жобаны аяқтады. Бұл станциялардың үздіксіздігі мен тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, КПО жергілікті атқарушы органдармен су тасқыны, өрт қауіпі болуы ықтимал және қысқы кезеңдерде тығыз ынтымақтастықты жалғастыруда.

ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ GRI 103-1, 103-2, 102-11, 403-7, 06-13

Өндіріс тұтастығын қамтамасыз етудің басты мақсаты – ауқымды апаттардың алдын алу. “Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP)” № 456 стандартында анықталғандай, бұл мақсатқа жетуге қондырғылар мен жабдықтардың құрылымдық-механикалық күйінің сенімділігі, сондай-ақ олардың дұрыс лайықты түрде падаланылуы ықпал етеді.

КПО өз қызметіне төнуі ықтимал қауіп-қатерлерді бақылауға тырысады және қорғаныш тосқауылдары жүйесін қолдану арқылы жоғары деңгейдегі тәуекелдерді азайту бойынша жұмысты жалғастыруда. КПО нысандар тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі тосқауылдардағы ауытқуларды («тесіктерді») анықтау және кез келген оқыс оқиғалардың алдын алу үшін қорғаныш тосқауылдарының күйін үнемі бағалап отырады.



18-кесте. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету саласындағы міндеттер GRI 102-11, 403-7, 103-2

2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
«Тосқауылдар моделінің» жаңа бағдарламалық жасақтамасын қабылдау бойынша қорытынды тестілеуін өткізу	Орындалды	2020 жылы КПО талаптарына сәйкес «Тосқауылдар моделінің» жаңа бағдарламалық жасақтамасын реттеу бойынша жұмыс жүргізілді. Қорытынды қабылдау тестілеуі аяқталды және пайдаланушыларға жаңа тосқауыл моделі бойынша оқыту өткізілді. «Тосқауылдар моделінің» жаңа бағдарламалық жасақтамасы 2020 жылғы желтоқсан айында іске қосылды	Барлық тартылатын қызметкерлер үшін «Тосқауылдар моделінің» бағдарламалық жасақтамасын қолдану бойынша танысу сессияларын өткізу
ҚӨК, ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3 объектілерінде шағын өлшемді клапандардың (ССК) қолданылуын зерттеу және бұған талдау жүргізу	Жаңа міндет орындалуда	Шағын клапандармен байланысты тәуекелдер анықталды және тіркелді. КПО нысандар тұтастығын қамтамасыз ету және өндіріс бөлімдері осы клапандарға қатысты қауіп-қатерді бағалау жұмыстарын жүргізді	КПО нысандарындағы шағын көлемді ССК ауыстыру әрекетін қадағалауды жалғастыру және онымен байланысты тәуекелдерді «Тосқауылдар моделінің» дерекқорына тіркеу
ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3 нысандарындағы «Пайдалану сипаттамалары және қауіпті факторларға ақырғы талдаулар» (ПҚФТ) бойынша ұсыныстарды енгізу.	Жаңа міндет орындалуда	Бұл бағытта айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді: ГҚДҚ-2 нысанының 2018 жылғы ақырғы ПҚФТ бойынша іс-шаралардың 81,4%-ы (356 шараның 290-ы), ГҚДҚ-3 нысанының 2019 жылғы ақырғы ПҚФТ бойынша іс-шаралардың 26,5%-ы (200 шараның 53-і) жабылды. Іс-шаралардың орындалуы «Synergi» деректер қоры арқылы қадағаланады	Өндірістің тұтастығы мен технологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін «Synergi» деректер қорында PSR модулін қолдана отырып ПҚФТ іс-шараларын жабуда нысандарға қолдау көрсетуді жалғастыру
Бекітілген өзгертулерді апаттық дабылдарды оңтайландыру жобасына енгізу	Орындалды	«Апаттық дабылдарды оңтайландыру бағдарламасының» жобасы дайындалып, іске асыру үшін орталық техникалық қызмет көрсету бөліміне ұсынылды	
Технологиялық қауіпсіздіктен хабардарлықты арттыру бойынша науқанды жалғастыру және бақылауды күшейту мен қолданыстағы тосқауылдарға бақылау жүргізуді жақсарту үшін алынған кері байланыс негізінде іс-шаралар жоспарын дайындау	Кейінге қалдырылды	Технологиялық қауіпсіздіктен хабардарлықты арттыру науқаны коронавирус пандемиясымен байланысты шектеулер салдарынан кейінге қалдырылды.	Технологиялық қауіпсіздіктен хабардарлықты арттыру науқанын жалғастыру және IOGP стандарттары негізінде іс-шаралар жоспарын дайындау

Негізгі мақсат – адамдарға, қоршаған ортаға, мүлікке және Компанияның беделіне қауіп төндіретін факторлардың алдын алу және оларды азайту. Осы тапсырманы орындау үшін жабдық, адамдар және процестер сияқты санаттарда қорғаныш тосқауылдары анықталды. Осылайша, ауқымды апаттардың қауіптілігі ең төменгі іс жүзіндегі лайықты деңгейге дейін азайтылды. **GRI 103-1**

КПО өндіріс тұтастығын басқару жүйесі – ірі ауқымды апаттардың алдын алу және Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін барлық КПО қызметкерлерінің, мердігерлердің және қосалқы мердігерлердің қауіпті факторлар туралы хабардарлығын арттыру бойынша шаралар кешені.

2014 жылы енгізілген өндірістік тұтастықты басқару жүйесі аясында КПО келесі құралдарды қолданады:

1. Тосқауылдар моделі,
2. Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері,
3. Қолданыстағы нысандарды модификациялау бойынша өзгертулерді басқару жүйесі,
4. Технологиялық процесс қауіпсіздігінің негіздері бойынша іс-шаралар.

Тосқауылдар моделі **GRI 102-11, 103-2, 403-2, 407-7**

2020 жылы өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі Microsoft Excel бағдарламасының негізінде «Тосқауылдар моделі» құралын жетілдіру мақсатында мамандандырылған бағдарламалық жасақтама дайындаушы «Risk Point» компаниясы жасаған бағдарламалық кешеннің конфигурацияларын реттеу бойынша жұмыстар жүргізді. Осындай жаңа шешім өндірістік қауіп-қатерлерді басқарудың инновациялық құралы болып табылады. Ол ұйым активтері үшін қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін талдаудың мәліметтері мен көрсеткіштерін ұсынады.

«Тосқауылдар моделінің» бағдарламалық жасақтамасы КПО талаптарына сай жаңартылып, осылайша жедел деректер есебінен үдерістің тиімділігін айтарлықтай арттыруға және анықталған ықтимал қауіпті факторлармен жұмыс жасау кезінде әрекет ету уақытын қысқартуға мүмкіндік берді. Онлайн тәртібіндегі жүйе 2020 жылғы 22 желтоқсанда іске қосылды.

Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы **GRI 403-2, 06-13**


Жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы (АҚҚТБ) – технологиялық жабдықтың, оның ішінде уытты емес және жанбайтын заттардың, алғашқы қорғаныш қабатынан кез келген заттың жоспарланбаған немесе бақыланбайтын ағып кетулер. КПО-ның АҚҚТБ көрсеткіштері туралы 2020 жылғы есебінде алғашқы қорғаныш қабатының бұзылуымен байланысты 2020 жылы орын алған оқыс оқиғаларын, сондай-ақ келесілерге қатысты тағайындалған түзету іс-шараларын талдау берілген:

- Түпкі себептер (оқиғаларды тергеудің «Tap Root» әдістемесіне сәйкес),
- «Технологиялық процесс қауіпсіздігінің негіздері» ережелерін сақтау деңгейі,
- Түзету іс-шараларының статусы,
- Ағып кетулерді тіркеу кітабы.

Ірі ауқымды апаттардың орын алуына әкелуі мүмкін қауіпті факторларды бақылау және талдау технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалардың алдын алудың және олардың күрделілік дәрежесін төмендетудің негізі болып табылады. Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиға орын алған жағдайда, «Synergi» дерекқорында тіркелумен тиісті тергеу басталады. КПО тергеу тобы түпкі себептерді талдап, оларды жою бойынша ұсыныстар мен тиісті шаралар жоспарын дайындайды. Жоспардың орындалуы «Synergi» дерекқоры арқылы қадағаланады.

2018–2020 жылдар бойынша өткізілген статистикалық сараптама 2019 жылға қарағанда 2020 жылы алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуымен байланысты орын алған оқиғалардың саны 12%-ға дейін өскенін, сонымен қатар олардың күрделілік дәрежесінің де артқанын көрсетті. АҚҚТБ-мен байланысты 2-дәрежелі 1 ғана оқиға тіркелді. Бұл жағдай ҚӨК нысанында орын алды: 6-сызбада көрсетілгендей, ҚӨК объектісіндегі бөлінген газдардың компрессоры ғимаратында газдың шығуы.

6-сызба. Өндірістік нысандар бойынша технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы жағдайлары, 2018–2020 жж. 06-13



Ескерту: Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалар (1/2/3 дәрежелі) анықтамасымен танысу үшін "Мұнай және газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP)* № 456 стандартынмен танысып шығыңыз.

Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері GRI 103-3

КПО-ның нысан тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің (ТНК) мақсаты – сайып келгенде неғұрлым ауыр салдарға әкелуі мүмкін оқиғалардың себептері мен шарттарын анықтау немесе олардың орын алуының алдын алу. КПО нысан тұтастығы ТНК туралы есеп беру бойынша API RP 754 ұсынылған тәжірибесіне, IOGP 456 стандарты ұсынымдарына, «Эни» және «Шелл» компанияларының басшылық ететін қағидаттарына сәйкес кешікпелі және ескертпелі көрсеткіштерді қадағалап отырады. КПО құрушы компанияларының 2020 жылғы аудит нәтижесіндегі ұсыныстар шеңберінде ТНК процесі бұрын қолданылмаған «жарық индикаторларын» енгізу арқылы жетілдірілді.

2020 жылы өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі КПО-дағы нысан тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері және өндірістік қауіпсіздіктің негізгі көрсеткіштері туралы есептерді ай сайын және тоқсан сайын беруді жалғастырды.

КПО процесстерінің қауіпсіздігі бойынша ақпараттық панельдерде КПО-ның барлық өндіріс нысандары бойынша орташа және жалпы көрсеткіштер бар.

Үздіксіз жетілдіру және хабардарлықты арттыру мақсатында ТНК пирамидасы 1-3 деңгей коэффициентімен толықтырылды. Бұл коэффициент деңгейіндегі оқиғалар санының мердігерлер мен қосалқы мердігерлер жұмыс істеген адам-сағаттың жалпы санына қатынасын көрсетеді.

Бағалау карталары мен ақпараттық панельдерге кірме деректерді цифрландыру және деректерді автоматтандырылған өңдеу бойынша 2020 жылға қойылған міндетін орындау коронавирус пандемиясы мен шектеулі ресурстарға байланысты мүмкін болмады.

2020 жылы өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі ТНК мен ақпараттық панельге қажетті деректерді (КПО бойынша жалпы және объект бойынша бөлек көрсеткіштер) ай сайынғы жинақтау, құрылымдау, мерзімді жаңарту және талқылау бойынша жұмыстарды жалғастырды.

Қолданыстағы нысандарды модификациялау бойынша өзгертулерді басқару жүйесі

Өзгертулерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты – жабдықты модификациялау бойынша кез келген өзгертулер енгізілмес бұрын бағаланғанын, мақұлданғанын және құжатталғанын және, осылайша, өндірістік қондырғылар мен процестердің қауіпсіздігі мен тұтастығын қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда, жабдықты модификациялау үдерісіне қатысатын КПО бөлімдері аталмыш жүйені кеңінен қолданып келеді. Жалпы алғанда, 2020 жылдың соңында жүйеде 1946 электронды өзгерту тіркелді, оның 9,8%-ы жыл ішінде жүйеге енгізілді. Жалпы жүйеде барлығы 814 электронды өзгерту жабылды, оның 136-сы – 2020 жылы жабылды.

Кен орнындағы барлық нысандардың белсенді қолдануы арқасында өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі мерзімі өткен электронды өтінімдердің азаюына

қол жеткізді. Өткен жылмен салыстырғанда мерзімі өткен электронды өтінімдердің саны 58,8%-ға азайып, 247 құрады. 2021 жылы біз мерзімі өткен өтінімдердің санын азайту және ашық өтінімдердің жиналуын болдырмау мақсатында жүйенің тиімділігін арттыруға ден қойдық.

Апаттық дабылдарды басқару GRI 103 – 3

2020 жылы «Апаттық дабылдарды оңтайландыру бағдарламасының» ақырғы нұсқасы орталық қызмет көрсету бөліміне іске асыру үшін жіберілді (3 фаза). 2020 жылдың бірінші тоқсанында аталмыш жобаныс іске асыру кезеңіне дайындық ретінде орталық техникалық қызмет көрсету бөлімінің операторлары мен супервайзерлері үшін қысқа дайындық курсы өткізілді.

Технологиялық процесс қауіпсіздігінің негіздері бойынша іс-шаралар GRI 103-3, 102-11

Технологиялық процес қауіпсіздігі негіздері (ТПҚН) бойынша іс-шаралар 2017 жылы басталды. Бұл бастама өндірістік нысандарды пайдалану кезінде орын алуы мүмкін қауіптер туралы өндірісте қызмет ететін қызметкерлердің хабардарлығын арттыруға бағытталған.

Коронавирус пандемиясымен байланысты шектеулер салдарынан 2020 жылы бұл іс-шаралар уақытша тоқтатылды.

ҚАУІПСІЗДІК

КПО өндірістік нысандардың тұтастығын сақтап, барлық Компания және мердігер қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бар күшін салып келеді. **GRI 103-1**

19-кесте. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттеріміз GRI 103-2



2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
КПО экспорт құбыр желілеріне заңсыз қосылу жағдайларын мүлдем болдырмау	Орындалды	Экспорттық құбыржолдарды жүйелі бақылау мобильді патрульдер күшімен және «Optasense» бақылау және хабарлау жүйесімен жүргізілді.	КПО экспорттық құбыржолдарына заңсыз қосылу жағдайларын болдырмау
«Optasense» жабдықтары мен бағдармалық жасақтамасын жаңарту	Орындалды	Хабарлау жүйесінің бағдармалық жасақтамасы «Sintela» 5.0 нұсқасына жаңартылды	
	Жаңа міндет		Заңсыз әрекеттердің алдын алу мен оқиғалар деңгейін төмендету бойынша бірқатар шараларды жүргізу
Күзет қызметкерлерін қауіпсіздіктің және адам құқықтарының ерікті қағидаларына (ҚЖАҚЕК) оқытуды жалғастыру	Орындалды	2020 жылдың соңында күзет ұйымдардың барлық қызметкері аталмыш оқудан өтіп шықты. GRI 410-1 2016 жылдан бері ҚЖАҚЕК оқыту туралы ереже қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтерін көрсету бойынша жаңа келісімшарттар талаптарына енгізілген.	Күзет қызметкерлерін қауіпсіздіктің және адам құқықтарының ерікті қағидаларына (ҚЖАҚЕК) оқытуды жалғастыру

2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
Жобалау кезеңін және электронды қауіпсіздік жүйесін құру мен орнатуды кемінде 50%-ға аяқтау; Үлкен Шаған МАС-да қорғаныш қоршаулары мен электронды қауіпсіздік жүйесін орнату бойынша жұмыс көлемін дайындауды бастау.	Орындалуы жалғасуда	Жоба толықтай дайын. КВИ шектеулеріне байланысты электронды қауіпсіздік жүйесін құру мен орнату фазасы басталған жоқ	<ul style="list-style-type: none"> Электронды қауіпсіздік жүйесін сатып алу және оны Компания нысандарында орнатуға кірісу Үлкен Шаған МАС-дағы ықтимал қауіпсіздік қызметі көрсетушісін анықтау.
Чип орнатылған және мүмкіндіктері көбірек электронды бейдждің жаңа түрін жұмыс ортасына енгізу	Орындалуы жалғасуда	Жаңа электронды бейдждерді жеткізу келісімшарты жасалып, бағдарламалық жасақтама әзірленді	Бірнеше әртүрлі және қолданыстағы электронды бейдждерді/сертификаттарды біріктіру

2020 жылғы КПО қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімі қызметінің қорытындысы бойынша 521 бұзушылық анықталып, құқық қорғау органдарына жолданған 5 өтінішпен қоса 26 ішкі қызметтік тексеру жүргізілді.


2020 жылы Компания 92 млн теңгені құрайтын КПО және мердігер ұйымдар активтерін рұқсатсыз шығару/алып кету фактілерін анықтап, оларға жол бермеді. Бұған қоса, КПО қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімі мен Бөрлі ауданы құқық қорғау органдарының күшімен ұрланған мүлік қайтарылды.

Экспорттық құбыржолдарда кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметтерін көрсететін күзет ұйымының қызметкерлері БҚО құқық қорғау органдарына мал ұрлығымен және сирек кездесетін жануарлардың дериваттарын заңсыз пайдаланумен байланысты қылмыстарды ашуға көмектесті. **GRI 102-44**

Қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдірудің екінші кезеңін іске асыру шеңберінде 2020 жылы қолданыстағы бақылау және хабарлау жүйелерін жаңарту үшін келесі іс-шаралар қабылданды: **GRI 103-3**

- Sintela жаңа бағдарламалық жасақтамасын енгізу және орнату үшін құжаттама пакеті дайындалды;
- Жаңа жабдықтар сатып алынып, нысандарда орнатылды, іске қосу-реттеу жұмыстары басталды;
- жаңартылған бағдарламалық жасақтаманың процестері мен алгоритмдері біріктірілді;
- ықтимал қауіптерді қабылдаудың дәлдігін жақсарту және жаңылыс іске қосуларды азайту үшін жаңа алгоритмдер қосылды;
- жерге тұйықтау мыс кабельдерін ұңғымалардан рұқсатсыз алу фактілеріне байланысты материалдарды кіргізуді және әкелуді/әкетуді бақылаудың жаңа алгоритмдері енгізілді және күшейтілді;
- 2020 жылдың желтоқсанында операторларды Sintela жүйесін басқаруға оқыту процесі басталды.

7-сызба. 2020 жылғы бұзушылық фактілері



- Тауарлық-материалдық құндылықтарды тасымалдау ережелерін бұзу (53 жағдай)
- Ішімдікке қарсы саясат ережелерін бұзу (7 жағдай)
- Кен орны периметрі шекарасын бұзу (30 жағдай)
- H₂S байланысты апат кезінде адамдарды қорғау стратегиясын бұзу (421 жағдай)

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ

2020 жылдың соңында Компанияда КПО қызметкерлерінің жалпы есептік саны, уақытша жобаларда жұмыс істейтіндерді қоса алғанда, 4 368 адамды құрады, оның 4 133 – қазақстандық және 235 – шетелдік қызметкерлер.

8-сызба. КПО қызметкерлер саны, 2018–2020 жж. GRI 102-7,102-8



10-сызбада қызметкерлер саны гендерлік белгілеріне байланысты бөлініп көрсетілген. 2020 ж. КПО-да 3 148 ер адам және 1 220 әйел адам жұмыс істеді. GRI 102-8

2020 жылы уақытша жұмыс істейтін қызметкерлер саны 120 адам болды.⁶ GRI 102-8

10-сызба. Гендерлік белгісі бойынша КПО қызметкерлері саны, 2018–2020 жж. GRI 102-8



9-сызба. Еңбек шарты түрі бойынша КПО қызметкерлері, 2018–2020 жж. GRI 102-8




11-сызба. Жас санаты бойынша кадрлардың тұрақтамауы, 2020 ж. GRI 401-1



⁶ Уақытша қызметкерлер – ақы төленбейтін немесе жүктілікке байланысты демалыстағы, немесе құрушы компанияға уақытша жұмысқа жіберілген негізгі қызметкерді ауыстыру мақсатында шектеулі мерзімге жұмысқа алынатын сыртқы қызметкер.

11-сурет. Аймақтар бойынша бөлінген КПО қызметкерлері, % GRI 102-8, 103-1


Картада Қазақстан өңірлері бойынша КПО қызметкерлері санының пайыздық арақатынасы көрсетілген.



12-сызбада 2020 жылда қызметкерлердің тұрақтамауы жынысы бойынша бөлініп көрсетілген. 2020 жылы КПО-да жалданған жаңа қызметкерлер саны қызметкерлердің орташа тізімдік санының 2,3%-ын құрады. 2020 жылғы кадрлар тұрақтамауы 2019 жылғы 1,7%-дық көрсеткішімен салыстырғанда 1,1%-ды құрады (13-сызбаны қараңыз). GRI 401-1


ҚР еңбек заңнамасы талаптарына сәйкес жергілікті қызметкерлер тұрақтамауы динамикасына өз еркімен жұмыстан босатылған қызметкерлер де жатады.

13-сызба. Жергілікті қызметкерлер тұрақтамауы динамикасы⁷, 2018–2020 жж. GRI 401-1, 103-3



⁷ Жергілікті кадрлардың тұрақтамау көрсеткішін есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі: кадрлардың тұрақтамауы = есепті жыл үшін өз бастамасы бойынша Компаниядан шығатындар саны / сол кезеңдегі орташа тізімдік саны × 100.

12-сызба. 2020 жылғы гендерлік белгісі бойынша кадрлардың тұрақтамауы GRI 401-1



- Осы гендерлік санаттағы жұмыстан кеткен қызметкерлердің саны
- Осы гендерлік санатқа жаңадан келген қызметкерлер саны
- Осы гендерлік санаттағы қызметкерлердің жалпы саны

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ **GRI 102-44**

Ұжымдық келіссөздер жүргізудің Копманиядағы маңызы зор. Қызметкерлердің құқықтарын қорғау мен қолдаудағы негізгі рөлдердің бірін кәсіподақтар жүзеге асырады. Кәсіподақтар әлеуметтік-еңбек қатынастарының түрлі тақырыптары бойынша Ұжымдық шарт жобаларын әзірлейді және қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту бойынша компаниямен келіссөздер жүргізеді. КПО қызметкерлерінің мүдделерін үш кәсіподақ ұсынады:

- Компания қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»;
- «КПО Б.В. және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің Қарашығанақ жергілікті кәсіптік одағы»;
- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» қызметкерлерінің және «TRUST» мердігерлік компанияларының жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ.

2020 жылы 2019–2021 жж. қол қойылған Ұжымдық шарт қолданылды.

КПО ұжымдық шартының ережелері олардың кәсіподақтағы мүшелігіне қарамастан штатқа қабылданған барлық қызметкерлерге қолданылады. **GRI 102-41**

КПО-да кері байланыстың бірнеше механизмі бар: еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе кәсіподақ арқылы және «Жедел желі» арқылы хабарласу. 2020 жылы еңбек ресурстары басқармасына 64 шағым және 16 өтініш келіп түсті. Келіп түскен шағымдарда еңбек тәртібінің бұзылуы, жұмысқа орналасу, даулы мәселелерді шешу, қызметтік өкілеттікті асыра қолдану, мердігер қызметкеріне қатысты заңсыз әрекет мәселелері қозғалды. Шағымдардың барлығы тиісті қаралып, олар бойынша лайықты шешім қабылданды. **GRI 102-17, 103-2**

Жұмыс орындарын олардың ахуал-жағдайын нашарлауына әкелетін және еңбекақыны кейінгі қысқартумен компанияны тарату жағдайында, ұжымдық шарт ережелеріне сәйкес КПО компаниясы кәсіподақтарды 2 ай (8 апта) бұрын хабардар етуге міндетті. **GRI 402-1**

Компания ұжымдық шарт және ҚР 2017 жылғы Еңбек кодексі (52-бап) шеңберінде әрекет ететін еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзу бағдарламасын қолдануды қолдайды. Бағдарлама 58-ден 63 жасқа дейінгі ер адамдарға және 53-тен 58 жасқа дейінгі әйел адамдарға қолданылады. 2020 жылы компанияның 43 қызметкері еңбек қатынастарын өз еркімен бұзу туралы өтініш берді (2019 ж. – 42 қызметкер, 2018 ж. – 24 қызметкер, 2017 ж. – 45 қызметкер).

Шығындарды оңтайландыру, тиімділікті арттыру және мұнай бағасының төмен жағдайында компанияның бәсекеге қабілеттілігін қолдау мақсатында 2020 жылғы қарашада Компания еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзудың бір жолғы бағдарламасын («ЕҚЕТББ») іске қосты. Осы бағдарлама бойынша 42 өтініш қанағаттандырылды.

Өндірістік қатынастар **GRI 102-11, 407-1**

КПО мердігерлерге заң талаптарына, ішкі ережелер мен саясаттарға қатысты түсінік беру үшін және мәжбүрлі еңбек етудің қаупін және/немесе қызметкерлердің жиындарды өткізу не ұжымдық шегініс алу құқықтары бұзылуының алдын алу мақсатында үнемі жиындар өткізіп отырады. Мердігерлер мен қосалқы мердігерлерде құқықтық нормалардың сақталуына жеткіліксіз көңіл бөлінген кезде, осындай жағдай орын алуы мүмкін.

Қарашығанақ кен орнындағы ағымдағы өндіріс және одан әрі дамыту мен кеңейту жобаларын іске асыру жөніндегі жұмыстар негізінен мердігерлік ұйымдардың күштеріне жүзеге асырылады. Сондықтан, қойылған міндеттер мен өндірістік көрсеткіштердің табысты орындалуы КПО-ның өзінде және тартылған мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардың ұжымдарында еңбек қатынастарының қаншалықты дұрыс құрылғанына байланысты.

Осыған байланысты, КПО жұмыстар мен қызметтерді көрсетуге арналған келісімшарттар шеңберінде еңбек заңнамасы мен ҚР санитарлық-гигиеналық нормаларын сақтауға ерекше көңіл бөледі.

2020 жылы КВИ пандемиясы және қалыптасқан экономикалық жағдай Компанияның барлық қызметкерлерінің қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету бойынша теңдессіз шаралар қабылдау қажеттілігін негіздеді. Шектеу шараларын енгізу кезінде Компания қажетті іс-әрекет алгоритмі мен тетігін әзірлеу мақсатында бақылаушы органдармен және мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдармен өзара бірлесіп әрекет жасады.

Тауарлар мен қызметтерді отандық жеткізушілерді қолдау аясында КПО санитарлық шектеу шараларын қамтамасыз ету жөніндегі міндетті талаптарға сәйкес мердігер ұйымдардың қызметкерлерін міндетті ПТР-тестілеуді ұйымдастырды. Шағын бизнеске қосымша қаржылық жүктемені болдырмау үшін 2020 жылғы 1 маусымнан бастап КПО компаниясы осы шығындарды толық көлемде өтейді.

Өткен жылы қызметкерлерден келіп түскен ұсыныстар, шағымдар мен ескертулер тиісті ден қою және кемшіліктерді жою шараларын қабылдау үшін мердігерлік ұйымдардың, түрлі Директораттардың басшылары және КПО келісімшарттарын ұстаушылар деңгейінде талқыланып, қаралды.

КПО мен мердігерлік/қосалқы компаниялардың ағымдағы өндірістік қызмет процесіндегі және Қарашығанақ жобасын іске асыру шеңберіндегі бірлескен жұмысы өндіріс қауіпсіздігін, сондай-ақ еңбек ұжымдарындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУЫ GRI 103-3, 405-1

КПО Компаниясында қызметкерлерді дамыту үздіксіз процесс болып табылады. Кәсіби біліктілік деңгейі оқыту мен біліктілікті арттырудың қолданыстағы жүйесі арқылы сақталады және дамиды.

Осылайша, 2020 жылы шетел мамандары иемденген 23 лауазымға жергілікті қызметкерлер тағайындалып, 54 лауазым қысқартылды. 2020 жылдың желтоқсан айына қарай Компания ұжымының 94%-н жергілікті қызметкерлер құрады. Жалпы, 1999 – 2020 жж. аралығында 233 астам шетелдік қызметкерлер жергілікті мамандармен алмастырылған, ал шетел қызметкерлері иемденген 239 лауазым қысқартылған. Санат бойынша көрсеткіштер 20-кестеде ұсынылған. GRI 103-2

2020 жылы КПО өкілетті органымен бірлесіп 2020–2025 жылдарға арналған кадрлардағы жергілікті қамтуды ұлғайту жөніндегі бағдарламаны бекітті.

20-кесте. Қызметкерлердің санаттары бойынша КПО кадрларындағы жергілікті қамтуды ұлғайту көрсеткіштері GRI 202-2, 103-3

Санаты	Түсіндірмесі	ҚР заңнамалық талабы	Кадрлардағы жергілікті қамту көрсеткіші		
			2020 ж.	2019 ж.	2018 ж.
1+2	Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері	70% кем емес	83%	79%	77%
3+4	Мамандар / білікті қызметкерлер	90% кем емес	97%	96%	95%

Сонымен қатар, кадрлардағы жергілікті үлесті ұлғайтудың осы бағдарламасының мақсаттарына сәйкес КПО Батыс Қазақстан облысында тіркелген мердігерлік ұйымдардағы жергілікті қамтудың статистикасына қосымша мониторинг жүргізеді. 2020 жылы 43 компания тоқсандық, жартыжылдық және жыл сайынғы негізде кадрлардағы жергілікті қамту туралы мәліметтер ұсынды. Осы ұйымдардағы жергілікті қамту көрсеткіштері «бірінші басшылар және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары» санатында 79% -ды және «мамандар/білікті қызметкерлер» санатында 94%-ды құрады

14-сызба. Жасы және жынысы бойынша жергілікті және шетел менеджерлерінің саны, 2020 ж. GRI 405-1(b)



14-сызбада Компанияның жасы мен гендерлік белгісі бойынша шетелдік және жергілікті жоғары және орта буын басшыларының жалпы саны көрсетілген. Бұл сан КПО құрылымын, соның ішінде уақытша жобаларды да қамтиды.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ GRI 103-1, 103-3

Қарашығанақ кен орны нысандарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін үнемі жоғары білікті қызметкерлер талап етіледі. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін Компания серіктестердің халықаралық тәжірибесін пайдаланады және әртүрлі халықаралық және қазақстандық оқу ұйымдарын тартады.

Жыл сайын КПО бірқатар оқу бағдарламаларын өткізеді:

- өндіру және барлау мақсаттарына жету үшін қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- ҚР заңнамасымен, Компанияның ішкі рәсімдерімен және үздік халықаралық тәжірибелермен талап етілетін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқыту.

2020 жылы Компанияның жергілікті қызметкерлерінің 76%-ы біліктілікті арттырудың, кәсіби даярлаудың, қайта даярлаудың түрлі бағдарламалары бойынша оқытудан өтті, сондай-ақ онлайн семинарлар мен конференцияларға қатысты.

Бұдан басқа, 2020 жылы КПО мамандандырылған халықаралық бағдарламалар бойынша (15-сызбаны қараңыз), тілдік дағдыларға оқыту, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша кәсіптік және міндетті оқыту жүргізді.

Оқыту бойынша статистика GRI 404-1, 403-5

Жауапты ұйым ретінде ҚПО өз қызметкерлері үшін де, мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін де қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті оқытуды қамтамасыз етеді. 2020 ж. 445 122 адам-сағат (2019 ж. – 686 709 адам-сағат) жұмсалды, оның ішінде 295 495 адам-сағат (2019 ж. – 363 286 адам-сағат) КПО қызметкерлеріне берілді. Қалған 149 627 оқыту сағаты (2019 ж. 323 423 адам-сағат) мердігер ұйымдардың қызметкерлері үшін ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқытуға жұмсалды.

2020 жылы барлығы 19 637 адам оқытылды, оның ішінде 3 134 – КПО қызметкерлері және 16 503 – мердігер ұйымдардың қызметкерлері. Компанияның оқу сағаттарының орташа саны 16-сызбада келтірілген.

15-сызба. 2020 жылға арналған халықаралық сертификатталған бағдарламалар шеңберінде оқытылған КПО қызметкерлерінің саны



Компания қызметкерлері үшін 2020 жылы ұйымдастырылған оқыту 21-кестеде санат бойынша бөлініп, көрсетілген.

21-кесте. Санат бойынша қызметкерлерді оқыту, 2018–2020 жж. GRI 404-1

Санаты	2020	2019	2018
1. Жоғары және орта буын жетекшілері	92 адам (1 қызметкерге 73,99 сағат)	161 адам (1 қызметкерге 66,60 сағат)	172 адам (1 қызметкерге 54,84 сағат)
2. Білікті мамандар / топ жетекшілері	1 439 адам (1 қызметкерге 81,93 сағат)	1 250 адам (1 қызметкерге 88,96 сағат)	1 364 адам (1 қызметкерге 67,96 сағат)
3. Техникалық қызметкерлер	1 484 адам (1 қызметкерге 113,01 сағат)	2 044 адам (1 қызметкерге 111,73 сағат)	1 494 адам (1 қызметкерге 121,07 сағат)
4. Кеңселік-әкімшілік қызметкерлер	119 адам (1 қызметкерге 25,81 сағат)	150 адам (1 қызметкерге 86,53 сағат)	84 адам (1 қызметкерге 44,99 сағат)

ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 5

ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ GRI 404-2

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

2017–2020 жылдар кезеңінде КПО перспективалы қазақстандық қызметкерлерді анықтауға және оларды одан әрі дамытуға бағытталған жеделдетілген даму бағдарламасының үшінші легін енгізді. Бағдарламаны іске асыру барысында талантты қызметкерлерді іріктеуді, олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауды, жеке даму бағдарламаларын әзірлеуді және енгізуді, нәтижесінде жоспарланған лауазымдарға тағайындауды қамтитын компанияның бизнес қажеттіліктеріне қол жеткізу үшін кадрлар резервін құруға басты назар аударылды.

Мақсаты:

- Келесідей даму құралдарын: коучинг, қазақстандық қызметкерлердің бас компаниялардың кеңселерінде тағылымдама өтуі, формалды оқыту, сертификатталған бағдарламалар мен тәлімгерлікті қолдану арқылы қызметкерлердің тұрақты кәсіби өсуі мен дамуы үшін қажетті білім мен дағдыларды алуы үшін жағдайлар жасау;
- Еңбек ресурстарын жоспарлаудың үздіксіздігіне кепілдік беру.

Жағдайдың шешімі/ қолданылған әрекеттер:

2017 жылғы ақпаннан мамыр айына дейін КПО қызметкерлерін оқыту және дамыту бөлімі бағдарламаға қатысу үшін үміткерлерді іріктеуді жүргізді. 2018 жылдың басынан бастап қатысушыларды Жеке даму жоспарларына сәйкес оқыту және дамыту бойынша бірқатар іс-шаралар, соның ішінде КПО қазір жұмыс жасап жатқан директорларымен және бас компаниялардың көшбасшыларымен тоқсан сайынғы кездесулер өткізілді. Бағдарлама барысында SAP жүйесін пайдалану,

бағдарлама қатысушыларының желілік басшылықпен, тағайындалған жаттықтырушылармен және тәлімгерлермен тиімді жұмыс істеуі және өзара іс-әрекеті үшін бірыңғай жұмыс платформасын құруға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн.

2019 жылы коучингке көп көңіл бөлінді. «Коучингтегі халықаралық тенденциялар» тақырыбында сәтті өткізілген семинар қатысушылардың оң пікірлеріне ие болды.

2020 жылдың басында білім алушы қызметкерлер үшін Ресейден танымал коуч-сарапшының шақыруымен «Өзіңді және өзгелерді шабыттандыр» тақырыбында форум өткізілді. Нәтижесінде қатысушылар ішкі мотивацияға және басқаларды ынталандыруға бағытталған коучинг құралдарын игерді.

Бағдарлама кезеңінде көшбасшылық біліктілікті дамыту бойынша барлығы бес форум өткізілді. Бағдарлама қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысушылардың 80%-ы өткізілген іс-шаралар оларға көшбасшылық қасиеттердің біліктілік деңгейіне мүмкіндік бергенін атап өтті.

Нәтижесі:

2020 жылғы бағдарламаның соңғы жылы дүниежүзілік пандемия кезеңіне келді, бұл жағдай бағдарламаны іске асыру процесіне түзетулер енгізді. Осыған қарамастан, 2020 жылдың соңында бағдарлама сәтті аяқталды. Үшінші лекке қатысушылардың жалпы саны 161 адамды құрады. Бағдарлама аяқталған кезде қатысушылардың 56%-ы жоспарланған рөлдерге қол жеткізді, ал жеке даму жоспарлары 77%-ға орындалды.

Бағдарлама аясында тағайындалған рөлдерге қол жеткізбеген қатысушылар компанияның кадрлық резервіне белгіленді.

16-сызба. Оқыту түрлері бойынша 2020 ж. КПО номинацияланған қызметкерлері өткен бір курсқа арналған оқу сағаттарының орташа саны GRI 404-1



ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 6

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ GRI 404-2

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

2007 жылы кен орнын пайдаланудың екінші кезеңінің нысандарын іске қосу кезінде өңірде өндіру және техникалық қызмет көрсету бойынша жоғары білікті қызметкерлердің болуы шектелді. КПО компаниясы ОРИТО стандарттары бойынша оқыту бағдарламасын іске асыруға кірісті, ол жергілікті персоналдың біліктілігін арттыруға және дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Мақсаты:

Бағдарламаның негізгі міндеті Қарашығанақ кен орны нысандарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін қазақстандық жоғары оқу орындарының жергілікті түлектері қатарынан кадр резервін құру болып табылады.

Жағдайдың шешімі/ қолданылған әрекеттер:

2008 жылдан бастап дуалды білім беру аясында Компания ОРИТО Мұнай және газ академиясының стандартына негізделген өндіру операторы, техник-механик, техник-электрик және бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика технигі мамандықтары бойынша кәсіби даярлау бағдарламасын іске асыруда. Іріктеуден кейін үміткерлер

теориялық және практикалық білім ала отырып, халықаралық деңгейде оқудан өтеді. Бағдарламаны сәтті аяқтағаннан кейін тағылымдамадан өтушілер Компанияның өндірістік объектілеріне жұмысқа орналасады және өз мансабын бастайды. Оқыту бағдарламаларының құндылығы блоктық-модульдік форматта іске асырылатын әдіснамада жатыр. Мұндай тәсіл жұмыс орнында өндірістік міндеттерді шеше білуге бағытталған құзыреттер кешенін дамытуға мүмкіндік береді.

Нәтижесі:

Жалпы 2008 жылдан бастап 2020 жылға дейін осы бағдарлама бойынша 492 студент оқудан өтті.

2020 жылы 2019 жылы басталған жабдықтарды пайдалану жөніндегі техниктер мен өндіру жөніндегі операторларды кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша оқыту жалғастырылды.

2020 жылдың қыркүйек айында 36 студент өндіру операторы, техник-электрик және бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика технигі мамандықтары бойынша оқудың теориялық бөлігін аяқтап, Компанияның өндіру және техникалық қызмет көрсету бөліміне тәжірибелік тағылымдамаға жіберілді.

ЕҢБЕК АҚЫСЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

КПО компаниясы бәсекеге қабілетті жалақы мен түрлі жеңілдіктердің көмегімен лайықты еңбек жағдайларын сақтауды қамтамасыз етеді.

Компаниямен еңбек шарты бар барлық қызметкерлерге ақшалай төлемдер мен ақшалай емес сыйақылардан тұратын жеңілдіктер пакеті ұсынылады. КПО-да кадр агенттігі арқылы жұмыс істейтін қызметкерлерге сол агенттіктің ұжымдық шарттары қолданылады. **GRI 401-2**

Жеңілдіктердің басым бөлігі 2019 ж. қайта қаралып, 2019–2021 жылдар бойы қолданыста болған ұжымдық шартта көзделген. **GRI 102-41**

Қолданыстағы рәсімдер шеңберінде, КПО өз қызметкерлерінің еңбекақысын жыл сайын қайта қарастырып отырады. Бұл инфляцияның жылдық деңгейі ескерілген жыл басындағы еңбекақыны көтеруді, жыл бойы орындаған жұмыс қорытындылары бойынша оң баға алған қызметкерлерге сыйлықақыны жыл сайын төлеуді, сонымен қатар жалақыны жекелей көтеру және қосымша бір жолғы берілетін төлемдерді қамтиды.

2020 жыл экономикалық тұрғыдан оңай болған жоқ, бұл ретте Компания ұжымдық шартта келісілген төлемдерді тоқтатқан жоқ. 2020 жылы жалақының екі рет жалпы өсуі жүргізілді: біріншісі – қаңтарда 6,4%-ға, бұл алдыңғы 2019 жылғы инфляция деңгейін және ұжымдық шарттың талаптары бойынша қосымша 1%-ды көрсетеді; екіншісі – кәсіподақтармен келіссөздер нәтижелері бойынша наурыз айында 10,6%-ға арттыру.

COVID-19 карантині кезеңінде үздіксіз өндірісті қолдау мақсатында Бас директордың бұйрығы негізінде қызметкерлердің арнайы өндірістік тобы құрылды, олар үшін ай сайын жалақыға қосымша төлемдер жасалды.

Жыл бойы Компания қызметкерлерді қысқартпады, бірақ ұйымдық құрылымды оңтайландыру үшін қызметкерлерге өтемақы пакетін төлеумен қоса еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзу бағдарламасы ұсынылды.

КПО жалақысының Қазақстандағы мұнай-газ саласындағы нарықтық еңбекақы деңгейіне сәйкестігін жыл сайынғы талдау негізінде КПО қызметкерлерінің орташа еңбекақысы Батыс Қазақстан облысы бойынша орта көрсеткіштен 3,3 есе жоғары екені анықталды. Осы талдау нәтижелері бойынша 2020 жылы жалақыға қосымша түзету жасалмады. **GRI 202-1**

Жұмыс орындалуын және қызметкерлерді дамытуды бағалау **GRI 404-3, 103-3**

Қызметкерлердің тиімділігін бағалау кері байланыс құралдарының бірі болып табылады және еңбек өнімділігін бақылауға және жақсартуға бағытталған. Жұмыстардың орындалуын бағалау және қызметкерлерді дамыту процесі КПО-да кемінде жарты жыл жұмыс істеген қазақстандық қызметкерлерді қамтиды.

КПО қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шаралар шеңберінде Компания қызметкерлерінің бір бөлігінің қашықтықтан жұмыс істеу режиміне көшуіне байланысты жұмыстардың орындалуын және қызметкерлердің дамуын бағалау процесі қайта қаралып, жеңілдетілді. Атап айтқанда, бағаларды бөлу шкаласы «өте жақсы», «тиімді» және «жақсартуды қажет етеді» болып өзгерді. «Ерекше» және «қанағаттанарлықсыз» бағалары қолданылған жоқ.

Жетекші лауазымдағы қызметкерлер үшін тиімділіктің негізгі жылдық көрсеткіштеріне жетуді бағалаудың бөлек үдерісі бар өндіріс.



ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС GRI 102-44, 103-1, 103-2, 413-1, 06-12

КПО Қарашығынақ мұнай, газ және конденсат кен орнын игеру кезінде теріс әсердің алдын алуға немесе оны барынша азайтуға, сондай-ақ жергілікті халықтың экономикалық есуіне және өркендеуіне жағдай жасап, олармен өзара әрекеттесуді жақсарту арқылы өз қыз-

метінен барынша артықшылық беруге тырысып келеді. Компанияның әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаттары, стандарттары мен процедуралары Халықаралық қаржы корпорациясы стандарттарына негізделген. GRI 102-12



22-кесте. Жергілікті халықпен қарым-қатынас бойынша қойылған міндеттер GRI 103-2

2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
Мақұлданған бюджетке сәйкес 2020 жылға ауылдық округтерді дамытуға жәрдемдесу бағдарламасын орындау. БҚО Бөрлі ауданы әкімдігімен ынтымақтастық туралы үшжақты меморандумға қол қою.	Орындалды	Бағдарлама КВИ жағдайына байланысты белгілі деңгейде орындалды GRI 413-1 Бөрлі ауданы әкімдігімен ынтымақтастық туралы үшжақты меморандумға қол қойылды	Мақұлданған бюджетке сәйкес ауылдық округтерді дамытуға жәрдемдесу бағдарламаларын орындау
Дамытудың әлеуметтік және экологиялық аспектілері бойынша үш ауылдық округте (Приурал, Жарсуат және Өспен) 12 консультативтік кеңес отырысын өткізу	Жартылай орындалды	КВИ шектеулеріне байланысты үш ауылдық округте онлайн режимде 10 отырыс өткізілді GRI 413-1	Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша үш ауылдық округте 9 консультативтік кеңес отырысын өткізу
Халықтың шағымдары мен өтініштерін қарастыру және уақытылы жабу	Орындалды	Барлық келіп түскен шағымдар уақытылы қарастырылды	Халықтың шағымдары мен өтініштерін уақытылы қарастыру және жабу
Күнделікті өмір қаражат қорын қалпына келтіруге қосымша көмек қажетін анықтау мақсатында Ақсай қаласы мен Аралтал шағын ауданына көшірілген отбасыларға мониторинг жүргізуді жалғастыру	Орындалды	2020 жылдың аяғында көшіру жобасы аясында салынған нысандарға қызмет көрсету бойынша құрылыс компаниялардың кепілдік міндеттемелері орындалды	Күнделікті өмір қаражат қорын қалпына келтіруге қосымша көмек қажетін анықтау мақсатында Ақсай қаласы мен Аралтал шағын ауданына көшірілген отбасыларға мониторинг жүргізуді жалғастыру

2020 жылы COVID-19 пандемиясына байланысты Батыс Қазақстан облысы мен Бөрлі ауданының жергілікті басқару органдарымен енгізілген карантиндік шектеу шараларына қарамастан КПО жергілікті халықпен өзара әрекеттесуді жалғастырды.

Біз Бөрлі ауданының үш ауылдық округінде, атап айтқанда Приурал, Жарсуат және Өспен ауылдарында онлайн режимде 10 консультативтік кеңес отырысын өткіздік. Онлайн отырыстар кезінде жергілікті тұрғындарға КПО-ның 2020 жылғы жергілікті қоғамдастықтардың дамуына көмектесетін бағдарламалары, КПО-ның экологиялық мониторинг бағдарламасы туралы хабардар етіп, Приурал, Жарсуат және Өспен ауылдық округтерінде тұратын әлеуметтік тұрғыдан осал отбасылардан шыққан мек-

теп түлектеріне арналған Компанияның стипендиялық бағдарламасына үміткерлерді қабылдау туралы жарияладық. КПО стипендиялық бағдарламасы критерийлеріне сәйкес Приурал, Жарсуат және Өспен ауылдық округтері мектептерінің жеті түлегі Батыс Қазақстан облысының колледждері мен университеттеріне түсті.

Консультативтік кеңестер барысында біз жергілікті тұрғындарды коронавирус инфекциясы таралуының алдын алуға бағытталған санитарлық және гигиеналық ережелерді сақтауға шақырдық.

Жергілікті халықты дамытуға жәрдемдесу бағдарламалары аясында КПО Бөрлі ауданы зейнеткерлеріне “Ақжайық” шипажайында демалу үшін 150 жолдама берді.

Шағымдар мен өтініштерді қарастыру

GRI 103-2, 103-3, 413-1

КПО-ның жергілікті халықтың шағымдары мен өтініштерін қарастыру процедурасына сәйкес ҚМГКК іргелес жатқан ауылдық округтер тұрғындарынан газ иісіне байланысты жеті (7) шағым түсті. Өндірістік экологиялық бақылау тобы жүргізген тексеру нәтижесінде аталмыш шағымдар бойынша жабдықтар жұмысында ақау, ағып кету/шығарынды, немесе РШШ арту жағдайлары анықтамаған. Келіп түскен шағымдар бойынша тұрғындарға кері байланыс берілді.

Көшірілген тұрғындарды қадағалау

OG-12

2020 жылы бұрынғы Березов және Бестау ауылдарынан көшірілген тұрғындар үшін 2017 жылы салынған Аралталдағы 100 үй мен мектептің, және Ақсай қаласындағы 9-қабаттық екі үйдің мердігер құрылыс компанияларымен берілген 36 айлық кепілдік қызмет көрсету мерзімі аяқталды. Өткен жылы құбыр жалғамаларын ал-

мастыру, балконда су кету және ішкі сылақ жұмыстарын жүргізу сияқты шамалы ақауларды жою туралы аталмыш үйлер мен пәтер тұрғындарынан 198 өтініш келіп түсті. 2020 жылдың аяғында мердігер құрылыс компаниялар ақауларды жойып, тұрғындардың өтініштері бойынша мәселелерді шешіп, кепілдік міндеттемелерді толықтай орындап шықты.

2020 жылдың көктеміндегі КВИ байланысты карантиндік шаралар кезінде Компания Бөрлі ауданының жергілікті билік органдарымен және Ақсай қаласы әкімшілігімен бірге Аралтал тұрғындары үшін азық-түлік пен көпшілік қолды тауарларды сату бойынша автодүкенді ұйымдастыруға жәрдемдесті.

Ақсай қаласы әкімінің қолдауымен 2020 жылдың қазан айында КПО-ның халықпен жұмыс бөлімінің қызметкерлері Ақсайдағы екі 9-қабаттық және 5-қабатты үйдің ауласын абаттандыру мақсатында Бөрлі ауданы орман шаруашылықтарынан 150 шетен, бәйтерек және қара үйеңкі көшеттерін алып отырғызды.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

GRI 102-44

2020 жылы Бөрлі ауданы әкімдігінің қолдауымен КПО компаниясы алты құрылыс жобасы бойынша ашық жиналыстар үлгісінде төрт қоғамдық тыңдау және бес әртүрлі нысандардың құрылыс жобасы бойынша сауалнама жүргізу үлгісінде төрт қоғамдық тыңдау өткізді. Қоғамдық тыңдаулар барысында талқыланған мәселелер қатарына кәсіптік және технологиялық құбыржолдар, экологиялық мониторинг стансалары, сондай-ақ қолданыстағы қондырғыларды, құрылыстар мен уақытша алаңдарды қайта құру мен күрделі жөндеу жатты.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат жергілікті тұрғындарға облыстық және аудандық газеттерде, сондай-ақ Компания вебсайтында жариялау арқылы жеткізіледі. Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыстар немесе сауалнама жүргізу үлгісінде өткізіледі. Коронавирус пандемиясына байланысты КПО мен жергілікті атқарушы билік органдары халықтан кері байланысты КПО вебсайтында тұрғындар үшін дайындалған құжаттар пакетінде бірге берілген сауалнама парақтарын алу арқылы жүргізуге келісті.

2020 жылы қоғамдық тыңдаулар талқылауына салынған барлық жобалар тыңдауларды өткізу процедурасына сәйкес мақұлданып, олардың тиісті хаттамалары толтырылған. Қоғамдық тыңдаулар құжаттар пакетін Бөрлі ауданы әкімдігінің вебсайтынан және КПО вебсайтынан <http://www.kpo.kz/ru> сілтемесі бойынша «Тұрақты даму/Әлеуметтік жауапкершілік/Халықпен өзара әрекеттесу/Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде көруге болады.



КПО қызметкерлері Ақсай қ. 10-шағын ауданында көшет отырғызуда

ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 7 GRI 102-44

КПО-НЫҢ ҮЙЛЕР АУЛАСЫНДА ТЕРЕКТЕР ЕГУ БАСТАМАСЫ

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

Қарашығанақ кен орнына іргелес аумақтардың қоршаған ортасы мен экожүйесін қорғау КПО үшін маңызды мәселелердің бірі. Компания өз өндірістік қызметінде қоршаған ортаға кері әсерді барынша азайтуға бағытталған жоғары стандарттарды ұстанады.

Аудит нәтижесі бойынша Компания ешқандай сәйкессіздіктер жібермеген, сондай-ақ КПО-ның энергетикалық менеджмент жүйесі тиімді танылып, халықаралық стандарттарға сәйкестігі расталған болатын.

Энергияны тұтыну GRI 302-1


2020 жылы энергия ресурстарын жалпы тұтыну мөлшері 2019 жылғы 1 021 946 шартты отын тоннасымен салыстырғанда 1 067 135 шартты отын тоннаны құрады. 33-кестеде энергия түрлері бойынша энергияны тұтыну көлемдері берілген.



33-кесте. 2018–2020 жж. КПО-ның энергия ресурстарын тұтыну мөлшері GRI 302-1

Энергия түрі	Өлшем бірлігі	Энергияны тұтыну, физикалық өлшем бірліктері			Энергияны тұтыну, шартты отын тоннасы			Энергияны тұтыну, ГДж		
		2018	2019	2020	2018	2019	2020	2018	2019	2020
Отын газы	мың м ³	841 943	826 806	863 029	1 037 274	1 018 625	1 063 251	30 402 505	29 855 886	31 163 893
Электр энергиясы (сатып алынған)	МВт/сағ	6 707	7 244	6 236	825	891	767	24 181	26 115	22 482
Дизель жанармайы	м ³	839	739	1 188	1 058	932	1 498	30 997	27,468	43 905
Бензин	м ³	245	226	199	271	249	220	7 934	7 301	6 439
Жылу (жалға алынған кеңселерде)	Гкал	8 219	8 731	9 781	1 175	1 249	1 399	34 449	36 595	40 994
БАРЛЫҒЫ					1 040 603	1 021 946	1 067 135	30 500 065	29 953 365	31 277 713

2020 жылғы энергияны жұмсау көрсеткіші бір тонна көмірсутекке шаққанда 1,08 ГДж құрады, бұл IOGP¹⁴ (1,50) өз есептерін берген компаниялардың энергияны жұмсау орта көрсеткіштерінен төмен.

22-сызба. Энергияны жұмсау динамикасы, 2018–2020 жж. GRI 302-3**Энергияны сақтау шаралары**

КПО-ның энергияны сақтау мен тиімділігін арттыру бойынша бекітілген жоспарына сәйкес 2020 келесі шаралар жүзеге асырылды:

- Өндірістік және қосалқы нысандарда шамдарды жарықдиодты шамдарға алмастыру жұмыстары

жалғасты. 2020 жылы шамдардың 683 данасы ауыстырылды. Шамдарды ауыстырудан электр энергиясын үнемдеудің есептелген көрсеткіші шамамен 132 950 кВт*сағ құрады.

- Жанармай газын есепке алуды жақсарту, соның ішінде өлшеуіш құралдарын орнатуға дайындық жұмыстары жүргізілді.

¹⁴ Деректер көзі – Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жылдық есептері – «Қоршаған орта қызметінің көрсеткіштері – 2019».

ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 12

КПО «ТАБИҒАТТЫ ҚҰРМЕТТЕУ» ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ НАСИХАТТАЙДЫ

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

Компания «жасыл кеңсе» қағидаттарын енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Жасыл кеңсе – бұл қызметкерлер ресурстарды үнемді пайдаланатын, қоршаған ортаға қамқорлық жасайтын және экологиялық сананы насихаттайтын кеңсе.

Мақсаты:

Ұзақ мерзімді перспективада біз бұл бастаманы Компанияның кеңселерінде қалдықтардың пайда болуын, электр энергиясы мен суды тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді деп күтеміз.

КПО корпоративті мәдениетіне «жасыл кеңсе» қағидаларын енгізу жұмыста ғана емес, сонымен бірге үйде, жанұя мен достар арасында экологиялық ойлау мен экологиялық таза өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді. Жалпы алғанда, Компания қызметкерлері қоршаған ортаға жауапкершілікпен қараудың үлгісі болып, қоғамға оң ықпал тигізеді деп көзделуде. Компания экологиялық қызметіне қызметкерлердің көбірек санын тартуы КПО компаниясының қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімділік көрсеткіштерінің артуына себептес болады.

Жағдайдың шешімі/ қолданылған әрекеттер:

КПО экология саласы бойынша сауаттылықты арттыру Компанияның ресурстары мен табиғи ресурстарға ұқыпты қарауға, сондай-ақ қызметкерлер арасында жасыл технологиялар мен экологиялық тәжірибелерді енгізуге деген адалдықты арттыруға ықпал ететін басым бағыт ретінде анықтады.

2020 жылы экологиялық хабардардылықты арттыру бойынша өткізілген бір қатар шараға 500-ден астам қызметкер қатысты. Бір қатар шараның ішінде:

- КПО басшылығының қатысуымен өткізілген семинар, онда компанияның экологиялық көрсеткіштерін жетілдірудің мүмкіндіктері, соның ішінде кеңсе кеңістігін көгалдандыру және экологиялық мәдениетті арттыру жөніндегі іс-шаралар талқыланды;
- Эко-жаттықтырушы, мотивациялық спикер, эко-блогер, «Жасыл драйвер. Экологиялық таза өмір салтын ұстанудың коды.» кітабының авторы Роман Саблинді қатысуымен Компания қызметкерлеріне арналған мотивациялық экологиялық тренинг жүргізілді;
- Компания қызметкерлерімен өткізілетін экологиялық семинарлар, онда қызметкерлер әлемдік экологиялық мәселелерді және қоршаған ортаға жағымсыз әсерді төмендетуді және «экологиялық ізді» азайтуға қосатын әр адамның жеке үлесінің рөлін талқылады.

Одан басқа, оң өзгерістердің орын алуына себепші болуға және қызметкерлерді әрекет етуге насихаттауға және жеке адамның және жалпы Компанияның қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайту мақсатында КПО компаниясы өзінің «Жасыл ережелерін» және экологиялық постерлерін дайындап шығарды.

«Жасыл кеңсе» пилоттық жобасы үшін Компанияның екі кеңсесі – Орал кеңсесі және Қарашығанақ бизнес орталығы таңдалды, онда экологиялық белсенділер өз еркімен тренинг өткізіп, қызметкерлер арасында «жасыл» ойлауды насихаттайды.

ТӘЖІРИБЕ ҮЛГІСІ 13

КПО «ЭНЕРГЕТИКА АПТАСЫ»

Мәселенің мазмұны/ қысқаша сипаттамасы:

2020 жылғы 11 мен 17 қараша аралығында Компания Қазақстан Республикасының Энергия үнемдеу күніне орайластырылған КПО Энергетика апталығын өткізді. Осы іс-шара шеңберінде энергияны үнемдеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі саланың кәсіби спикерлерінің қатысуымен бірқатар онлайн форматтағы веб-семинарлар өткізілді, сонымен қатар «Энергия үнемдеу – балалардың көзімен» тақырыбында балалар суреттер байқауы өткізілді.

Мақсаты:

- КПО мен мердігер ұйымдар қызметкерлерінің энергияны үнемдеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өнеркәсіптік кәсіпорындар қолданатын қазіргі тенденциялар, технологиялар мен тәжірибелер туралы хабардарлығын арттыру.


- «Энергия үнемдеу – балалардың көзімен» балалар суреттер байқауы жас ұрпаққа экологиялық сана мен тұрақты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізілді. Байқауға қатысу балаларды энергияны үнемдеу қағидаларын танып білуге ынталандырып, олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік берді.

Жағдайдың шешімі/ қолданылған әрекеттер:

«Энергетика апталығының» вебинарларының тақырыбы кең ауқымды мәселелерді қамтыды: энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саласындағы жобаларды іске асыру тетіктері, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексідегі өзгерістер, «Жасыл кеңсе» қағидаттары, энергияны үнемдеу саласындағы форсайтты зерттеу және цифрландыру және т.б.

Оқыту тренингі ретінде ересек балалар үшін энергетика саласындағы ҚР алдыңғы қатарлы ЖОО және Германия Westküste қолданбалы университеті оқытушыларының қатысуымен келешегі зор оқу бағыттары бойынша қысқаша шолу өткізілді, ал қоршаған ортаны қорғау мұғалімі, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің елшісі жас балалармен «Энергия үнемдеу дегеніміз не және ол неге маңызды?» тақырыбында интерактивті сабақ өткізді.

Мұндай деңгейдегі іс-шараны онлайн форматта өткізудің алғашқы рет өткізілуіне қарамастан, ұйымдастырушылар қатысушылардан көптеген оң пікірлер алды. «Энергия үнемдеу – балалардың көзімен» атты балалар суреттер байқауына КПО қызметкерлері мен мердігерлерінің 100-ден астам балалары қатысты. Байқау жеңімпаздары бағалы сыйлықтармен және алғыс грамоталарымен марапатталды. Іс-шара аясында КПО-ның бас директоры Эдвин Блом энергетикалық менеджмент жүйесінің ISO 50001 стандартына сәйкестігін сертификаттауға үлкен үлес қосқан компания қызметкерлерін марапаттады.



«Энергия үнемдеу - балалардың көзімен» байқауының жеңімпазы Зарина Касым суреті, 9 жас, «Үздік техника» номинациясы

СУ ҚОРЛАРЫН ТҰТЫНУ ЖӘНЕ СУ ТАРТУ

Компания міндеті – су қорларын сақтау мақсатында оларды тиімді пайдалану. КПО кәсіпорындағы ауыз суды пайдалануды су қорларын сақтау бойынша шаралар кешені арқылы реттейді және мүмкіндігінше тазартылған суды қайта пайдаланады.



34-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз GRI 103-2

2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 ж. міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
САРҚЫНДЫ СУЛАР			
ГКДҚ-3 нысанында қабатқа айдалатын өндірістік сарқындардағы H ₂ S құрамын 50 мг/дм ³ дейін азайту жабдығының жобасын дайындау, құрылысын аяқтау және іске қосу.	Орындалды	ГКДҚ-3 техникалық суын ҚӨК конденсат құбырына қайта бағыттау арқылы айдалатын сарқынды сулардағы күкіртсутек концентрациясын азайтуға бағытталған ГКДҚ-3 нысанындағы техникалық су таратқыштың қосқышын орнату бойынша жоба әзірленді. Жобалық шешімдер іске асырылды. 2020 жылдың аяғында қосқыш пайдалануға берілді	
	Жаңа міндет		№ 2 жер асты көму полигонында айдау көлемін ұлғайту бойынша жоспарланған геологиялық есепті рәсімдеп, толық барлау жұмыстарын аяқтау

2020 жылы Компанияның жалпы су тұтыну мөлшері 470 601 м³ құрады, оның 388 172 м³ – техникалық су, ал 82 429 м³ – ауыз су болды. **GRI 303-3, 303-5**

2020 жылы КПО 2019 жылмен салыстырғанда 10,6%-ға аз су тұтынды. Тұрмыстық қажеттіліктер үшін қолданылған су көлемі де 2019 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда аз болды. Суды тұтынудың төмендеуі бұрғылау бағдарламасының қысқаруымен байланысты болды. Осы орайда бұрғылау ерітінділерін дайындау үшін Экоорталық суды аз мөлшерде қолданды.

Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік мақсаттарға қажетті сумен қамтамасыз етуші негізгі көз Қоншыбай жырасындағы № 1 су қоймасы, ал шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін Жарсуат тоғаны болып табылады. Шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктеріне сумен қамтамасыз ету көзі ретінде Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы (МАС) үшін Серебряков су тоғаны, ал Атырау терминалы МАС үшін Қиғаш су тоғаны пайдаланылады.

23-сызба. 2018–2020 жж. КПО-ның су қорларын тұтыну мөлшері GRI 303-3



Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 22.12.2014 жылғы (№ 325) қаулысына сәйкес Қоншыбай жырасы балық-шаруашылығы су қоймаларының тізіміне кірмейді. Қоншыбай жырасы жерасты суларымен қоректенбейді, ол көктемгі еріген қар мен жауған жаңбырдан толып отырады. Өндірістік мақсаттардағы суды арнайы пайдаланудың қолданылу мерзімі 24.05.2025 ж. дейінгі рұқсаттамасына сәйкес Қоншыбай жырасынан жыл сайынғы су тұтыну шегі 741 432 м³ құрайды. Бұл рұқсат «Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесімен берілді. **GRI 303-1** Қоншыбай жырасындағы № 1 су қоймасын пайдалану суды тұтыну оңтайлы тәртібін қамтамасыз етуге, құрылыстарды жарамды күйде ұстауға, қоршаған ортаны қорғауға бағыт-

талған пайдалану ережелеріне және су қоймасының гидротехникалық құрылыстарын қауіпсіз пайдалану, техникалық қызмет көрсету жөніндегі технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

Басқа су тоғандарынан суды пайдалану су жеткізушілермен жасалған шарт негізінде жүргізіледі. **GRI 303-5**

Ауыз су Компания нысандарының шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылады. Үлкен Шаған мұнай айдау станциясында ауыз су «Қазводхоз» РМК БҚО филиалымен қамтамасыз етіледі, және сумен жабдықтаудың балама көздерінің болмауына байланысты өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өрт резервуарларын толтыру мақсатында ғана қолданылады.

35-кестеде КПО-ның су көздері бойынша суды тұтыну мөлшері көрсетілген.

35-кесте. 2018–2020 жж. КПО-ның су көздері бойынша суды тұтыну мөлшері м³ **GRI 303-3, 303-5**

№	Су көздері	Нысан	Су сапасы	2018	2019	2020
1	Жарсуат су тоғаны (тұрмыстық қажеттіліктерге)	ҚМГКК	жер асты, ауыз су	92 888	91 851	80 957
2	Серебряков су тоғаны	Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы	жер асты, ауыз су	1 476	1 605	1 472
	тұрмыстық қажеттіліктерге			980	924	938
	өндірістік қажеттіліктерге			496	681	534
3	Қоншыбай жырасының су тоғаны (өндірістік қажеттіліктерге)	ҚМГКК	жер үсті, техникалық су	417 232	431 616	384 453
4	Қиғаш су тоғаны	Атырау мұнай айдау станциясы	жер үсті, техникалық су	3 545	2 781	3 719
	тұрмыстық қажеттіліктерге			933	777	759
	өндірістік қажеттіліктерге			2 612	2 004	2 960

Ескерту: суды тұтыну көлемінің есебі есептеу аспаптары арқылы жүргізіледі, олардың деректері есепке алу журналына енгізіледі және одан әрі КПО тұтынатын суды есепке алу дерекқорына енгізіледі.

Тазартылған сарқынды суларды төгу **GRI 303-2**

Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық суды жинау үшін, өндірістік-нөсерлік және нөсерлік сарқынды суларды әкету үшін Компания арнайы салынған жасанды құрылыстарды пайдаланады. Бұл құрылыстар топырақ және жер асты суларына ластаушы заттардың жайылуын болдырмайды, сонымен қатар техникалық қажеттіліктерге қайта пайдалану үшін тазартылған сарқындарды жинауға, осы арқылы жаңа судың шығынын азайтуға мүмкіндік береді. Сарқынды суларды жинау құрылыстары түрлері 2018 жылғы тұрақты даму есебінде берілген (40-кесте, 105-бет).

Көмірсутекті шикізатпен бірге өндірілетін ілеспе-қабат сулар және өндірістік сарқындар тазартылып, өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көмудің №1 және

№2 полигондарының тереңде орналасқан жерасты деңгейжиектеріне айдалады. Өнеркәсіптік сарқындарды көму әдісі – тазарту кезінде тұзды қалдықтардың жер бетінде пайда болуынсыз сарқындарды өңдеудің әлемдік тәжірибесі. Деңгейжиектердің берік оқшаулануы және сарқындарды айдауға өте қолайлы болып табылатын жыр қыртысының қасиеттері сарқындардың жоғарғы деңгейжиектерге көшуін болдырмайды.

Сарқынды суларды және ластаушы заттарды төгудің көлемі ҚР Заңнамасы талаптарына сәйкес Компанияның жобалық құжаттамасында есептеледі және негізделеді, арнайы рұқсаттармен мөлшерленеді. КПО-ның шаруашылық және өндірістік қызметі нәтижесінде пайда болатын сарқынды сулар табиғи су қоймаларына төгілмейді.

36-кестеде сарқынды су санаттары мен қабылдаушы нысандар бойынша КПО-ның 2018–2020 жж. төгу көлемдері келтірілген.

36-кесте. Сарқынды су санаттары мен қабылдаушы нысандар бойынша 2018–2020 жж. жалпы төгінділер көлемі мен құрамындағы ластаушы заттар (ЛЗ), м³ GRI 303-4

Қабылдаушы нысан	Сарқынды сулар санаты	2018		2019		2020	
		Төгінділер көлемі, м ³	ЛЗ көлемі, тонна	Төгінділер көлемі, м ³	ЛЗ көлемі, тонна	Төгінділер көлемі, м ³	ЛЗ көлемі, тонна
Су жинақтауыш тоғандар	Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық сарқынды сулар	68 752	38,8	68 763	35,72	64 244	34,38
Өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көму полигондары	Өндірістік-нәсерлік сарқынды сулар, технологиялық және ілеспе-қабат сарқынды сулар	663 706	42 240	628 819	39 645	694 893	45 970
Үлкен Шаған және Атырау МАС-дағы жер рельефі	Еріген қар және жаңбырдың сарқынды сулары	2 694	1,51	3 546	2,05	1 982	1,56
Төгінділердің жалпы көлемі		735 152	42 280	701 128	39 683	761 119	46 006

Ескерту: Су төгінділері көлемінің есебі есептеу құралдары арқылы жүргізіледі, олардың деректері есепке алу журналына енгізіледі және бұдан әрі КПО тұтына-тын суды есепке алу дерекқорына енгізіледі. Ластаушы заттар төгінділерінің саны есептік әдісімен шығарылады, яғни төгіп тастау алдындағы ластаушы заттың нақты шоғырлануы мен төгіндінің нақты көлемінің көбейтіндісі.

2020 жылғы сарқынды су төгінділерінің көлемі 2019 жыл-мен салыстырғанда 8,6%-ға көбейді. Соның ішінде 2020 жылдағы өнеркәсіптік сарқындардың көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 10,5%-ға өсті. Өндірістік сарқындар көлемінің өсуі ілеспе-қабат сарқынды су көлемінің өсуімен байланысты. Тазартылған сарқынды сулар түрлері мен құрамындағы ластаушы заттар тура-лы толық мәлімет 2017 жылғы тұрақты даму есебінде (93-бет) берілген.

2020 жылы ластаушы заттардың 46 006 тоннасы төгілді (2019 жылғы 39 683 тонналық көрсеткішпен салыстыр-ғанда 15,9%-ға артық). Оның ішінде 45 961 тонна рұқсат етілген шекті төгінді (РШТ) нормативтері шегінде, ал 45 тонна – одан тыс төгілді.

Ластаушы заттардың нормативтен тыс төгінділері өндірістік сарқындарды жерасты көмудің № 1 және № 2 полигондарына төгілетін сарқынды сулардағы сульфид-тер бойынша жылдық РШТ нормативтерінен болмашы асып кету нәтижесінде болды. Жинақтауыш тоғандарға шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар бойынша ластаушы заттардың нормативтен тыс төгінділері бай-қалған жоқ. ҚР салық заңнамасы талаптарына сәйкес пайда болған нормативтік және одан артық ластаушы заттар төгінділері үшін Компания қажетті төлемдерді жасады.

Жалпы алғанда, сарқындар тереңде нық оқшауланған жерасты деңгейжиектерге айдалғандықтан, осы әре-кет топырақ, өсімдіктер және жануарлар әлемі сияқты

қоршаған орта компоненттеріне әсер етпейді. Бұл дең-гейжиектердегі сулар жоғары минералданған және ша-руашылық-ауыз су, бальнеологиялық және техникалық қажеттіліктер үшін, суару және мал шаруашылығы үшін қолданылмайды.

Тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану GRI 303-3 (2016)

Бұрғылау, бұрғылау ерітіндісін дайындау, екпе ағашта-рын суару, құрылыс алаңдарындағы және жолдардың шаңын басу сияқты жұмыстарға және әрекеттерге арналған табиғи су алуды азайту мақсатында КПО тазартылған тұрмыстық, өндірістік-жаңбырлық және нәсерлік сарқынды суларды пайдаланады. Сарқынды суларды Компания нысандарында қайта пайдалану 2018–2022 жылдарға белгіленген технологиялық регла-ментке сәйкес жүзеге асырылады.

2020 жылы КПО-ның техникалық қажеттіліктеріне қайта пайдаланылған сарқынды су көлемі Коншыбай жырасынан алынған техникалық судың 4,8%-ын құра-ды. 2020 жылы Компания техникалық қажеттіліктерге тазартылған сарқынды сулардың 18 313 м³ қайта пайда-ланып, олардың негізгі көлемін шаң басу үшін жұмсады. 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда көлемдердің азаюы ҚМГКК-да бұрғылау бағдарламасының қысқа-руымен және бұрғылау ерітінділерін дайындаудың қа-жетсіз болғанымен байланысты. 37-кестеде тазартылған сарқындарды пайдаланумен жұмыс түрлері келтірілген.

37-кесте. 2018–2020 жж. тазартылған сарқындарды қайта пайдалану, м³

	2018	2019	2020
Жалпы қайта пайдалану, соның ішінде:	18 241	38 545	18 313
Бұрғылау қажеттіліктері мен бұрғылау ерітіндісін дайындауға	8 825	30 117	3 482
Суару, гидросынау және өрт резервуарларын толтыруға	1 040	1 088	335
Шаң басуға	8 376	7 340	14 496

Ескерту: қайта пайдаланылған су көлемін есепке алу бақылау талонын толтырып, жанама әдіспен м³-де (мотосағаттар, автоцистернаның көлемі, рейстер саны, сорғылардың өнімділігі және т.б.) белгіленеді және деректер есепке алу журналына енгізіледі.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

КПО-дағы қалдықтарды басқару іс-әрекеті түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қаупін азайтуға бағытталған. Біз әрдайым қалдықтарды басқару саласындағы жаңа әдістер мен технологияларды зерттейміз және қолданамыз.

Міндетіміз – нысандарымыздағы қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату, полигондарға шығарылатын қалдықтар көлемін және көмілген қалдықтардың кері әсерін азайту.

**38-кесте. Қалдықтарды басқару саласындағы міндеттеріміз GRI 103-2**

2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
2018–2020 жылдарға арналған қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасына сәйкес 2020 жылға жоспарланған шараларды жүзеге асыру	Орындалды	Айналмалы пештің жоспарланбаған жөндеуге тоқтауына байланысты онда қатты қалдықтарды ішінара қайта өңдеуді қоспағанда, жыл бойы 2020 жылға жоспарланған барлық іс-шаралар, соның ішінде қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау, қайта пайдалану, қайта өңдеу, көлемін азайту және қауіпті қасиеттерін төмендету жүзеге асырылды.	2021–2023 жылдарға арналған қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасына сәйкес 2021 жылға жоспарланған шараларды жүзеге асыру
Сазды бұрғылау шламның жартылай өндірістік сынақтан өткізу жұмыстарын орындау	Кейінге қалдырылды	Коронавирус індеті бойынша қалыптасқан жағдайға, ҚМГКК-да бұрғылау бағдарламасының қысқаруына және сазды шламның қажетті көлемінің болмауына байланысты жартылай өндірістік сынақтар бойынша жұмыстарды орындау 2022 жылға қалдырылды.	

КПО шикізатты өндіру, дайындау және тасымалдау процестері, сондай-ақ арнайы жабдықтарды, материалдарды және осыған қажетті басқа да ресурстарды пайдалану қалдықтардың пайда болуымен байланысты.

КПО қабылдайтын түзілген қалдықтардың көлемін қысқарту бойынша шаралары, қалдықтарды жинау және сақтау, оларды жинау және тасымалдау кезінде экологиялық қауіпсіздік қағидаларын сақтау, қалдықтарды сұрыптау, қайта пайдалану, қайта өңдеу және қауіпті қасиеттері мен көлемін азайту бойынша шаралары, оларды ҚО үшін қауіпсіз көму адамдарға және қоршаған ортаға теріс әсерін едәуір азайтуға ықпал етеді. **GRI 103-2, 306-1**

КПО-ның 2018–2020 жылдарға арналған қалдықтар мәселесін басқару бағдарламасында жинақталған және түзілетін қалдықтардың көлемі мен қауіпті қасиеттер деңгейін біртіндеп азайту бойынша көрсеткіштер мен шаралар қарастырылған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады:

- қалдықтарды өндіріс үдерісіне қайта жіберу;
- қалдықтарды Экоорталық қондырғыларында қайта өңдеу;
- қалдықтарды Экоорталық нысандарына орналастыру;

- қалдықтарды кейінгі орналастыру, қайта өңдеу және жою үшін мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға жіберу. **GRI 306-7**

2020 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 33 178 тоннаны құрады. 2019 жылмен салыстырғанда КПО-ның 2020 жылғы қалдықтар көлемі 24 608 тоннаға азайған. 24-сызбада КПО қалдықтарының барлық түрлері көрсетілген.

Біріңғай республикалық қалдықтар бойынша есеп берудің ақпараттық жүйелер формасына сәйкес 2020 жылғы түзілген қалдықтардың жалпы көлеміне түзілген қалдықтар, сондай-ақ қайта өңделген қалдықтар да жатады.

24-сызба. 2018–2020 жж. КПО нысандарындағы түзілген қалдықтар мөлшері, тонна **GRI 306-3**



Қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыру **GRI 306-2, 306-4, 306-5**

Компанияның өндірістік және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу қалдықтарды кәдеге жарату кешені және Экоорталық нысандарында жүргізіледі. Бұл нысан қатты қалдықтар мен сұйықтықтарды тиімді және экологиялық қауіпсіз кәдеге жарату мен қайта өңдеуді қамтамасыз етеді, және Батыс Қазақстан аймағындағы бұрғылау қалдықтарын басқаруда озық практиканың анық мысалы болып есептеледі. Бұрғылау қалдықтарды қайта өңдеу қалдықтардың көлемін азайтуға және қауіп төмендетуге мүмкіндік беретін, сонымен қатар қалдықтардан құнды бөлшектерді бөліп алатын, және оларды қайта пайдалану үшін өңдей алатын технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Компанияда қолданылатын қалдықтарды өндіріс процесіне қайтару түзілген қалдықтарды қайта пайдаланудың оңтайлы әдісі.

КПО Экоорталығында қалдықтарды өңдейтін бес қондырғы және оларды қауіпсіз орналастыру полигоны бар:

1. Шламды термомеханикалық тазалау қондырғысы (ШТТҚ),
2. Айналмалы пеш (АП),
3. Жалпы мақсаттағы пеш (ЖМП),
4. Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы (СҚТҚ),
5. Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы (ҚСК).

2020 жылы Экоорталықта келесі шаралар жүзеге асырылды:

- Мұнай негізіндегі қайта өңделген бұрғылау шламдарынан базалық май мен суды бөлу технологиясы көмегімен 2020 жылғы КПО-ның қалдықтарды орналастыру мөлшері бастапқы түзілген көлемнен 7%-ға азайды.
- 2020 ж. 8 571 тонна қалдық өңделіп, 1 195 тонна базалық май мен су бөлініп алынды және термомеханикалық өңдеуден өткен 7 227 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонында жинақталды.
- Бұрғылау және өндіріс қалдықтарын айналмалы пеште өңдеу және залалсыздандыру технологиясын қолдану нәтижесінде қалдықтардың мөлшері бастапқы түзілген көлемнен орташа есеппен 24%-ға төмендеді. 2020 жылы 4 600 тонна бұрғылау мен өндіріс қалдықтары өңделіп, термомеханикалық өңдеуден өткен 3 504 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонында орналастырылды.
- Қалдықтарды жалпы мақсаттағы пеште жағу нәтижесінде пештен шығу кезіндегі қалдықтар көлемі 90%-ға қысқарды. 2020 жылы 772 тонна қалдық жағуға жіберіліп, кейін 73 тонна күл қатты қалдықтарды көму полигонында орналастырылды.

- 2020 ж. 6 603 тонна сұйық қалдықтар өңделді. Өңделгеннен кейін қайта пайдалану үшін, яғни тұздықтар мен бұрғылау ерітінділерін дайындау үшін 2 052 тонна тұздықтар мен ерітінділер тазартылды.
- 2020 ж. 1 093 тонна қатты тұрмыстық қалдықтың 770 тоннасы жалпы мақсаттағы пеште жағуға жіберілсе, қалдықтардың 142 тоннасы, оның ішінде макулатура, метал сынықтары, әйнек пен пластик мамандандырылған ұйымдарға қайта өңдеу және қайта пайдалану мақсатында жіберілу үшін сұрыпталды. Қатты тұрмыстық қалдықтың 320 тоннасы қатты тұрмыстық қалдықтарды көму полигондарында орналастыру үшін мамандандырылған ұйымдарға берілді.
- 2020 ж. аяғында қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында 12 ұяшық жабылды.

2020 жылы Компания ескі қатты қалдықтарды сақтау алаңында жиналған қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау сұйықтарын сақтау алаңынан қалдықтарды алу, оларды шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысы мен айналмалы пеште өңдеп, кейін қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында орналастыру жұмыстарын жалғастырды. Қалдықтарды полигонда орналастыру ҚР экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2020 жылы қатты қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау сұйықтықтарын сақтау алаңынан қайта өңдеуге 1 220 тонна жіберілген (2019 ж. 3 777 тонна). 2021 ж. қалдықтарды алаңнан алып, кейінгі қайта өңдеу жоспарланған. **GRI 306-4**

39-кестеде 2020 жылғы Компанияның қалдықтарды өңдеу тәсілдері көрсетілген.

39-кесте. 2020 ж. КПО-ның қалдықтарды өңдеу тәсілдері, тонна **GRI 306-3, 306-5**

№	Қалдықтармен жұмыс істеу әдістері	Қауіпті түзілген қалдықтар	Қауіпсіз түзілген қалдықтар	Коммуналдық қалдықтар	БАРЛЫҒЫ
1	Кәсіпорында 2020 жыл басындағы көлемі	339 835	946	0	340 781
2	Есептік жыл ішінде түзілген көлемі	29 378	2 717	1 083	33 178
3	Кәсіпорында қайта пайдаланылған көлемі	2 762	0	0	2 762
4	Кәсіпорын қондырғыларында қайта өңделген көлемі	17 260	94	894	18 247
5	Энергия алмай жалпы мақсаттағы пеште жағу көлемі	2	0	770	772
6	Кәсіпорынның қалдықтарды орналастыру нысандарында орналастырылған және көмілген көлемі	12 665	0	0	12 665
7	Мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға берілген көлемі	1 554	3 566	380	5 500
8	Кәсіпорында 2020 ж. аяғындағы мөлшері	341 416	3	0	341 419

Ескерту: қалдықтардың тоннамен саны Экоорталықтың таразында оларды қайта өңдеуге, сұрыптауға, жоюға, көмуге және басқа да операцияларға әкету алдында қалдықтардың әрбір партиясын өлшеу жолымен айқындалады. Қалдықтардың мөлшері жөніндегі деректер жүк ілеспе құжаттарына (бақылау талондары, қабылдау-тапсыру актісі) енгізіледі және кейін Компанияның қалдықтарды есепке алу дерекқорына енгізіледі.

Компания қалдықтарының басым бөлігі ұңғымаларды бұрғылаудан және жөндеуден түзіледі. Бұл ретте, қолданылатын бұрғылау ерітіндісі түріне байланысты су немесе мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау шламы түзіледі. 2020 жылы түзілген қатты және сұйық бұрғылау қалдықтарының көлемі 14 051 тоннаны құрады (қайта өңдеуге дейінгі бастапқы түзілген қалдықтар көлемінің 70%-ы).

40-кестеде бұрғылау қалдықтарының негізгі түрлері, оларды өңдеу әдістері бойынша бөлініп көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, тек су негізіндегі ерітінділер мен шлам орналастырылады. Мұнай негізіндегі бұрғылау шламы алдын ала өңделіп, құрамынан мұнай негізі алынып тасталғаннан кейін көмуге жіберіледі.

40-кесте. 2018–2020 жж. өңдеу әдістеріне қарай ұңғымалық операциялар қалдықтары 06-7

№	Қалдық түрі	Түзілген қалдықтар, тонна			Өңдеу тәсілі
		2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	
1	Пайдаланылған су негізіндегі бұрғылау ерітінділері	324	427	4 125	Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
		1 251	1 014	1 020	Орналастыру
2	Су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдықтары	546	925	533	Көму
		–	182	0	Айналмалы пеште термиялық өңдеу, СҚТҚ-да қайта өңдеу
3	Пайдаланылған мұнай негізді бұрғылау ерітіндісі	1 618	2 676	818	Қалдықтарды термомеханикалық тазалау қондырғысында (ШТТҚ) және сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
4	Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау қалдығы	8 049	9 022	5 316	Мұнай негізі мен суды алумен және қатты бөлігін кейінгі көмумен ШТТҚ-да қайта өңдеу, айналмалы пеште термиялық өңдеу
5	Пайдаланылған тұздықтар	6 309	4 866	1 932	ШТТҚ және СҚТҚ қайта өңдеу, айналмалы пеште термиялық өңдеу
		578	2 837	296	Орналастыру
6	Мұнайлы қалдықтар	7	44	11	Айналмалы пеште термиялық өңдеу

Келісімшарттар талаптарының шеңберінде Компания қалдықтардың бір бөлігін кәдеге жаратуға мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға береді. Олар КПО-дан қабылданған қалдықтарды әрі қарай өңдеу әдістерін өздері анықтап, тоқсан сайын қалдықтарды орналастыру бойынша үшінші тараптарға есеп береді. Қалдық түріне байланысты мамандандырылған ұйымдар қалдықтарды кейін тұтыну тауарларын дайындауға қайта өңдеуге, сондай-ақ сынаптан арылту, регенерация, термиялық өңдеу, ертеу, физикалық және химиялық өңдеу, және құрамдас бөліктерге бөлшектеп, мүдделі кәсіпорындарға қайталама шикізат ретінде пайдалануға жібереді.

Полигонда пластмасса, пластик, полиэтилен қалдықтарын және полиэтиленерефталатты қаптаманы, макулатураны, картонды, қағаз қалдықтарын, әйнек сынықта-

рын орналастыруға тыйым салатын 01.01.2019 жылғы ҚР Экологиялық кодексінің 301-бабының күшіне енуіне байланысты мердігер ұйымының қатысуымен Компания офис ретінде пайдаланатын ғимараттарда аталмыш қалдықтарды сұрыптауды және бөліп жинауды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Кейін бұл қалдықтар қайталама шикізат ретінде пайдалану үшін мамандандырылған кәсіпорындарға жіберіледі.

2011 жылдан бастап 2020 жылдың аяғына дейін макулатураны бөліп жинау нәтижесінде шамамен 640 тонна өнім жиналып, тұтыну тауарларын дайындау үшін жергілікті кәсіпорындарға берілді.

Компанияның барлық кеңселерінде пайдаланылған батареяларды бөліп жинау ұйымдастырылған. 2020 жылы 118 кг батареялар жиналған.

БИОТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ

КПО өз өндірістік қызметтерін биотүрлілікке және экожүйелерге барынша аз әсермен жүргізу міндет-месіне сәйкес жүргізіп келеді. Сондай-ақ Компания қызмет жүргізіп жатқан аймақта биотүрлілікті зерттеу бойынша жұмыстар жүргізуге жауапкершілік алған.

Кен орны аумағындағы биотүрлілікке әсер етуді азайту мақсатын ұстана отырып, 2011 жылдан бері КПО компаниясы Биотүрлілікті сақтау шаралар жоспарын (БСШЖ) әзірлеп, оны іске асырып келеді. Аталмыш жоспар ESHIA 1.3.1.47 стандартында және IPIECA мен IOGP қауымдас-тықтарының «Мұнайгаз өнеркәсібі үшін биотүрлілікті сақтау шаралары бойынша нұсқаулықта» қарасты-рылған әдістемеге сәйкес әзірленеді. Жоспар биотүр-

лілікпен және экожүйелік қызметтермен байланысты қызметтік қауіп-қатерлердің алдын алу және мүмкінді-гінше артықшылыққа айналдыру мақсатында оларды анықтауды қарастырады.

Биотүрлілікті сақтау шаралар жоспарын іске асыру КПО өндірістік қызметін іске асыру кезінде биотүрлілікті сақтау және қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне кешенді, үйлестірілген және дәйекті тәсілді қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Компания 2018–2020 жылдарға БСШЖ-да жоспарланған іс-шаралар көлемін толығымен орындады.



41-кесте. Биотүрлілікті сақтау саласындағы міндеттеріміз GRI 103-2

2020 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2020 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2021 жылға қойылған міндеттер
2021–2023 жылдарға арналған Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспарын әзірлеу	Орындалды	2021–2023 жылдарға арналған БСШЖ геоақпараттық жүйені құру және сыртқы мүдделі тараптармен белсенді өзара әрекет ету жөніндегі міндеттерді қоса алғанда әзірленді және толықтырылды.	Негізгі және сирек кездесетін түрлерді қоса алғанда жануарлар дүниесіне мониторинг жүргізу
ҚМГКК энтомофаунасына мониторинг жүргізу	Орындалды	Энтомофаунаның мониторингі 2020 жылдың 26 маусымы мен 6 шілдесі аралығында жүргізілді	

ҚМГКК БИОТҮРЛІЛІГІН БАҚЫЛАУ GRI 304-2

2011 жылдан бері Қарашығанақ кен орнының өсімдік және жануарлар әлеміне тұрақты түрде жүргізілетін мониторинг барысында КПО өндірістік қызметінің флора мен фауна өкілдерінің мекендеу ортасына айқын кері ықпалы байқалмаған. Керісінше ауыл шаруашылығы жұмыстарының болмауы, аймақты жалпы қорғау және адамдардың мазалау факторының мүлдем дерлік бол-мауы кен орнында жергілікті флора мен фаунаға жағым-ды, әрі сирек кездесетін түрлердің сақталуына себептес болатын орта қалыптасты.

2020 жылғы энтомофаунаға мониторинг. 2020 жылдың 26 маусымы мен 6 шілдесі аралығында кен орнының энтомофаунасына мониторинг жүргізілді.

Энтомофауна мониторингінің мақсаты оның түрлік құрамы мен әртүрлілігін зерттеу, сондай-ақ осы ау-мақта биотүрлілікті сақтау мақсатында Компанияның қызметін түзету үшін ҚМГКК қызметімен байланысты қандай да бір елеулі, өлшенетін өзгерістердің болуын анықтау.

2020 жылы жүргізілген Энтомологиялық зерттеулер барысында ҚМГКК 20 мониторингтік алаңдарында 2 класқа, 14 отрядқа, 103 тұқымдасқа және 290 түрге жататын жәндіктер мен өрмекшітәрізділердің 349 түрі немесе кіші түрлері анықталды.

Энтомофаунаның түрлік әртүрлілігі 25-сызбада келтірілген.

25-сызба. 2020 жылғы энтомологиялық зерттеулердің нәтижелері



Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілмеген бір түрі – *Ipliclides podalirius* L. көбелегі саны қысқарған түр ретінде сипатталады.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша, қазіргі уақытта энтомофаунаға әсер ететін ең маңызды антропогендік факторлар тек жайылым мен дала өрттері болып табылады.

2021–2023 жылдарға арналған биотүрлілікті сақтау шаралар жоспары

Энтомофауна мониторингімен қатар 2020 жылы 2021–2023 жж. арналған биотүрлілікті сақтау шаралар жоспары әзірленді.

ҚМГКК аумағында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жәндіктердің үш түрі анықталды (Қазақстанның Қызыл кітабы, 2006 ж.):

Әмірші инелік
(*Anax imperator* Leach)



Қысқа қанатты Боливария
(*Bolivaria brachyptera* Pall)



Дала Сколиясы
(*Scolia hirta*)



ҚМГКК өндірістік қызметінің энтомофаунаның түрлік және сандық құрамына қандай да бір елеулі әсері анықталған жоқ.

КПО нысандарын пайдалану процесінде осы кезеңде биотоптарға ешқандай елеулі теріс әсер ету жоспарланбаған, демек, энтомофаунаға әсер ету маңыздылығы төмен шектерде болады деп күтілуде. Дегенмен, энтомофауна жағдайының динамикасы БСШЖ бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде бақыланатын болады.

42-кесте. 2021–2023 жж. арналған биотүрлілікті сақтау шаралар жоспары GRI 103-2

Кезеңі	Жұмыс көлемі	Мақсаты
2021	Негізгі және сирек кездесетін түрлерді қоса алғанда жануарлар әлемінің мониторингі	Соңғы зерттеулермен салыстырғанда ҚМГКК қызметі нәтижесіндегі ластаушы заттар шығарындыларынан туындаған экожүйелерде өзгерістердің бар-жоғын анықтау
2022	Өсімдіктер мониторингі	Соңғы зерттеулермен салыстырғанда ҚМГКК қызметі нәтижесіндегі ластаушы заттар шығарындыларынан туындаған экожүйелерде өзгерістердің бар-жоғын анықтау
2023	Геоақпараттық жүйеде (ГАЗ) экожүйелер картасын жасап, әртүрлі жылдардағы қашықтықтан зондтау деректерін дешифрлеу	ҚМГКК СҚА шекараларында және іргелес аумақтарда дала учаскелерінің кеңістікте бөлінуінің өзгеруіне мониторинг жүргізу
	Геоақпараттық жүйені құру	ҚОҚ мен биотүрліліктің өзгеруі туралы жедел мәліметтер алу үшін биотүрлілік жөніндегі геоақпараттық жүйені құру
	ҚМГКК аумағының биотүрлілігі бойынша фильм түсіру	Биотүрлілікті сақтау қажеттілігі туралы хабардарлықтарын арттыру мақсатында жергілікті халықпен және билік органдарымен белсенді өзара әрекеттесу
2021 – 2023	Биотүрлілік жөніндегі ақпараттық парақтарды басып шығару	Биотүрлілікті сақтау қажеттілігі туралы хабардарлықтарын арттыру мақсатында жергілікті халықпен және билік органдарымен белсенді өзара әрекеттесу

A stylized illustration of a forest with tall, thin trees and various animals. In the foreground, there are yellow leaves and a blue animal. In the middle ground, there are white diagonal lines representing a path or a fence. In the background, there are more trees and animals, including a blue animal and a green animal. At the bottom right, there is a brown animal with a flag on its back.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

Жеткізілімдерді ұйымдастыру	105
Жергілікті қамтуды дамыту	106
Әлеуметтік инфрақұрылымға үлес	108

ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ GRI 102-9, 102-44

КПО өз қызметін этикалық нормаларға және барлық тиісті заңдар мен ережелерге сәйкес жүргізуге міндеттенеді. Сондықтан КПО жоғары стандарттарды ұстанатын, сондай-ақ жеке және өндірістік қауіпсіздікті, этика мен нормаларды сақтауға және орнықты өсуге қатысты міндеттемелерді көрсететін жеткізушілермен және мердігерлермен шарттық қарым-қатынас жасасады. Осы іргелі қағидаттарымыз келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін келісімшарттық жұмыс және сатып алу процесінің әр кезеңіне енгізіледі және бағаланады.


2020 жылы КПО жеткізушілермен және мердігерлермен 500-ден астам келісімшарт және келісімшартқа қосымшалар жасасты, оның ішінде 80%-ы жергілікті кәсіпорындар.

26-сызба. 2017–2020 жж. КПО жеткізушілері және мердігерлері



2020 жылы КПО тауарларды жеткізу бойынша құны шамамен 180 млн АҚШ долларын құрайтын 800-ге жуық келісімшарттар мен келісімшарттарға қосымшаларға және қызметтер көрсету бойынша құны шамамен 880 млн АҚШ доллары болатын 700-ге жуық келісімшарттар мен келісімшарттарға қосымшаларға қол қойды.

27-сызба. 2017–2020 жж. келісімшарттар мен келісімшарттарға қосымшалар құны (АҚШ долл.)



Біз келісімшарттар мен сатып алу қызметтерін заңнамаға және Қарашығанақтың басқару бойынша бірлескен комитетінің Қарашығанақ жобасы бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды реттейтін тендерлік процедураларына сәйкес жүргіземіз.

2020 жылдың сәуірінде КПО «Жаңа тендерлік процедураларды» қабылдады. Процедуралар электрондық құжаттармен алмасу мен оларды өңдеуге, соның ішінде тендер құжаттарын қабылдау мен оларды бағалауға мүмкіндік берді. Бұл әрекет, өз кезегінде, COVID-19 пандемиясы кезіндегі әлеуметтік арақашықтық сақтау мен онлайн жұмысқа көшумен байланысты мәселелерді шешті. Тендерлік процедуралардың жаңа нұсқасында ерте тендерлер, сынақ тапсырыстары, инвестициялар үшін келісімшарт ұсыну, конкурстық өтінімдерді шартты төмендету және тек қана қазақстандық компаниялар қатысатын тендерлер арқылы тауарларды Қазақстан Республикасында өндіруді, оның ішінде жергілікті қамтуды дамытуға да басты көңіл қойылады.

Жергілікті ықтимал мердігерлер мен жеткізушілердің бәсекелестікке қабілеттіліктерін арттыруға көмектесу үшін және осындай компаниялар үшін тендерге қатысу құқығынан айыру тәуекелдерін азайту үшін КПО тендер алдындағы әрекеттесудің құрылымданған сессияларын өткізуге баса назар аударды. Осы сессияларда тендерлерге қатысушыларға КПО тендерлік талаптарының нақты түсіндірмелері, сондай-ақ бұл саладағы сабақ болған жағдайлар ақпарат беріледі. GRI 103-2

КПО компаниясы «Атамекен», «KazService» және мұнай-газ секторының басқа да ұйымдарымен және қауымдастықтарымен өткізілетін іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Көптеген сан алуан мүмкіндіктерді пайдалана отырып, КПО өз талаптарын жергілікті нарық қатысушыларына белсенді түрде ұсынып отырады. Компания осы жергілікті нарық қатысушыларының дамуын және өсуін қолдап, соның ішінде тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді халықаралық деңгейде танымал және тәжірибелі жеткізушілерімен ынтымақтастық құру арқылы барынша ынталандырады. Жергілікті қамту бойынша мақсаттарға қол жеткізу КПО-ның Қазақстан Республикасы алдындағы маңызды міндеттемесі болып табылады және КПО оны анық түсінеді.

Қызметін ашық және айқын тәртіпте жүргізетін оператор ретінде КПО сатып алу бойынша өз жоспарларын <https://kpo.kz/kz/zhetkizushilerge/kelisimshart-zhospar> парағында жыл сайын жариялап отырады.

КПО тендерлеріне қатысуға мүдделі ықтимал жеткізушілерге КПО жеткізушілер дерекқорында (толығырақ <https://kpo.kz/kz/КПО> вебсайтында) тіркеліп, өздері туралы ақпаратты жаңартып отыру, немесе Қазақстанның «АЛАШ» біріңғай жеткізушілер дерекқорында тікелей тіркелу ұсынылады. Сонымен қатар КПО ресурстарды іздеу стратегиясына енгізілу үшін ықтимал жеткізушілерге өздерінің біліктілігі мен тиісті жұмыс тәжірибесі туралы сенімді ақпарат беру маңызды.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

GRI 203-2, 102-44

КПО-ның Қарашығанақ жобасындағы «Жергілікті қамту саясатына» сәйкес, 2001 жылдан бері КПО жергілікті қамтуды дамытудың екі жылдық бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асырып келеді.

2020–2021 жылдарға арналған бағдарламаның мақсаттары ҚР машина жасауды дамыту, индустриализациялау және цифрландыру бойынша мемлекеттік бастамаларымен сәйкес келеді. Бұл бағдарлама жергілікті қамтуды дамытуға қатысты мақсаттық салаларды, сонымен қатар қызметті қадағалау және тиімділігін бағалау үшін негізгі көрсеткіштерді анықтайды. **GRI 103-2**

КПО-ның жергілікті қамтуды дамытудағы бастамалары келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік туғызды:

GRI 204-1

- Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесі 2020 жылы 59,3%-ды құрады (586,7 млн АҚШ долларына тең);
- Сатып алудың жалпы көлемінің 33%-ын (оның ішінде жергілікті қамту СТ-КЗ¹⁵ бойынша 16,2%-ды құрайды) құрайтын Қазақстанда өндірілген тауарлар 45,5 млн АҚШ долларына сатылып алынды.

28-сызба. КПО сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті қамту үлесі, 2014–2020 жж. **GRI 204-1**



КПО Қазақстанда өндірілген тауарларды сатып алу бойынша жергілікті қамту үлесінің көбеюіне ерекше көңіл бөледі. Жалпы көрсеткіштердің тұрақты түрде ұлғаюына 2014 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан өндірісті жергіліктендіру шаралары есебінен қол жеткізіледі.

2020 жылы Қарашығанақ жобасына қажетті жылу алмастырғыш, механикалық бөлшектер, тетіктер, баллондарды сақтауға арналған контейнерлер, қырғышты жіберу/қабылдау қондырғысына арналған қосалқы бөлшектер, ауа арқылы салқындатқыштар, каустик сақтауға арналған ыдыстар, компрессор сепараторлары, еңіс пластиналы сепараторлар мен флотацияға арналған ыдыстар секілді тауарларды ҚР-да шығаруға жалпы сомасы 4,3 млн АҚШ долларын құрайтын 20 келісімшартқа қол қойылды. «Қазақстандық тендерлерді» өткізу жергілікті өндірушілер мен жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізеді. 2020 жылы КПО жалпы сомасы 399 млн АҚШ долларын құрайтын 35 қазақстандық тендерді тек қана жергілікті компаниялар арасында өткізді. Нәтижесінде, КПО жалпы құны 1,7 млн АҚШ долларын құрайтын 10 келісімшартты жергілікті компанияларға берді. Қалған келісімшарт бойынша тендерлер жалғасуда.

1997 жылы «ӨБТК-ға» қол қойылғаннан бастап 2020 жылдың аяғына дейін тауарлар сатып алу, жұмыстар мен қызметтер көрсетудегі жергілікті қамтудың жиынтық үлесі 8,2 млрд АҚШ долларынан асты. **GRI 204-1**

КПО өзі орналасқан аймақтың, яғни Батыс Қазақстан обылысы өндірушілерінің тұрақты дамуына мақсатты түрде өз үлесін қосып келеді. Мұнай және газ өнеркәсібіне арналған машина жасауды дамыту бойынша «Ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік меморандумы» аясында КПО «БҚО мұнай-газ өнеркәсібіне машина жасау» кластеріне қатысушы кәсіпорындармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп және оларды тауарларды жеткізуге, жұмыстар мен қызметтер көрсетуге арналған тендерлерде нарықты зерттеуге қатысуға тұрақты түрде шақырады.

Жасасқан келісімшарттар нәтижелерінде 2020 жылы КПО Батыс Қазақстан обылысы кәсіпорындарына тауарлар, жұмыстар және қызметтер жеткізу үшін 318,8 млн АҚШ долларын төледі, мұндағы жергілікті қамту үлесі 226 млн АҚШ долларын немесе 70,9%-ды құрады.

¹⁵ Тауардың Қазақстан аумағында өндірілгенін немесе қайта өңделгенін растайтын сертификат. Бұл сертификат Қазақстан аумағында қолдану үшін арналған, мысалы, жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында немесе Мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде айналысқа арналған.

Жергілікті жеткізушілердің әлеуетін дамыту

GRI 102-44

Бәсекеге қабілетті жергілікті жеткізушілерді тарту мүмкіндігі жергіліктендіруге бағытталған бастамаларды сәтті жүзеге асыруда анықтаушы фактор болып табылады.

2020 жылы 160-тан астам тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізуші қазақстандық компаниялар, сонымен қатар шағын және орта бизнес өкілдері Компания өткізген шаралар мен тренингтарға жұмылдырылды.

2020 жылы КПО Батыс Қазақстан облысының шағын және орта бизнес өкілдеріне арналған бизнесті басқаруда және әртараптындырудағы басты біліктіліктерін дамытуға арналған сынақтық бағдарламаны іске қосты. КПО мен Бөрлі ауданы әкімдігінің бірлескен бастамасы аясында, қызмет түрлері тікелей мұнай және газ өнеркәсібіне қатысты емес 146 шағын және орта бизнес субъектілерінің 150 өкілдеріне мамандандырылған онлайн-семинарлар өткізілді.

